



«ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР»

1937



ДАЛА
ДАНАСЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми ғұмырнамалық серия

ДАЛА ДАНАСЫ

**[Ұлы ойшыл, философ тарихшы, қазақ әдебиетінің классигі
Шәкәрім Құдайбердіұлына арналады]**

АЛМАТЫ, 2009

УДК 82.0

ББК 83.3(5Қаз)

Д–15

Д– 15 Дала данасы: [Ұлы ойшыл, философ тарихшы, кемеңгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі Шәкәрім Құдайбердіұлына арналады] /Құраст.: Н.Қ. Қосаева, А.Бұрыбаева. Бас. ред. ҰҒА академигі К.Нұрпейіс, С.С.Қирабаев; Жауапты ред. К.К. Әбуғалиева. Ред.: Л.Д.Әбенова, Ғ.Ғ.Ысқақова, Е.К.Төрөкұлов. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2009.– 274 б., сур. [«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми ғұмырнамалық серия].

ISBN 978-601-203-044-0

УДК 82.0

ББК83.3(5 Қаз)

4603000000

**Д —————
00(05)09**

978-601-203-038-9

© Орталық ғылыми кітапхана, 2009
© Қосаева Н.Қ., Бұрыбаева А. (құраст)

М А З М Ұ Н Ы

Құрастырушыдан

Нұрпейісов К. Алғы сөз

Ахметов З. Шәкәрім – қазақ әдебиетінің классигі

1 бөлім Шәкәрім Құдайбердіұлының ғұмырнамасынан

Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері

Өмірбаяны, тарихи очеркі

2 бөлім Таңдамалы шығармалары

Қазақтың қайдан шыққаны туралы

Қазақтың түп атасы

Қалқаман-Мамыр

Еңлік-Кебек

Жастарға

Қара сөздер

Қош

3 бөлім Шәкәрім танумұрасы.

Шәкәрім Құдайбердіұлының тәліми көзқарастары туралы бірер сөз

Шәкәрім Құдайбердіұлы және түрікшілдік

Зачатки психологияеской прозы « Әділ-Мария» Ш.Құдайбердиева

Қалқаман и Мамыр поэма

Енлик и Кебек

Небольшое вступительное слово

Сказание об Енлик и Кебеке

Қосымшалар

Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы туралы әдебиеттер

Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының орталық ғылыми
кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер
институтының қолжазба қорында сақтаулы Шәкәрім

Құдайбердіұлының творчестволық мұрасы туралы

Ш. Құдайбердіұлының Орталық ғылыми кітапхана қорында сақтаулы
кейбір сипаттама жазылмаған шығармалары

Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектерінің әліпбилік көрсеткіші

Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектерінің есімдер көрсеткіші

Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектері жарық көрген мерзімді
басылымдардың атаулары

Авторлар туралы мәлімет

Құрастырушыдан

Халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген арыстарымыздың есімін ардақтау мақсатында Орталық ғылыми кітапхана “Ұлы тұлғалар” атты арнайы ғылыми-ғұмырнамалық серия ашып, ұлы тұлғаларымыздың құнды еңбектері мен елеулі істерін паш ететін жинақтар шығарумен айналысып келеді.

“Дала данасы” атты бұл еңбек халқымыздың өмірінде үлкен орын алатын тарихи тұлғалардың бірі Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығына арналған. Жинаққа Ш. Құдайбердіұлының таңдамалы еңбектері және ол туралы шәкәрімтанушылардың ғылыми зерттеулері енгізілген.

Ш. Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу, сол арқылы төл тарихымызды тани түсіп, ұрпақтар бірлігін сабақтастыру – бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселелердің бірі деп білеміз.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: “Ұлы тұлғаларды білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз.

Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын - қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол, ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас бір дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған”, –деп тұлғалардың тарихтан алар орнын көрсетіп берді.

Өткенімізді білмей, болашағымзға болжам жасай алмаймыз. Сондықтан Шәкәрім мұрасын зерделеуге, зерттеуге жастардың талпынысын туғызу, құштарлығын ояту–аға ұрпақтың басты борышы. Себебі, Ш.Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы келешек ұрпақ үшін ескірмейтін рухани мол қазына болып табылады.

Шәкәрім қажының өмірі мен шығармашылығына арналған “Дала данасы” жинағынан кейін де Ш.Құдайбердіұлы туралы кітаптар шығару, ғылыми еңбектер жариялау өз жалғасын табады деп сенеміз.

Бұл ғылыми-ғұмырнамалық серия екі тілде (қазақ және орыс тілдерінде) шығарылып отыр. Ш.Құдайбердіұлының өз қаламынан

шыққан бірқатар таңдамалы еңбектері ұсынылды, ал жинақтың “Шәкәрім мұрасын тану” деп аталатын бөлімінде Ш.Құдайбердіұлының мұрасын зерттейтін ғалымдар мен студенттер, қалың оқырман үшін өте қажетті, құнды материалдар беріліп отыр.

Ғылыми-ғұмырнамалық серияның “Көмекші көрсеткіштер” бөлімінде Ш.Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер әліпби тәртібімен орналасқан.

Ғылыми-ғұмырнамалық серия оқырман қауымның талап-тілегінен шығады деген оймен ұсынып отырған жинақ туралы ой-пікірлеріңізді, ұсыныстарыңызды мына мекен-жайға хабарласуларыңызды сұраймыз:

050100

Алматы қаласы,
Шевченко көшесі, 28
Орталық ғылыми кітапхана
Телефон (3272) 61-02-39
Факс (3272) 61-02-60

АЛҒЫ СӨЗ

Орталық ғылыми кітапхананың оқырманға ұсынып отырған “Дала данасы” атты ғылыми жинағы қазақ ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығына арналған.

Абайдан кейінгі көрнекті тұлға боп саналған Шәкәрімнің есімін кешегі кеңестік заманда ауызға алуға тыйым салынды, оның бай мұралары жарты ғасыр бойы жабулы жапты. Бірақ оның шығармалары халық арасында ұмытылмай, қазақ даласына кеңінен тарады. Себебі Шәкәрім қазақ тарихы салт-жырының тақырыбын таңдады, ол жырлаған өлең-жырлардастан-хикаялар қазақ ауылының саяси-әлеуметтік жағдайынан сыр шертті.

Шәкәрімнің қалдырған мол мұрасы сан салалы, сан алуан, ешқашан маңызын жоймайтын мол қазына.

Шәкәрім бес жасында ауыл молдасынан сабақ алды. Ғылымға құмарлану арқасында өз бетімен білім алып, бес тілді: түрік, араб, парсы, шағатай, орыс тілдерін жетік білді. Осы тілдерді жақсы білуінің арқасында әлем елдерінің тілдерінде жазылған шығармаларымен оңай танысты.

“Жасымнан жетік білдім түрік тілін” дейтін өлеңінде кемеңгер ойшыл әлем тілдерінің рухани қазыналарына ерте бастан-ақ көз жүгірткенінен хабардар етеді.

Дариядай мол білімінің нәтижесінде Шәкәрім сол замандағы қазақ арасындағы – қазақ қана емес, бүкіл Түркістан өлкесіндегі ең ғұлама адамдардың бірі болып шықты.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ұлттық санасы ерте оянған қазақ зиялылары қоғам өміріне белсене араласты. 1902 жылы сәуір айында Орыс Императорлық географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі құрылды. Саяси -әлеуметтік өмірге белсене араласқан ғұлама ойшыл, философ Шәкәрім Құдайбердіұлы, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтармен бірге Жақып Ақпаев, Райымжан Мәрсеков, Әлімхан Ермеков тәрізді қазақ зиялыларымен осы Семей Орыс Императорлық географиялық қоғамына мүше болды. Осы Қоғам қазақ даласының өлке тарихы, мәдениеті, сондай-ақ қазақ елінің этнографиясы, археологиясы мен қазба байлықтары, әкімшілік-саяси басқару жүйесі туралы т.б. баға жетпес құнды ғылыми еңбектер жариялады. Шәкәрімнің де осы Қоғамдағы орны ерекше болды. 1905–1907 жылдардағы алғашқы орыс революциясының жеңіліске ұшырауы Шәкәрімнің қоғамдық көзқарастық қызметіне ерекше әсер етті. 1906–1907 жылдары Шәкәрім Мекке қаласына қажылық сапарға барып, қазақ тарихына қатысты материалдар жинап қайтып, оны “Түрік, қырғыз – қазақ Һәм хандар шежіресіне ” негіз

етті. Ал 1917 жылы Керенский басқарған Уақытша Үкімет тұсында Шәкәрім (1917 жылдың көктемінен 1918 жылдың қысына дейін) Семей уездік Земстволық комитетке мүше болды. Дала данасы Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ қоғамындағы саяси өмірден тыс қалмай, сол кездегі Көкбай Жанатаев, Иманбек Тарабаев, Иманбазар Қазанғалов, Халел Ғаббасов, Райымжан Мәрсеков, Ахметжан Қозбағаров, Әлімхан Ермеков, Мұстақым Малдыбаев, Нәзипа Құлжанова тәрізді қазақ зиялыларымен бірге қызмет істеді. Шәкәрімнің де дәл осы жылдары ұлт мүддесі жолындағы сан алуан істерге араласып, үлес қосқанында күмән жоқ. “Абай” журналы мен “Сары –Арқа” газеті бетінде жарияланған Шәкәрім шығармалары өзі өмір сүрген дәуірдегі қазақ қоғамының шындығын паш етті. Ол 1917 жылы сәуірдің 27-сі мен мамырдың 7-сі арасында өткен Семей облыстық қазақ съезіне қатысушыларды “Алаш ақсақалы” ретінде құттықтап, съезд жұмысына табыс тіледі. Ал сол жылғы шілдеде Орынбор қаласында өткен бірінші жалпықазақ съезінде құрылған “Алаш” партиясына мүше болды. 1917 жылғы желтоқсанның 5-13 күндері Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезіне Шәкәрім арнайы шақырумен делегат ретінде қатынасты. Алайда ойшыл ғұлама осы съезде сайланған Алашорда үкіметінің басшылығымен тіл табыса алмай, көп кешікпей олардан қол үзді. Шәкәрім мен осы Алашорда Үкіметі арасындағы байланыстар қазақ тарихында аз зерттелді. 1919–1920 жылдары Шәкәрім Семей уезі Шыңғыс болысы бойынша халық сотының мүшесі болып сайланды.

Шәкәрім – ұлы ойшыл, философ, тарихшы. Оның “Түрік, қырғыз – қазақ Һәм хандар шежіресі”, “Үш анық”, “Мұсылмандық шарты” еңбектерінің қазақ ғылымында өзіндік орны бар. Шәкәрім ғылыми-зерттеу еңбектерімен қатар көптеген әдеби-көркем шығармалар жазды. Олардың қатарында “Қалқаман–Мамыр”, “Еңлік–Кебек” дастандары, Л.Н.Толстойдан, А.С.Пушкиннан аударған еңбектерінің маңызы үлкен.

Шежіре–Шәкәрімнің тұңғыш жарық көрген көлемді ғылыми еңбегі, ол ата-тек жайлы деректерді бір жүйеге түсіріп, оны 1911 жылы Орынборда өз қаражатымен кітап етіп шығарды. Шәкәрімнің бұл еңбегінің құндылығы – жалпы түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының шежіресіне баса назар аудара отырып, оны ғылыми тұрғыда жүйелеуінде. Шәкәрім шежіресіне дейін тарихымыздың арғы-бергі кезеңдерінде өз жұртымыздан шыққан Мұхаммед Хайдар Дулати, Захир ад-Дин Мұхаммед Бабыр, Қадырғали Қосынұлы Жалаири, өмірден ерте озған әмбебап Шоқан Уәлиханов сынды ғұламалар жалпы түркі халықтарының, солардың қатарында қазақ шежіресін жазуға айтарлықтай үлес қосқаны белгілі. Шәкәрім болса осы үлгіні

қазақтың қоспасыз шежіресін құрастыру, зерттеу үшін пайдаланды. Шәкәрім тәжірибесінен сабақ алған Мұхаметжан Тынышбаев та өткен ғасырдың 20 – 30 жылдары шежіре жазып өзінің қомақты үлесін қосты. Шәкәрім шежіресі қазақ халқының тарихын дұрыс баяндау және қазақтың түп атасын анықтауда ешқашан тарихи маңызын жоймайтын құнды мұра. Шежіреде Шәкәрім орыс ғалымдарының, Шығыстың оқымысты тарихшыларының еңбектерін зерттей отырып, оларға тарихи шолу жасайды. Шежіре – кеңестік дәуірде бұрмаланып, сыңаржақ жазылған тарихымыздың шынайы бетін аша отырып, қазақтың түбі қайдан шыққанын ғылыми түрде дәлелдеп берді. Қазақ халқының тарихы тереңде жатқандығы сол дәуірдің өзінде-ақ саналы азаматтарды ойландырды. Кеңестік кезеңде ата-тек туралы айтылмады, “түрік” сөзін қолданғандар “пантюркист”, “ұлтшыл” атанып, қудаланды. “Түрік, қырғыз – қазақ. Һәм хандар шежіресі” – нағыз тарихи шындық тұрғысынан жазылған еңбек болды. Сондықтан Шәкәрім шежіресі 1911 жылдан кейін жарық көруден қалды.

Шәкәрім–қазақ халқының шығу тегін анықтау үшін оған қатысты деректерді ұзақ жылдар бойы жинап, оны кейінірек қазақ шежіресін жазуда негізгі қазық етіп алғандығын айтады. Тарихнамалық зерттеу аймағының шеңберіне шежіреші ретінде Шәкәрім тарихи шежірені жазу барысында қандай дерек көздері мен ғылыми еңбектерді негізге алғандығына өзі талдау жасайды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 150 жыл толуы қарсаңында шәкәрімтанушы ғалымдардың алдында үлкен міндет тұр. Ол Шәкәрімнің қоғамдық қызметіне қатысты мұрағат қорларында жатқан тарихи құжаттарын тауып, бір арнаға жинастыру арқылы ғұламаның ғылыми ғұмырнамасын жасау, сол арқылы Шәкәрімнің өзін сөйлету міндеті тұр.

Әрине, Семейдегі Шәкәрім атындағы университет жанынан ғұлама ойшылдың өмірі мен шығармашылығын зерттеуді мақсат еткен Орталықтың ашылуы құптарлық іс. Әйтсе де Орталық іргелі зерттеулер жүргізе алмай, баспа бетін көрген мақалаларды қайта-қайта жариялаудан ары аса алмай отыр.

Шәкәрім жазған қазақ шежіресі әлі күнге дейін толық зерттеліп, өзінің тиісті бағасын алған жоқ.

Шәкәрім мұрасы кешегі тарихымызға ғана емес, бүгінгіміз бен болашағымызға да қажет.

Кенес Нұрпейіс,

ҚР ҰҒА академигі,

тарих ғылымдарының докторы,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

*“Қабағынан қар жауған
Қараңғы бұлт жоғалды,
Қасқара алмай бет ауған
Қаһарлы жел де оңалды,
Көшейін деп қыбырлап,
Ел қыстаудан қозғалды—
Жаралы жүрек жыбырлап,
Жазылмай жалғыз сол қалды.
Бетіме жылы тиеді
Күнгейдегі күншуақ,
Жан жылыны сүйеді,
Жанға рахат осы уақ;
Өлі жердің сүйегін
Тірілтті жайнап жапырақ—
Жаралы менің жүрегім,
Жайнай алмас сол бірақ ...”*

ШӘКӘРІМ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ

Шәкәрім – ұлы гуманист, кемеңгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі. Ол Абай дәуірінен бастау алатын ХХ ғасырдың басында кең арнаға түсіп дамыған демократиялық идеяларды, халықтың азаттығын ту ғып ұстап, ғылым мен техника жетістіктерін игеріп еркін дамуын аңсаған қоғамдық қозғалыстың аса көрнекті өкілдерінің бірі. Шәкәрімнің гуманистік, адамгершілік идеяларын – адал еңбекті, әділеттілікті, мейірімділікті жақтауы, зорлық-зомбылықты, қиянатшылдықты әшкерелеуі прогресшіл, жаңашыл қоғамдық күштердің озат ой-санасының жарқын көрінісі болғаны және халықтың түпкі түбегейлі арман-мүдделерін терең түсінуден туғаны анық, Шәкәрімнің дүниетанымы, қоғамдық ой-пікірлері, философиялық, эстетикалық көзқарастары негізінен ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиет пен мәдениет қайраткерлері ішінде Шәкәрім ойшыл, ақын-жазушы ретінде жұртшылыққа кеңінен танылған, Абай заманына өзгелерден бір табан жақын тұрған, екі ғасыр арасын жалғастырушы ірі тұлға болды.

Шәкәрімнің қайталанбас өзіндік ақындық тұлғасын танытатын сипат-қасиеттер лирикасына тән нақыл насихатшылдық, фәлсапашылдық, поэмаларындағы дастаншылдық дәстүр, шығыс ақындарының көркемдік үлгі-өрнектерін қызықтауы, орыс әдебиетінің сюжеттеріне бой ұруы да, шежірешілдігі – бәрі де өз заманының тілек-талаптарына сәйкес қалыптасқан. Шәкәрімнің ақындық әлемі бай, көп қырлы, тақырыбы, жанрлық түрлері жағынан да сан алуан. Ақынның “Еңлік–Кебек”, “Қалқаман–Мамыр” сияқты дастандарынан халық өмірін терең білетін, сан ғасырлық халық поэзиясының, сөз өнерінің бай дәстүрлерін, бейнелеу тәсілдерін еркін игергенін айқын аңғарсақ, фәлсапалық лирикасынан өте күрделі философиялық ойларды әсерлі жеткізудегі ақындық шеберлігін, жаңашылдығын сезініп, тәнті боламыз. Шәкәрімнің ақындық жаңашылдығы тыңнан қосқан өлең өлшем-өрнектерінен, өлеңдеріне шығарған әндерінен, үздік композиторлық дарынынан да анық танылады. Бұл жағынан алғанда Шәкәрім қазақ әдебиетінде ғана емес, дүниежүзі әдебиетінде өте сирек құбылыс дей аламыз.

“Жастарға” атты 1879 жылы жазылған өлеңінде Шәкәрім жастардың өмірлік мақсаты туралы айта отырып, өзінің өнерпаздық бағытын да айқындайды. “Қазақта қай жақсы бар сөз саларлық?” деген сауал қойып, кім болса да үлгі аларлық “білімді, данышпан”, шынайы ғалым Абай дейді. Өлеңнің негізгі идеясы – жастарды

Абайдың жолымен жүруге шақыру, Абайдың арман-мұраттарын – білім, ғылым үйренуді, адал еңбек етуді, адамгершілікті, әділдікті ту етіп көтеру, надандыққа, жалқаулыққа, ала ауыздыққа қарап күресу.

Шәкәрім өзіне Абайдың шыншыл сөздері қатты әсер еткенін тебірене айтады. Абайдың салған ізімен жүру бірден-бір дұрыс деген шешімге келеді.

Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Оның лирикасында көңіл күйі, ішкі сезім әсерлері, махаббат тақырыбы да елеулі орын алған. Алайда Шәкәрім лирикасында сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті. Шәкәрімнің ойшылдығының, ақындығына тән фәлсапашылдығының сыры неде десек, бұл алдымен, әрине оның ойының керемет логикалық қуаттылығынан туған. Сонымен қатар ол көп ізденіп, өте көп оқыған. Қазақтың белгілі ақын, жыршы-жырауларымен қатар арғы-бергі түрік ақындарының, шайырларының, араб, парсы, орыс және батыс ақындарының шығармаларын өте жақсы білген.

Тарих, философия, дінтану, психология, шығыстану, түріктану салаларындағы түрік тіліндегі, орыс тіліндегі, араб тіліндегі ғылыми еңбектерді ұзақ жылдар жалықпай оқып, қыруар мағлұмат жиған, жан-жақты, энциклопедиялық білімі бар ғұлама оқымысты, дана адам болған.

Шәкәрім қазақ поэзиясында философиялық лириканың бұрын өріс алмаған жаңа түрлерін қалыптастырып, бұл салада үлкен жаңалық тапты. Ойшыл ақын адамның ақыл парасатына айрықша зор мән береді. Ол адамның сезу, сезіну, дүние болмысты, өмір құбылыстарын сезім арқылы қабылдау, әсерленгіштік қабілеті мен не нәрсенің болсын ішкі сырын көзге көрінбейтін, қолмен ұстауға келмейтін нәрселердің қасиет-сипаттарын оймен, ақылмен, логиканың күшімен танып-білу қабілетінің арасын ажыратып, болмыстың, дүниетану мен моральдың негізі ақыл деп санайды. Ақыл, парасатты ақыл қандай да нәрсені, құбылысты дұрыс түсініп, бағалауға ақ-қараны айыра білуге мүмкіндік береді, сондықтан “ақылмен сыналмаған іс бұлдырлау” деп түйіндейді.

“Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр” деген өлеңінде Шәкәрім сол нұрды, ақылдың керемет күш-қуатын адам жақсы іске ғана емес, сонымен қатар күн көріс үшін, пайда үшін зұлымдық пен айла жасауға да жұмсап жүр дейді. Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім бар жерде ғана таза ақыл болады, яғни адал ниетпен ақылға билетіп, ешкімге қиянат қылмай істелген іс адамды мұратқа жеткізеді деген ой түйеді.

Дүниетанымның, ғылымның да негізгі тірегі – ақыл-ой, ойлау қабілетінің қуаттылығы, ой-тұжырымдарының логикалық қисындылығы деп санайды. Бар ғылымның түп атасы – Таза ақыл мен ойлану.

Шәкәрім ойлау, ойлану деген ұғымға үлкен мән береді, оны өмір-болмыстың, дүниенің ғажап сырларына терең бойлау, не нәрсені болсын ақылмен сынап, ұғып-түсіну мағынасында алып қарайды.

Шәкәрімнің дүниенің, жаратылыстың қозғаушы күші, адам өмірінің, тіршіліктің мәні мен сыры, жан мен тән секілді мәселелерді ғылыми ұғым-түсініктермен ұштастыра толғайтын философиялық өлеңдері өз алдына бір тақырыптық арна болып қалыптасты.

Ақынның діншілдігі, жаратушы Аллаға сенімі оның ойшылдығымен жалғасып, дүниеге көзқарасындағы бірлік-біртұтастықты танытады. Шәкәрім дүниедегі “сансыз кереметті кім жаратса – тәңірі сол” дейді. Тәңіріні іздеу, жаратқан аллаға сену – ақиқатты іздеу, адалдыққа ақылмен жету деп түсінеді.

Ақынның ойшылдығы оның дүние-болмыстың терең сырларын тауып-білуге құмарлығын, мысалы, дүние қалай жаралған деген мәселеге айрықша көңіл қойып, тиянақты жауап іздеп, сол арқылы “ең түпкі жаратушы – мінсіз ие” деп түйіндеуінен айқын аңғара аламыз.

“Тау бойындағы ой” деген өлеңінде дөңгеленген жердің күнді айналып жүретінін көзбен көру арқылы емес, ойлау, топшылау арқылы анықталған дегенді айтады.

“Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние?” деген және басқа да өлеңінде Шәкәрім дүниеде таңғаларлық нәрсе өте көп, алайда бәрінде де заңдылық, қисын бар деген пікір айта келіп, “себебі толымдының ісі толық” дейді. Яғни, бұдан дүниенің кереметтігі шексіз болса, жаратушының құдіреті де шексіз деген мағына туады.

Шәкәрімнің философиялық өлеңдері ой тереңдігі, пікір сонылығымен, танымдық және моральдық адамгершілік мәселелерін ұштастыра білуімен оқымысты ақынның өнерпаздық тұлғасына сай интеллектуальдық сипат алған.

Адамдардың қоғамдық өмірдегі қарым-қатынасын, жеке адамның мінезін, іс-әрекетін бағалағанда да Шәкәрім ақыл-ой, талабын, ақыл-парасаттылықты қандай да іс-әрекетті ақылмен сынауды басты моральдық принцип етіп қояды. Ол әр адамның ісіне өзі сын көзімен қарап, биік талап қоя білуі, қиыншылыққа төзіп, табандылық, қажырлылық танытуы қажет екенін баса айтады.

Өмірдің өкініші аз болмайтынын айта отырып, ақыл-парасаттылық, ой тазалығы адамның уайым-қайғыға бой алдырмай, саналы қылық қылуына басшы болады деп пайымдайды ақын.

“Боларға ұмтыл, болмасқа қанағат қыл”, – дей отырып, әр адам өз қабілетін дұрыс бағалай біліп, өзінің қолынан келетін істі атқаруға ұмтылуы қажет екенін, өмірдегі нақтылы жағдайды, мүмкіндікті айқын түсіне біліп, соған орай әрекет қылғанда ғана адам сәтсіздікке ұшырамайтынын мейлінше дәлелді етіп көрсетеді. Адам өзіне өзі сыншы болып, өмірге саналы көзбен қарауға үйренсе, әр нәрсенің себеп-салдарын анық танып, біле алады, сонда ол өз ісінің сәтсіздігін өзгеден көрмей, нақтылы жағдайды дұрыс бағалап, содан өзіне сабақ алады деген үлкен ғибраттылық мәні бар түйінді ой қорытады.

Қазақ қоғамындағы жағдайды, әлеуметтік ортаны, әртүрлі топтың өкілдерінің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін жан-жақты барлап, терең түсінген, көптеген шығармаларында шынайы бейнелеп берген Шәкәрім халықты ескілік шырмауынан шығарып, өркениетке бастайтын бірден-бір өнімді сара жол өнер-білімге қол жеткізу, ғылым жетістіктерін игеру екенін ерте түсінді. Сондықтан да ол бір талай үйренуді керемет уағыздап, ғұлама ғалымдарды, ойшылдарды қастерлейді.

Ақын елді өнер-білім мен ғылымға жұмылдыруға кедергі болып отырған араздық, ала ауыздық, берекесіз талас-тартысты, керенаулықты сынға алады.

Өнерінді, ғылымды елге жай, “пайдалансын өзгелер”, “сусағанның сусыны бол” дей отырып, өнер, білім, ғылымның жетістіктерін ел игілігіне жұмсауды талап етеді.

Өнер - білім, ғылым үйрену мәселесін ойшыл ақын халықтың мүддесін, биік адамгершілік мақсат-мұраттармен байланыстыра қарайды. Гуманист ақын адамгершілік, әділеттілік, махаббат, адал еңбек ете білу, талаптылық, жігерлілік секілді қасиеттерді үлгі тұтады. Бұл қасиеттер мейірімділік, имандылық арқылы толысып, жетілетінін атап айтады.

Адамдық борышың –

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай,

Ар сақта, оны біл, –

– деген сөздері Шәкәрімнің жоғарыда келтірген пікірлерімен тікелей жалғас, солардың қорытынды-түйіні деуге лайық.

Ұзақ жылдар барлық күш-қайратын жұмсап, білім іздеген, ғылымды игерген Шәкәрім енді жиғанын, білген-түйгенін жүйеге келтіріп, қағазға түсіріп, кейінгіге мұра етіп қалдыруды мақсат тұтады. Жасы ұлғайған шақта өнімсіз талас-тартыстан бойын аластатып, қалған өмірін оңаша, еркін творчестволық еңбекке арнағанды пайдалырақ көреді.

Алайда ақын идеологиялық күрес-тартыстарға араласпай, қанша шеттесе де, тоталитаризмнің зардабын тартып, заңсыздықтың құрбаны болды.

Шәкәрімнің асқан ақындық шеберлігі оның өлең өрнегін түрлендіру өнегесінен айқын байқалады. Абай “Сегіз аяқ” атты өлеңінде қазақ поэзиясына тыңнан қосқан өрнегі Шәкәрімнің назарынан тыс қалған жоқ. “Жастық туралы” өлеңінде Шәкәрім бұл өлең өрнегін жеңіл, ойнақы ырғақпен айтуға лайықтап келтірген.

Өлең сөздің қадыр-қасиетін, қоғам өмірін терең түсінген Шәкәрім ақындардың алдына қойылатын міндет қаншалықты зор екенін тебірене айтады.

“Ескі ақындық” атты өлеңінде Шәкәрім бұрынғы жырау, жыршылардың, суырып салма ақындардың шеберлігін, өнерпаздық өнегесін аса жоғары бағалайды.

Шәкәрімнің адамгершілік идеялары, арман-мұраттары алуан түрлі адамдардың тағдырын бейнелейтін сюжетті дастандарынан мейлінше толық танылады. Қазақ өмірінен алынған нақтылы оқиғалар негізінде нағыз реалистік сипаттағы “Еңлік– Кебек”, “Қалқаман– Мамыр” секілді поэма жазуы – ақынның ұлттық әдебиетімізге қосқан үлкен үлесі екені даусыз. Ақын осы поэмаларда баяндалып тұрған оқиғалар бір-екі ғасыр бұрын болса да, ақынның заманындағы қазақ өмірінде әлі де кеңінен орын алған типтік жай-жағдайлар болатын. Ендеше, ақынның “Еңлік-Кебек” поэмасы хақында бұл “ертегі емес, ертеде болған іс” деп атап көрсетуінің үлкен мәні бар. Шәкәрімнің суреткерлік шеберлігі сан–қилы кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекетін, көңіл-күйін, әсерлі бейнелеумен қатар, сол арқылы халықтың салт-санасын, әдет-ғұрпын, әртүрлі топ өкілдерінің психологиясын терең ашып көрсетуінен айқын аңғарылады. “Еңлік– Кебек” әсіресе, “Нартайлақ пен Айсұлу” дастанынан бұларға қоса ақынның елдің ертедегі тарихынан мол мағлұматы бар шежірешілдігін де байқаймыз.

“Еңлік– Кебек” – қазақ елінің қоғамдық өмірін, салт-санасын, әдет-ғұрпын, әр топтың өкілдерінің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін нақтылы сурет бейнелер арқылы шынайы, шебер баяндаған нағыз реалистік туынды. Ақын ескі әдет-ғұрыпты берік ұстаған ру намысын қорғаушылардың сүйіскен екі жастың адал махаббаттық сезімін аяққа басып, оларды аяусыз жазаға қиған қаталдығын толғана баяндай отырып, сол замандағы қоғамдық өмірдің шиеленіскен қайшылығын ашып көрсеткен.

Шәкәрім шығыс, орыс классиктерінің шығармаларын қазақша тәржімалауға көп көңіл бөлді. Бұл тұста аударма деген сөзді кейбір

шығармаларында шартты мағынада қолдануға болатынын айтуға тиіспіз.

Мысалы, “Ләйлі – Мәжнүн” дастаны бүгінгі қалыптасқан мағынада аударма емес, Шығыс әдебиеттерінде кеңінен тараған нәзира дәстүрлі негізінде белгілі сюжетті өзінше баяндаған шығарма. Нәресте кезінен бір-біріне өліп-өшіп ғашық болған Ләйлі мен Мәжнүннің махаббаты барған сайын күшейе түсіп, екі қыршын жастың мезгілсіз өмірмен қоштасқанын баяндап шыққаннан соң поэманың соңында Шәкәрімнің қартайған шағында өзінің қайғылы халын, өз көңіл күйін Мәжнүннің тағдырымен салыстыра бейнелеуі де назар аударарлық.

“Дубровский әңгімесін” алсақ, ол прозалық шығарманың мазмұны өлеңмен еркін айтылатын көркем туынды. Шәкәрімнің “Дубровский әңгімесі” өлең мен дастан түрінде берілуі, алдында 31 шумақ өлең кіріспе бөлім беріп, “аң заман” туралы баяндайтын, қазақ оқырмандарына өз тарапынан өзінің ойын айтып, Пушкинмен қатар, Лермонтов, Некрасов, Байрон, Қожа, Хафиз, Науаи, Физулиларды атап, солардың сөзін жұртшылыққа үлгі етуі және ақынның “Жазбаймын дәл өзінше Пушкин сөзін” деп оқырманға арнайы ескертуі – міне, бұлар осы туындының қазіргі үйреншікті мағынасы аудармадан айырмасы мол, бөлекше сипатты шығарма екенін толық дәлелдейді.

Бұл орайда ұлы ақындардың басқа ақынның шығармасын дәлме-дәл аударудан гөрі, өз ой-сезімін білдіріп, жарыса жазуға бейім келетінін ескерту қажет.

Шәкәрімнің қарасөз түріндегі шығармаларына келсек, ол қазақ әдебиетінде реалистік психологиялық прозаны қалыптастырып, дамытуға аянбай күш жұмсағанын атап айтуымыз қажет.

Мұны “Әділ – Мария” атты автор өзі “қайғылы роман” деп сипаттаған шығармасынан, сондағы сан түрлі адамдардың іс-әрекеттерін, көңіл күйін, мінезін бейнелеуінен, сондай-ақ табиғатты, мысалы, Шыңғыстауды кейіптеу тәсілімен жан бітіргендей етіп суреттеуінен анық байқаймыз. Шыңғыстау бауырында, маңайында болып жатқан жай-жағдай, оқиғаларды біліп, сезіне алатындай әсер туады да, сөйтіп шығармаға тән психологизм, лирикалық сарын күшейе түседі.

Шәкәрім Абайдың ақындық, өнерпаздық дәстүрлерін қоғамдық өмірдің ең маңызды мәселелерін қозғау жағынан, әсіресе, өнер-білімді, ғылымды уағыздау, надандықты, топастықты, әділетсіздік пен зұлымдықты әшкерелеу, шығыс, орыс әдебиетінің таңдаулы нұсқаларын насихаттау жағынан ілгері дамытты. Сонымен қатар ол

ақындығы, прозашылдығы, ойшылдығы-философиясы, дінге көзқарасы, суреткерлігі, көркемдік ойлау жүйесі, стилі, тіл бейнелілігі, өлең өрнектерін өзгеше түрлендіруі – қай жағынан алсақ та, қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі бірден-бір жаңашыл ірі тұлға болды.

Шәкәрімнің атын атауға тыйым салынып, шығармалары көп жылдар бойы жабулы жатқаны, ақын туралы сол кезде тек оғаш, қате пікірлер ғана айтылып келгені белгілі. Сонда да Шәкәрімнің өлең-жырларын, дастандарын жаттап, жадында сақтап, айтып жүрген адамдар аз болған жоқ. Ал, Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылық мұраларын жүйелі түрде зерттеу ісі тек ол ақталғаннан кейінгі он шақты жыл көлемінде қолға алынды. Оның өмірі, шығармалары, өлеңдері мен дастандары, көркем прозасы бірнеше зерттеу еңбектерінде, диссертацияларда әр қырынан талданып, баяндалып, бағаланып келеді.

Қазіргі кезде бүгінге дейінгі жазылған, жарияланған мақалалар мен зерттеулерді негізге ала отырып, ұлы ойшыл-ақынның мұрасын алдағы уақытта жан-жақты талдап, тереңдеп тексерудің зәрулігі талассыз. Қай ғылым саласы болсын, ізденіс, зерделеуге ынта-ықылас күшейген сайын, мағлұмат-деректер жинақталып, ой-пікірлер, түйін-тұжырымдар қорланып, ұғым-түсініктер, пайымдаулар тереңдей түскен сайын жаңа проблемалар туындайтыны, шешімін табуды тілейтін мәселелер көбейе түсетіні заңдылық.

Ұлы ақынның туғанына 150 жыл толуы жақындап қалғанын еске алсақ, шәкәрімтану саласының дәл осы тұста тың зерттеулер арқылы жаңа бір белеске көтерілуі қоғамдық сұранысқа жауап болары күмәнсіз. Осы тұрғыдан қарасақ, алдағы зерттеулердің бағыт-бағдары қандай болмақ, қай мәселелерге көбірек назар аудару орынды және мәселені қай қырынан тексеру ұтымды дегенді ойласу қажет. Шәкәрімнің шығармалары тарихи-әдеби процеспен, қазақ қоғамындағы рухани өзгерістермен, ізденістермен, ұлттық ой-сананың өркендеуімен неғұрлым тығыз байланыста қарастырылса, оның ақындық, ойшылдық тұлғасы солғұрлым ірілене түспек. Шәкәрім шығармаларының халықтық, ұлттық сипаты да, танымдық, көркемдік мәні де мейлінше айқын ашылмақ. Шәкәрімнің дүниетанымы, ойшылдығы, діни көзқарастары көбіне-көп әр еңбекте әр қырынан қарастырылатыны байқалады. Әдебиеттанушылар мен тарихшылар, философтар мен дінтану, педагогика секілді ғылым салаларының мамандары бірігіп, авторлар тобы құралып, бірлесе зерттесе, ақын, ойшыл, гуманист Шәкәрімнің тұлғасын толық сипаттайтын біртұтас концепция – көзқарас жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік туар еді.

Ал Шәкәрімнің ақындық әлемін зерттегенде поэтика, әдебиет теориясы тұрғысынан қарастыру да маңызды болары талассыз. Бұл жағы әлі де жетімсіз. Сондай-ақ Шәкәрім шығармаларын эстетика, этика категориялары тұрғысынан пайымдау да ұтымды болмақ. Айталық, Шәкәрім творчествосы эстетикалық идеал деген тақырыпты арнайы зерттеу арқылы ақын тұлғасын жаңа бір қырынан кеңінен ашып көрсетуге мүмкіндік берер еді. Сондай-ақ Шәкәрім шығармаларының тағылымдық, тәрбиелік мәнін зерделеу педагогика мамандарының үлесінде.

Шәкәрім шығармаларының басылымдарын бірізге түсіру үшін текстология (мәтінтану) саласында да арнайы зерттеу жүргізу қажет.

Ал Шәкәрім мұрасын насихаттау жағынан келсек, шығармаларын орыс тіліне және басқа шет тілдерге аудару маңызды іс екені талассыз.

Шәкәрімнің толымды көркем бейнесін сомдап жасауда ақындар мен жазушылар, өнер қайраткерлері атқаратын істер де жетіп артылады.

Шәкәрім шығармаларын бүгінгі күннің биігінен қарап талдап, бағалау, сөйтіп оларды өз тәуелсіздігін қолына алған еліміздің игілігіне аса беруіне үлес қосу – әрбір зерттеушіге, өнер иесіне де ортақ міндет.

Зәки Ахметов,

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым
академиясының академигі*

8/XII-2002 ж.

16өлім

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ
ҒҰМЫРНАМАСЫНАН

*Сынансын деп жазғанмын,
Сынама деп шатпаймын.
Қазақтың мінін қазғанмын,
Айтқанымнан қайтпаймын.*

*Қазақ сыншы болса екен,
Болмасын деп айтпаймын.
Жетегіме ерсе екен,
Өлсем де тыныш жатпаймын.*

*Мен жетелеп өлемін,
Өрге қарай қазақты.
Өлсем де ойын бөлемін,
Сөзбен салып азапты*

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы 11 шілдеде қазіргі Семей облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауы бөктерінде дүниеге келген. 5 жасында ауыл молдасынан хат таниды.

1863–66 жж. – ауыл молдасынан сабақ.

1866 жылдан бастап немере ағасы Абайдың тәрбиесі мен қамқорлығында болады.

1866, май– Сегіз жасар болашақ ақынның алғашқы өлеңі.

1875–17 жасар бозбала ақынның өлең жазумен әуестенуінің басы.

1878, көктем – екінші анасы Ботанайдан туған әнші ағасы Әмір дүниеден өтті.

1878–80 жж.– Шыңғыс (бұрынғы Күшік-тобықты) болысының болысы.

1880– « Жаз келер», «Арман», «Жайлаудың баласымен айтысы» деген үш туындысы.

1881– Ғашығы Айғанша Махмұтқызына арнаған «Шын сырым» атты махаббат лирикасы.

1882– Сүйген аруы Айғаншаны (лақап аты– Майпаң) кіші әйелдікке алады.

1883– Ғафур атты ұлы дүниеге келеді.

1890– «Бозбала мен кәрілік», «Жастарға «өлеңі.

1891– «Қалқаман-Мамыр» поэмасы.

1892– «Еңлік–Кебек» поэмасы.

1896– «Ләйлі–Мәжнүн» дастанының алғашқы аударма нұсқасы.

1898– 40 жастағы ақын ғылым жолына біржола бет түзеді.

1899-1905 жж.– «Қазақ айнасы» жинағына енген азаматтық лирикасы.

1899– Орыстың тілі мен әдебиетін терең меңгеруді қолға алады.

1903–1907 жылдар аралығында Императорлық Географиялық орыс қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі бойынша мүшелікке қабылданады.

1903 – Пушкиннің «Дубровский» романын өлеңмен аударды.

1904, маусым– ұстазы Абайдың қазасы.

1905-1906жж. –Ә.Бөкейханов бастатқан азаматтармен бірге қоғамдық-саяси істерге араласады.

1905–1906 жылдар аралығында Мекке қаласына қажылық сапар жасайды.

1907-1911жж.– ең табысты кезеңнің бірі : «Шежіре» кітабын бітіру, « Ләйлі-Мәжнүн» дастанын төл шығармасы етіп қайтадан жазу, «Дубровский» поэмасын толықтырып, өңдеу. Азаматтық лирика тақырыбында 20-ға тарта жаңа жыр. Аудармалар. Тамам мұрасын баспаға әзірлейді.

1911– Орынборда «Шежіре» және « Мұсылмандық шарты» деген екі кітабы баспа бетін көреді.

1911 жылы “Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі” атты еңбегі Орынбор қаласында басылып шығады.

1912 жылы “Қазақ айнасы” атты өлеңдер жинағы Семей қаласындағы “Жәрдем” баспасынан шығады.

1912 жылы “Қалқаман – Мамыр”, “Еңлік–Кебек” поэмалары “Мұтылған” деген лақап атпен Семей қаласында жарық көреді.

1912– Семейде «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік–Кебек» поэмалары, «Қазақ айнасы» жинағы жарыққа шығады.

1913 –55 жастағы ақын алғаш елден оңашаланып, жайлауда қыстап шығады. Осымен « ағарту дәуірі» аяқталып, «ойшылдық дәуірі» басталады.

1913-1917жж.– философиялық маңдай шығармасы –«Үш анық» трактаты, кейбір жаңа жырлары. Журналистика саласындағы қызметі.

1917, ақпан – Ақпан төңкерісіне арнаған өлеңі.

1917 – Семей уездік земствосының Шыңғыстау болысынан депутаты.

1917 жылы “Алаш” партиясына аз уақыт мүше болады

1918, қаңтардан қарашаға дейін – Алашорда үкіметінің соты, төбе биі.

1919 – Екінші рет жапанда оңашалану. Қожа Хафизден аудармалар, философиялық жолмен жазылған лирикасы.

1919-22жж. Философиялық толғаулары, «Тау басындағы ой» атты он өлеңнен тұратын циклі.

1921– Мұхтар Әуезовтің сахара ойшылын Шыңғыстауға ертіп апарған неміс ғалымы Макс Кукшинскиймен таныстыруы. Ол Шәкәрімнің берген мәліметтерін «Степь и его обитатели» атты кітабына енгізеді.

1923ж. Ташкентте «Шолпан журналында « Ләйлі-Мәжнүн» дастаны. 1924– семейде «Дубровский» дастаны жеке кітап болып басылды. «Мұңды шал», «Тура жолда қайғы тұрмас» т.б. өлеңдері.

1924-1925жж.–М.Әуезовпен пікірлесу. Абайдың толық жинағына құнды мағұлматтарды беруі. «Таң» журналына арнап «Әділ-Мария» романын жазуы.

1925 – Бақанастан Шақпаққа жаңа «Саятқораға» қоныс аудару.

1926-1929 жж.– «Иманым», «Жаралыс сыры», «Жан сыры» атты топтамаларға енген ғаклия поэзиясы.

1929-1931жж.– «Мұтылғанның өмірі», тағы басқа өмірбаяндық жырлары.

1931, 2 қазан, таңсәріде – 73 мүшел жасында жендеттер оғынан қаза тауып, мәйіті құрдыққа тасталды.

1961, 8 август – құркұдықтағы сүйегі қазылып алынып, Жидебайдағы Абай зиратының қасына жерленді.

1958,29 қазан – СССР Бас прокуроры канцеляриясы Шәкәрімнің ақталғаны жайында құжатқа қол қояды.

1988 жылы 14 сәуір – Қазақстан Республикасы Орталық комитеті , Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қаулысы бойынша толық ақталады.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ (1858-1931)

Құдайбердіұлы Шәкәрім (1858–1931) – ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор. Абаймен замандас әрі інісі, әрі ол негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын көре білуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде Құдайбердіұлы Абай бағытын ұстанды. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың Күңке деген бәйбішесінен туған, яғни Абайдың туған ағасы. Шәкәрім бес жасында ауыл молдасына оқуға беріледі де онда жеті жасына дейін оқиды.

Жеті жасында әкеден жетім қалған ол бұдан былайғы кезде Абайдың тікелей тәрбиесінде болады. Өскен ортасының аса бай дәстүрлері мен Абай ағасының тәрбиесі табиғатынан зерек Шәкәрімнің жетімдік көрмей өсуіне ғана емес, оның талантты ақын, парасатты ой иесі болуына да зор ықпал жасады. Шәкәрімнің өзі кейінірек былай деп жазады: “ Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды, сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді, ержеткен соң сол кісіден тағлым алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім”. Кезінде арнайы оқу орындарында оқып білім алмаса да, өз бетінше ізденіп және Абай ағасының жетекшілігімен жан сарайын байытқан Құдайбердіұлы заманында қазақ арасындағы аса білімдар адамдардың бірі болды. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білді.

Құдайбердіұлының қаламынан терең ойлы, сыршыл лирик, өлеңдер, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» сияқты оқиғалы дастандар, «Әділ-Мария» романы және басқа да прозалық туындылар, аудармалар, тарихқа, философияға қатысты еңбектер, сазды әуендер туды. 1911ж. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», 1912ж. Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан “Қазақ айнасы”, «Қалқаман-Мамыр», «Жолсыз жаза яки кез болған іс», «Еңлік-Кебек», «Үш анық», «Мұсылмандық шарты», «Ләйлі-Мәжнүн» т.б. шығармалары жарық көрді. 1978 ж. Ленинградта шыққан «Поэты Казахстана» деген жинақта Құдайбердіұлының бірқатар өлеңдері орыс тілінде басылды. Үлкен жинағы 1988ж. «Жалын» баспасынан жарық көрді. Құдайбердіұлы өмір сүріп, еңбек еткен тарихи кезеңде қазақ әдебиетінде Абай іргетасын қалаған реалистік дәстүр қалыптасып келе жатқанды. Шәкәрім осынау өнегелі үрдісті алғашқы жалғастырушылардың бірі болды. Абай мен

Шәкәрім арасында тамырластық аса терең. Өз заманының келелі мәселелерін, қоғамдық шындықты қозғауда екі ақын да ерекше қуат танытқан. Абай тәрізді Шәкәрімнің де ақын ретінде ұсақ-түйек міндері сынаудан бастап, өз кезінің күрделі әлеуметтік мәселелерін көтеруге дейінгі аралықтағы терең ойлары, парасатты тұжырымдары сайрап жатыр. Шәкәрім айналасындағы құбылыстарды сырттай ғана жырлаушы болған жоқ, ол бар нәрсенің қай-қайсына да мән бере қарады. Жақсылығына қуанды, кемшілігіне күйзелді. Ақындық болмысын да осы ыңғайда қалыптастырды. Ақынның азаматтық үні осы тараптан естіледі. Оның Абай үлгісіндегі реализмі алдымен азаматтық лирикасынан көрінді. Өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу азаматы ретінде ол халқының басындағы нақты жағдайды көре білді. Осы бағыттағы барлық ой пайымдарын лирикасына нәр қылып құйды. Ақын лирикасының басты объектісі – адам. «Ескіден қалған сөз теріп», «Сәнқойлар», «Қалжыңшыл қылжақпас», «Еріншек», «Құмарлық», «Бір салмойын сал келер» сияқты өлеңдерінде ақын замандастарының бойындағы ірілі-уақты кемшіліктер сыналады. Шәкәрім надандықтың негізін осылардан көреді. Бұл өлеңдерінің қай-қайсысында да реализміне тән шыншылдық пен сыншылдық бар. Қандай кемшілікті болсын ақын типтендіре суреттеуге күш салады. Сол себепті оның кейбір өлеңдерінде сыналатын кейіпкерлер өзімізбен бүгінде қатар жүрген жандар секілді жандар секілді қабылданады. Өз халқының мүддесін көздеген ақын оның бойындағы жағымсыз қасиеттерді жұртқа жария етуші ғана емес, солардың үкімін айтушы да бола білді. Әшкерелей отырып, өз үкімін айтады, айналасына ой тастай сөйлейді. «Ашу мен ынсап», «Шаруа мен ысырап», «Анық пен танық», «Ер қоспақ пен сөз сөйлемек», «Дүние мен өмір», «Мақтау мен сөгіс», «Міндеу мен күндеу» сияқты бірқатар өлеңдерінде Шәкәрім айналасына сын көзбен қарай отырып, заманның шынайы суретін жасайды. Халық тағдыры – Құдайбердіұлы жырындағы арналы тақырып. Бұл тұста да ол Абаймен сабақтас үндес. Абай тәрізді Шәкәрім де өзінің насихат өлеңдері мен жеке өнегесі арқылы жұртшылық санасындағы кейбір кері қасиеттердің тамырын шірітіп, халықтық ар-намысты оятуға күш салады. Ақын әрдайым халықтан қол үзбейді. Оның әшкерелейтіні де халық басындағы кемшілік, мақтан тұтары да халықтық қазына. Әр кезеңде жазылған «Бай мен қонақ», «Партия адамы», «Ей көп халық, көп халық», «Өкінішті өмір», «Қазақ», «Насихат», «Тағы сорлы қазақ», «Қош жұртым» атты өлеңінде кәрілік кезеңіне аяқ басқан лирикалық кейіпкер – ақынның өзі халқының өткен өміріне көз жібереді, бүгінгіне үңіледі. Бүгінде патша тақтан құлаған, қазақ даласына айрықша бір сәуленің нұры шашыла

бастағандай. Асарын асап, жасарын жасаған ақын қуана тұрып өзіне «ендігі мақсатың не?» деген сауал қояды да, соған жауап іздейді. Өлеңде оптимизм бар. Ақын мұнда жақсылықты көп көргенін, патшаның тақтан құлағанын айтады. Халқының болшақта тәуелсіз өмір сүретініне үміттенеді. Алайда ақында алаңдаушылық та бар. Ендігі жерде халқының бойындағы күндестік, мақтаншақтық сияқты қасиеттердің жойылуы қажет екенін алға тартады. Өкінішке орай, бұл қасиеттер әлі де болса аяққа тұсау болып отырғанына күйзеледі. Қандай әлеуметтік кеселді болсын ол уақыт ағымынан туған, міндетті түрде түзетуге болатын кемшілік деп біледі. Өзінің осы бағыттағы өлеңдерінде ақын сол кезеңдегі қоғамдық психологияны дәлме-дәл бере біледі.

Халық ойына қозғау салу бағытындағы ақынның арқалайтын жүгін де салмақтай отырады. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік ең алдымен ақынның жанарына шалынса керек. “Бай мен қонақ” өлеңінде қазақ тұрмысынан алынған шағын сюжет баяндалады. Бай үйіне келген қонақ пен үй иесі арасындағы диалог сол дәуірдегі қазақ аулының психологиясын, этикасы мен эстетикасын, тұрмыстық ерекшеліктерін рухани түсінігінің деңгейін сипаттап береді. Мұнда да Абай жырлаған тоғышар кейіпкерлер бар. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық» адам баласын қалай аздыратынын ұлы Абай қандай шебер айтып кеткен болса, Шәкәрімнің мұндағы кейіпкерлері де алдында асы бар, істер ісі жоқ, тойғанына мәз, бірін-бірі кемсітуге құмар мүгедек жандар. Құдайбердіұлы айналасында болып жатқан құбылыстар мен оқиғаларға әрдайым сергек қарады. Ақынның азаматтық сергек үні әсіресе 1917 жылғы төңкерістер кезінде айқын естілді. Патша тақтан құлатылған сәтте «Бостандық таңы атты», «Бостандық туы жарқырап» деп қуана өлең жазды. Бір қарағанда ұран іспетті көрінетін бұл өлеңдерде жалаң қуаныш, лепірген сезім ғана емес, ақынның лирикасына тән терең философ ой бар. Ә дегеннен-ақ, ақын мына болып отырған жаңалықтан өзінше ой түйеді. Қуана тұрып, ол халқының бұдан былайғы өміріне ой жібереді. Ендігі заман еңбек адамынікі болу керектігін айтады. Құдайбердіұлының реализімінің айқын көрінген ендігі бір тұсы – оның ағартушылық тақырыптағы лирикасы. Ақынның бұл бағыттағы еңбегі 1879ж. жазылған «Жастарға» атты өлеңінен басталған. Ағартушылық идея Шәкәрім лирикасының алтын діңгегі болып табылады. Оның Абаймен үндестігін танытатын бір сала да осы. Өзінің «Насихат», «Сынатарсың өзінді», «Үш-ақ түрлі өмір бар», «Сен ғылымға...», «Ғылымсыз адам хайуан», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» сияқты көптеген өлеңдерінде Құдайбердіұлы Абайдың ағартушылық идеяларын одан

әрі жалғастырады. Бұқараны оятуға ұмтылады, ғылымға жетелейді. Еңбек етуге, мәдениетті елдерден үлгі алуға шақырады. Құдайбердіұлы үшін байлықтың ең үлкені – ғылым. Өзінің «Үш-ақ түрлі өмір бар» атты өлеңінде ол адам өміріне «ортаншы өмір» деген ұғымды қолданады. Бұл – адамның жастық шақ пен кәріліктің арасындағы белсенді өмірі. Шәкәрімнің айтуынша міне, осы жылдары уақытыңды босқа өткізбей, ғылымға үңілсең, одан өзіңе керек қазынаны тауып ала білсең – өмірлік мұратыңа жеткенің.

Бас-аяғы үш шумақтан тұратын өлеңнің идеясы– адам баласын, Абай айтқандай, «ержеткен соң түспеді уысыма» деп өткініште қалдырмау.

Абайдың әдеби мектебінен тәлім алған Құдайбердіұлы ұлы ұстазының қазақ халқын әлемдік мәдениет үлгілерімен таныстыру бағытындағы қызметін жемісті жалғастырды. Шәкәрімнің осы тұрғыдағы еңбегін үш салаға бөліп қарауға болады. Оның бірі ақынның әлем әдебиетінің озық ойлы өкілдерін өз өлеңдерінде насихаттап отыруы десек, екіншісі оның Л.Н.Толстой сияқты заңғар қаламгермен тікелей хат алысып, шығармашылық байланыста жүруі. Ал, үшінші сала – Шәкәрімнің өзге елдер әдебиетінің үлгілі шығармаларын қазақшаға аударуы. Шәкәрім Шығыстың Қожа Хафиз, Физули, Науаи секілді жарық жұлдыздарын, А.С.Пушкин мен Л.Н.Толстойды қастерледі. Әйгілі «Ләйлі-Мәжнүн» дастанының Физули жырлаған нұсқасын қазақша жырлап берді. Хафиздің бірқатар өлеңдерін, А.С.Пушкиннің «Дубровский», «Боран» атты шығармаларын, Л.Н.Толстойдың алты әңгімесін, американ жазушысы Гариэт Бичер Стоудың “Том ағайдың балағаны” атты романын аударды. Құдайбердіұлының қаһарманы да Абай кейіпкерлеріне ұқсас. Оның басынан қуаныш пен күйініш те, үміт пен күдік те өтеді. Кей сәттерде мұңға беріледі. Бірақ, бұл құрғақ пессимизм емес. Абай өлеңдеріндегі сияқты Шәкәрімде «жүрек», «тіл», «сөз» ұғымдары мол ұшырасады. Лирик қаһармандарының көңіл-күйін, ахуалын бейнелеу мақсатында ақын «жаралы жүрек», «улы жүрек», «жылы жүрек», «ет жүрек», «долы тіл», «ащы тіл», «тәтті тіл», «улы сөз» деген сияқты ұғымдарды образдылықпен пайдаланады. Көп ретте ақынның лирикалық қаһарманы «таза жүрек» іздеу жолында «ет жүрегін қолына алып, «сұм жүректермен айқасады» Заман деңгейінен аса алмай пұшайман болған кездерінде «дертті жүрекке» айналады. Шығармашылық жолының өне бойында адамгершілік мәселесін, ардың тазалығын, имандылықты бірінші орынға қойып отырады. «Арың сатпа, терің сат, адалды ізде»,–деді ақын. Бұл мәселелерге ол өз елінің перзенті тұрғысынан қарады. Ойға батты, толғанды Абайға жүгініп отырады. Өзінің алғашқы шығармаларының бірі – «Жастарға»

атты өлеңінде ақын өзіне де, өзгеге де Абайды бағыт сілтеуші, жолбасшы ретінде ұсынады. Өлеңде жас ақынның сезімталдығы мен көрегендігі танылды. Сол кезде небары отыздан жаңа асқан Абайдың кеменгерлігін, даналығын, парасатын бағалай білудің өзі Шәкәрімнің осы қасиеттерін дәлелдей түседі. 21 жасында жазылған «Жастық туралы өлеңінде» Абайға тән өлең өрнегі, сезім суреттері мол. Өлеңнің ұйқасы да, өлшемі де өзгеше Абайдың «Сегіз аяғымен» тамырлас. Өлеңде қыз сұлулығымен қоса жастықтың алаулаған жүрек бұлқынысын, ыстық сезім, ар-инабат мәселелерін ақын әселі зерлейді. Құдайбердіұлы –поэма жанрында да жемісті еңбек еткен қаламгер. Ол ХХ –ғасырдың 2-ші жартысында Абайдан бастау алатын реалистік үлгідегі оқиғалы дастан дәстүрінің дамуына елеулі үлес қосты. Оның қаламынан қазақтың ертеректегі өмірінен алынып жазылған «Қалқаман-Мамыр, «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ –Айсұлу» атты поэмалары туды. Жаңа тұрпатты қазақ поэмаларының алғашқылары Абайдың «Ескендірі» мен «Масғұты» десек, одан кейінгі Ақылбай мен Мағауияның, Әсет пен Көкбайдың, Шәкәрімнің дастандары ұлы Абайдың ақындық ықпалымен, шығармашылық тәлім-тәрбиесімен жазылған туындылар еді. Абай ең алдымен өзінің айналасындағы Шәкәрім тәрізді жастарды жаңа үлгідегі поэмалық өрісін кеңейту ісіне жұмылдырды. Тіпті кейбіреуіне өз жанынан тақырып беріп, жазғандарын талқыға салып, сыннан өткізіп отырды. Соның нәтижесінде Шәкәрімнің лирик, поэзияда меңгерген көркемдік шеберлігі мен жетістіктері оның поэмаларының табиғатынан да айқын көрініп жатады. Оның дастандарына шыншылдық, суреткерлік, терең психологизм, әлеуметтік астарлылық, философиялық, ой-тұжырым кеңдігі тән болып келеді. Ақынның «Еңлік-Кебек» дастаны тікелей Абайдың тапсырумен жазылған. Ұлы ұстаз Еңлік пен Кебек арасындағы оқиғаны өлеңмен жырлап шығуды Шәкәрім мен Мағауия ақынға қатар тапсырады. Соның нәтижесінде ғашықтық туралы екі дастан өмірге келеді. Кезінде абай екі дастанды салыстырып , әрқайсына лайықты баға берген.

Құдайбердіұлы көркем проза саласында да елеулі мұра қалдырды. «Әділ-Мария» атты роман(1925) жазды. Онда ғасыр басында қазақ аулында өткен оқиға баяндалады. Әділ мен Мария атты ғашық жастардың өмірі арқау болады. Абай бастаған реалистік әдебиетке тек шыншылдық, суреткерлік қасиет бұл шығармаларының бойына мол сіңірілген. Абай өлеңдерінде бейнеленетін табиғаттың әсем көркі, ауыл мен даланың күнделікті қам-қарекеті көркем өрнекпен зерленген. Құдайбердіұлының прозалық шығармаларында осы тәрізді

айқын бояу айшықты суреттермен қатар, терең философия, халық даналығы тарих тағылымы қоса өріліп жатады.

Құдайбердіұлының философ, тарихшы, ойшыл ретінде танылуына себепкер болған «Үш анық», «Мұсылмандық шарты», «Түрік,қырғыз, қазақ, Һәм хандар шежіресі» атты еңбектері кезінде жеке-жеке басылып шықты. Олардың жазылуына да Шәкәрімнің ұлы ұстазы Абайдың да ықпалы аз болмаған. Шәкәрімнің бозбала шағында оның білімділігін сезген Абай оған қазақтың шежіресін жинауды тапсырады. Абайдың осы тапсырмасын жүзеге асыру жолында Шәкәрім ел ішіндегі түрлі әңгіме – аңыздарды жинаумен қатар, Батыс пен Шығыстың әйгілі ғалымдары Әбілғазының, Жүсіп Баласағұнның, Радловтың, Березиннің, Аристовтың, Левшиннің басқа да қытай, араб, парсы зерттеушілерінің еңбектерімен танысады. Оларда айтылған түрлі топшылаулар мен тұжырымдарды сараптай отырып, шежіре еңбек жазып шығады. Құдайбердіұлы өз өлеңдеріне арнап ән жазған композитор да. Оның сезімді жүрегінен жиырмаға тарта әсем әуезді әндер туды. Әсіресе оның «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек», «Жастық туралы», «Анадан алғаш туғанымда» атты әндері нәзік сыршылдығымен, сезімге байлығымен, композициялық тұтастығымен есте қалады. Абайдың тікелей тәрбиесін көрген шәккірт Шәкәрім өзінің көлемді де көркем шығармашылық мұрасын дүниеге әкелу барысында қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихындағы, тіпті бүкілұлттық мәдениетіміздің тарихындағы, өзіндік орны бар көрнекті ақын, тамаша жазушы, білікті аудармашы, ойшыл философ, білімдар тарихшы, сыршыл сазгер дәрежесіне көтеріледі.

2 бөлім

Таңдамалы шығармалары

ЖАРАЛЫ МЕНІҢ ЖҮРЕГІМ

«Қайран

Қайғысыз, қамсыз күндерім,

Сайран,

Сауықты рахат түндерім,

Сендерден не пайда?

Асқан

Алпыстан мынау жасымыз,

Қашқан

Шалдықтан заріп басымыз,

Қаласың қай сайда!?

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙДАН ШЫҚҚАНЫ ТУРАЛЫ

Жоғарғы әртүрлі шежіре кітаптардың сөзінен біздің қазақ Нұх пайғамбардың Яфас деген баласының нәсілінен. Қытайша Тукю – біздің тілде түрік аталған халықтан екені анық болды. Түрік деген дулыға деген сөз екен. Онан соң бір кезде ғұн, яки хун деп аталыпты. Оны Нәжиб Ғасымбек Орхон өзеніне қойылған аттан қойылды дейді. Онан кейін әртүрлі атпен бөлектеніп кетсе де, біз ұйғыр атынан шыққан елміз. Бұл ұйғыр деген бірігіп, қосылған деген мағынада деп шежіре жазушының бәрі айтқан десе де болады. Сол ұйғырдан қырғыз, қаңлы, қыпшақ, арғынұт, найман, керейіт, дулат, үйсін деген таптар шығып, солардың нәсілінен шыққанбыз. Ақырында Шыңғыс хан татам татар мағолды алып, төрт баласына ел бөліп бергенде, үлкен баласы Жошы менен онан кіші баласы Шағатайға татар атанған елдерді бергенде, соның ішінде татар атанып және Жошыға тигені Жошы ұлысы, Шағатайға тигені Шағатай ұлысы атанған, онан кейін біздің Жошы ұлысындағы аталарымыз Жошы нәсілінен, Өзбек хан мұсылман болғанда, барша Жошы ұлысы өзбек атанып, онан кейін Әз Жәнібек ханға еріп, Ноғай ханнан бөлінгенде, қырғыз, қазақ атанған елміз, ол кезде ол атпен атанған ел жалғыз ғана біздің үш жүздегі қазақ емес, көп ел еді. Оның көбі отырықты өмірге кіріп, әр жерге барып, бірталайы ноғай, башқұрт атанып, бірталайы өзбек, сарт атанып кеткен. Ақырында қазақ деген ата бізде қалған.

Жоғарыда айтып едік Адам пайғамбардан бері қарай осы уақытқа шейін үзілмей жазылып келген шежіре жоқ деп. Әз Жәнібек ханнан бері қарай біздің қазақ аталары туралы шынды- өтірікті айтылған сөздер бар, соның ішінде анықты дегенін һәм дұрыс шежіре хабарына тура келгендерін шежіре кітаптардың сөзіне қосып жазамын.

Шыңғыстың үлкен баласы Жошы хан өлген соң, орнына Бату (Жошы баласы) хан болды. Оны орыстар Бати дейді. Лақап аты Сайын хан еді. Оның орыс жұртын қаратып алғаны – 1242 жылы. Батудан соң інісі Бүрге хан болды. Жошыдан бұрын ол Еділ - Жайықта қыпшақ атанып тұрған түріктер бар еді. Сол себептен Дәшті Қыпшақ хандығы деп аталушы еді. Бүрге хан кезінде үш ордаға бөлініп, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда деп, бәрінің үстінен Алтын Ордадағы Бүрге хан билеуші еді. Ақ ордаға Жошының Шайбан деген баласы хан болып, бер жақтағы тамам көшпелі ел Көк Орда атанып, оған Жошының Тоқайтемір деген баласы хан еді. Біздің Әбілмансұр Абылай хан – сол Тоқайтемір нәсілі. Жоғарғы Бүрге хан мұсылман болып, Береке хан атанып, оған еріп інісі Тоқайтемір де мұсылман болып еді, өйтсе де халыққа мұсылмандық орнықпай, олардан соң

жоғалды. Бүргенің орнына Тоқайтемірдің Мөңкетемір деген баласы үлкен хан болып, онан соң оның інісі Тодамөңке болып, онан соң жоғарғы Мөңкетемірдің баласы Тоқтағу болды. Онан соң жоғарыдағы Батудың Мыңтемір деген баласының Тоғрул дегенінің баласы Өзбек хан болды. Мұның хан болғаны 1301 жылы еді. Бұл Өзбек хан мұсылман болып, халқын да мұсылман қылды. Сол мұсылмандық бұзылған жоқ, “Дін өзбектен қалды” деген мақал сол және сол ханның атыменен Жошы ұлысы өзбек атанды.

Жошы ұлысының үлкен ханы тұратұғын Алтын Орданың орны осы күнгі Еділ суының бойында Астрахан мен Саратов арасындағы Царев деген қала еді. Ноғайлар Сарай деп атап, оны орыстар Царев деп кетті. Сол кезде де біздің қазақтың орны осы Сарыарқада еді.

1446 жылы Жошы нәсілінен атақты Ұлуғ Мұхамед хан, біздің қазақ Ормамбет хан дейді, сол өлген соң Жошы нәсілдері хандыққа таласып, әрбір кішкене хандыққа бөлінді. Ұлуғ Мұхамедтің шын аты Темірхан еді.

Сол кезде Шибан нәсілінен Әбілқайыр хан деген 1452 жылы Қазан ханына да, Қырымға да қарамай, өз алдына Жошы ұлысының күншығыс жағын түгел билеп тұрды. Сонда қазақтың ханы Өз Жәнібек хан еді, Әбілқайырға қарап тұрушы еді. Өз Жәнібектің шын аты Әбусағид еді. Тоқайтемір нәсілінен Барақ хан баласы еді. 1455 жылы Өз Жәнібек хан немере інісі Шаһгерей ханменен тамам қазақты алып, Әбілқайырға өкпелеп, Шудағы Шағатай нәсілінен Есен Бұғаның баласы Тоқлуқ Темірханға қарады. Әбілқайырға өкпелеген себебін біздің қазақ былай айтады. Біздің осындағы арғындардың арғы атасы Дайырқожа ханның сүйікті қазысы екен, әділ айтқандықтан Ақжол атаныпты. Және Қара Қыпшақ Қобыланды батыр да Әбілқайырға сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Өз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шарифат бойынша қысас қылып өлтіруге сұрапты. Әбілқайыр хан берейін десе, көп қыпшақ бұзылатұғын болған соң, бере алмай, үш кісінің құнын алып, бітім қыл деген соң, Өз Жәнібек хан өкпелеп кеткені, біздің қазақта мақал болып жүрген “Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным” деген сөз – Дайырқожаның сүйегін айналып жүріп жылаған әкесі Қыдан тайшы деген кісінің сөзі, аты Қыдан еді, тайшы деген – өлеңші, ақын дегені. Біздің қазақтың арғын атасы Қотан ақын дейтұғыны осы және бұл сөзге бір дәлел – арғын Жанақ ақынның уақ Жарқын биге айтқан өлеңі. Жарқын би: “Атаңда ақындық бар ма еді?”– дегенде, Жәнібек би айтыпты:

Алашта Арғын аға туған зерек,

Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.
Арғынның түп атасы ақын Қотан,
Өлеңге бізден ұста болса керек.

Жоғарғы Әз Жәнібек хан қазақты алып ауарда, ноғай атанған туысқанымыздың жақсыларыменен көрісіп амандасып жыласыпты, соны біздің қазақ домбырашылары “Ормамбет хан өлгенде, онсан ноғай бүлгенде”, ноғай-қазақ айырылғандағы жылау күй деп домбыраменен бір зарлы күй тартады. Бұл Әз Жәнібек ханға еріп қазақ атанған елдің қазақ атанбай тұрып бөлінген арғын, найман, керей, қаңлы, қыпшақ, үйсіндегі дулат деген сықылды туысқандары көп. Жер жүзіндегі түрік нәсілді жұрттардың көбінің ішінде бар және қазақ атанған соң да көбі бөлініп, ноғай, башқұрт, өзбек атанып кеткен. Мұндағы үш жүздің қазағы атанып жүрген ел сонан қалған біраз ғана кісінің нәсілі.

Біздің қазақтың үш жүзге бөлінгенін қазақтар былайша айтады:

Әз Жәнібек қазақты Қашқардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң, кешікпей сол кезде қазақты Һәм көшпелі басқа елдерді Жүніс ханның Ахмет деген баласы билеп, оның ағасы Жәнеке, шын аты Махмұд деген, Ташкентте үлкен хан болыпты. Сонда Ахметхан қазақтың әскерге жараулысын үшке бөліп, ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз деп, қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахметханды Алашы қойыпты. Мағынасы “жаналғыш” дегені, оны есіткен соң, Ахметхан: “Қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда “алашылап”шабындар!” – деген соң, қазақтар алашы деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты. “Алаш алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмадық,” – деп қазақтың мақтанатұғыны сол.

1499 жылы жоғарғы Әз Жәнібек өкпелеген Әбілқайырдың немересі Шайбақ деген Әмір Темір нәсілінен Бұхара, Самарқандты тартып алып, 1508 жылы Мауренаһарды алып, Ташкентті алмақ болғанда, қазақты билеген Ахмет алаш пенен ағасы Жәнеке Махмұт Оратөбеде Шайбақпен соғысқанда, қазақтар: “Шыңғыс тірі күнде бізді Жошы ұлысына беріп еді, Шағатай біздің ханымыз емес, тәжік-сарт туысқанымыз да емес, “өзбек – өз ағам, сарт – садағам”,– деп, Шайбақ ханға қосылды. Сол соғыста Шайбақ жеңіп, Жәнеке Махмұд пенен Ахмет алашты өлтірген соң, ондағы Шағатай нәсіліне қарап жүрген қазақпен жақын елдер және қазаққа қосылды. Бұл сөздің анықтығы Әбілғазы Баһадүр, Аристов екеуінің кітабында да бар. Ол уақытта Әз Жәнібектің баласы Қасым хан еді. Қоластындағы халқы бір миллиондай болды.

“Қасым ханның қасқа жолы” деген қазақтың алғашқы бітім билігін шығарған осы хан еді. Оның баласы Сығай хан болып, оның баласы

Тәуекел хан болды. 1598 жылы Сығай хан Шайбани нәсілінен Ташкентті тартып алып, Түркістанға орнықты. Өйтсе де, көшпелі халықтың қалалы жұртты билемегі қиын болды және, бір жағынан, мағолдан қысым көріп, қазақтың жеріне келген қалмақтар да тыныштық бермей, Сығай ханның орнына хан болған Тәуекел хан кезінде Шайбани нәсілдері Ташкентті қайта алды. Олардың ханы Тұрсын Мұхамед деген еді. Жоғарғы Тәуекел ханның орнына баласы Есім хан болды. Қазақтың Еңсегей бойлы Ер Есім дейтұғын ханы осы және жоғарғы Қасым ханнан қалған қазақтың жолын түзетіп, “Есім ханның ескі жолы” атандырған осы еді. Бұл Есім хан 1628 жылы Тұрсын Мұхамед ханды өлтіріп, Қатаған елін шапты. Бұл сөздің анығы мынау:

Шежіре түрікті жазған Әбілғазы Баһадүр хан туысқандарымен хандыққа таласып, Үргеніштегі өзбектер бұзылып, үш бөлініп кеткенде, осы Есім хан қолына келіп тұрдым дейді. Сонда Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, Қатағанды шапты дейді. Жәрдем көремін деп келген хандардың жайы былай болған соң, Есім ханнан рұқсат алып, қайттым дейді. Бұлай болғанда, біздің 9-ншы атамыз Сарының қатыны – Тұрсын ханның қызы Қоңырбике сол 1628 жылы алып келінген болатын. Оны қазақтар былай айтушы еді: Атамыз Сарыменен бір туысқан інісі Әлі деген бір сартта қызметкер болып жүргенде, Есім хан Қатаған елінің ханы Тұрсынды өлтіріп, Ташкентті қайта алыпты деген хабар келіпті. Мұны естіген соң, Әлі сарттың жемге байлаған екі атына мініп, елге қарай қашыпты. Жолда келе жатып, әкесінің өлгенінен бұрын сейілге шығып жүрген Тұрсын ханның қыздарына жолығып, оларға сырын айтпай, елге келіп, елден кісі алып барып, Айбике, Нұрбике, Қоңырбике деген Тұрсын ханның қыздарын қанша нөкер қыз һәм жасау-жолдастарыменен алып келген соң, Әліге көріп, бастап барған жолдасына Қоңырбикені барша киім, шатыр, сайманымен берген соң, жасау киімдерін өзі алып, Қоңырбикені ағасы Сарыға беріпті. Сол Қоңырбикеден біздің 8-нші атамыз Кішік пенен Мәмбет сопы туыпты. Есім ханнан соң баласы Жаһангер болды. Оны қазақ Салқам Жәңгір дейді. Онан соң оның баласы Әз Тәуке хан болды. “Есім ханның ескі жолы” деген жолдан кем қалған бітім жолдарды түзеткен осы еді. “Күлтөбенің басында күнде кеңес” деген жол бітім сол еді. Бұл Әз Тәукенің тұсында қазаққа Қатаған да, қалмақ та, өзбек-сарт та жау болып, Ташкентті алып, қазақ онда көп тұра алмай, 1652 жылы ауып, Амудариясының жағасына, парсының бергі шетіне барды. Бұл Әз Тәуке Салқам Жәңгірдің қалмақтың ханының қызы қатынынан туған баласы еді. Мұнан басқа, Үргеніштегі Ғайып ханның қызынан туған Уалибақи деген баласы бар

еді. Жәңгірдің орнына Өз Тәуке хан болғанда, хандыққа өкпелеп, Уалибақи Ғайып ханға кетіп еді.

Өз Тәукенің тұсында қазақ Амударияда тұрғанда, бұрын парсыға қарап тұрған Ақжар деген түрік нәсілінен бір Надыр шаһ деген мықты кісі шығып, парсы жұртын қаратып алғанда, қазақ сонан қорқып, қайта ауып, Сырдарияға келіпті. 1690 жылдардың шамасында Өз Тәуке өліп, орнына баласы Болат хан болды. Ол келгенде қазақтың бұрынғы орнына қалмақ иеленіп қалған екен. Сол тақырыпты жанжал-төбелес болып, ақырында 1723 жылы қазақ, қалмақ болып жиылып соғысқанда, қалмақтың бастығы Цеван Рабдан қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда қазақтар аш-жалаңаш, жаяу шұбап бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтыпты: “Балалар, адам бастан кешкен жақсылықты қандай ұмытпаса, жаманшылық көргенін де сондай ұмытпау керек, біздің бұл көрген бейнетіміздің аты “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама болсын,”– дейді, мағынасы – “табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан күн” дегені және сол жолда айтылған қазақтың ескі өлеңі мынау:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айырылған қиын екен,
Қара көзден мөлдіреп жас келеді.
Мына заман қай заман – қысқа заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.
Мына заман қай заман – бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман?
Қарындас пен қара орын қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын.

Ауып көшкенде, Қаратаудан көш асқанда, енесін ертіп алған бір тайлақ көшті жанап, боздайды. Қарындасын, жақынын қалмақтар өлтірген жылаулар, оны жоқтап ол да зарлайды, көштің алды-артын шалып жүрген батырлар қарауылда отырып оны көріп айтқан өлеңдері еді.

Біздің Әнет баба деген кісінің 97 жасында жүре алмай қалған жолы да осы. Бәкеңменен туысқан Қалқаманның Мәмбетейдің Мамыр деген қызы туралы оққа байлады деп, Әнет бабаға өкпелеп, Бұхара төңірегіне кеткені де осы жолының аз ғана алды еді. Әнет бабаның бәйбішесінің бес баласы қалмақтың оғына ұшып өлгені де сол соғыста еді.

Осы Ақтабан шұбырынды болып ауғанда, Ұлы жүз Бұхара, Ташкент маңына жақын қалып, Орта жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барды. Қыпшақтар онан ары Арал көлі менен Ақ теңізге барып, башқұрттар менен Кіші жүз алшын онан күнбатыс һәм солтұсқа барады. Сонда Кіші жүз ханы – Әз Тәукенің бір баласы Қарт Әбілқайыр деген хан еді. Орта жүзде Болат ханның бір баласы Сәмеке хан еді. Ұлы жүздегі үлкен хан бәрінің үстінен қарайтұғын Болат ханның Әбумұхамет деген баласы еді. Оны біздің қазақ Әбілмәмбет дейді. Аристов сөзінде, сол ауғанда Ұлы жүздің қаңлы, дулат деген таптары қалмаққа қарап қалды дейді. Қалмақпенен көбінесе ұрысқан біздің Орта жүз еді. Қазақтар үш бөлінерде: “Күніміз туса, тыныққан соң жиылып, қалмақтан ата қонысымызды алалық”, – деп уағдаласып тарады. Қалмақтың осы зорлығынан ауып, ішкері орысқа жақын барғандар 1731 жылдарда қалмақтан құтылуға орысқа қарамақ болды. Мұнан кейін Ұлы жүздегі Әбумұхамет хан тамам қазаққа хабар айтып, жиылып, қалмақпен ұрыспақ болды. Сол кезде өзіміздің Абылай хан жас бала күнінде Ұлы жүзге келген кез еді, оның мәнісі мынау:

Жоғарыда айтылған Салқам Жәңгірдің бір баласы Уалибақи хандыққа өкпелеп, Үргеніштегі нағашысы Ғайып ханға барды деп едік, оның баласы Абылай деген бек мықты болып жекпе-жекке шыққан батырларды өлтіре берген соң, қанішер Абылай атанды. Оның баласы – Көркем Уәли, оның баласы – Әбілмансұр, біздің хан Абылай дегеніміз осы Әбілмансұр еді. Жоғарыда үш атасы да Ғайып хан қолында тұрып, хан болмай өлген. Мұның тұсында Ғайыптың нәсілінен хандық кетіп, жүдеу тартқан соң, Әбілмансұр жетім бала күнінде, қазақ елім, Сарыарқа жерім деп іздеп, үйсін Төле бидің қолына келді. Төле би басында түйе бақтырып, онан соң жылқы бақтырып, ақырында әртүрлі мінездерімен ұнап, бала қылып күтіпті. Кімсің десе: “Білмеймін” – деп, “Атың кім?” – десе: “Сіз қойған ат атым болсын,” деген соң, шашы өскен, киімі жыртық балаға Сабалақ деп ат қойыпты. Бір күні Әбілмәмбет хан қазақты жиып, қалмақпен ұрысқалы жатыр дегенді естіп келіп, Төле биден соғысқа баруға рұқсат сұрапты. Төле би: “Балам, саған соғыстан жылқы жақсы емес пе?” – десе: “Желкілдеген тудан, жер қайысқан қолдан қалғанша, жігіт адамның өлгені жақсы,” – деген соң, Төле би рұқсат беріпті. Барса, қазақ пен қалмақ екі төбеге жиылып, ортасында қалмақтың Ғалдан Серен ханының күйеуі – Қонтажы деген әскербасының баласы Шарыш деген батыр қазақтан жекпе-жекке батыр сұрап жүр екен. Әбілмансұр Әбілмәмбет ханға барып: “Тақсыр, бата берсеңіз, мынаған мен барайын” – дегенде, хан бата берген соң, “Шарышқа қарай “Абылай! Абылай!” деп ұран салып барып, Шарышты өлтіріп, басын

кесіп алып: “Жау қашты!” – деп айғай салған соң, қалмақтар қашып, бір мезгілде бір жерге келіп хан шатырын құрып, Әбілмәмбет Әбілмансұрды қасына отырғызып: “Шырағым, сен кімсің, Абылайлап шапқаның қалай?” – десе: Мен қанішер Абылайдың немересі едім, соғыста жолы болған атамның атын ұран қылдым,” – дейді. Сонда Әбілмәмбет хан: “Қарағым, бауырым!” - деп құшақтап сүйіпті де, халыққа айтыпты: “Баяғы Уалибақының нәсілінен жалғыз бір бала қалды деп естіп едім, бұл сол екен, сіздер ұнатсаңыз, үлкен хандық осының орайы еді,”– деп, халық ұнап, үш жүзден тоқсан жақсылар ертіп барып, өздері қасиетті көретұғын арғын, шақшақ нәсілінен Жәнібек деген кісіден бата алып, Әбілмансұрды үлкен хан қойыпты. Абылай атанғаны Абылайлап шапқаннан болды. Абылайдың хан болғаны 1735 жылдың маңайы болар.

Сонан соң біздің Орта жүздің жақсылары: “Бұрын үлкен хандар Ұлы жүзде болушы еді, бұл ханды өзіміз сақтаймыз, қалмақпен көп ұрысатұғын да біз,” – деп, Төле биге сый алып барып, Әбілмансұр-Абылай ханды алып келіпті.

1741 жылы Ташкенттегі қалмақтың ханы Ғалдан Серен: “Қайда болса да, Абылайды тірі ұстап алып кел, Шарыштың орнына өлтіремін,” – деп, отыз мың әскерменен Жалбы деген батырын жіберіпті. Осы Шыңғыс пенен Тарбағатай тауының тау арасындағы жолдарменен жүріп қарағандықтан, сондай жолдар Жалбы жол атанған, Жалбы батыр іздеп барып, Ұлытауда аңда жүрген уақ Өтеген батырды ұстап алып, Абылайды сұраса, айтпаған соң, қол-аяғын кісендеп алып және қарап, Абылайды ұйықтап жатқан жерінде ұстап алып, екеуін Ғалданға алып барыпты. Өтегенді зынданға салып, Абылайды есекке мінгізіп, қорған күзеткендердің қасына қойыпты. Орта жүздің қазағы: “Абылайды алып кетті,”– деп Кіші жүз ханы Әбілқайырға барған соң, ол: “Абылайды қай жолмен болса да Ғалданнан босатып алып бер,”– деп, орыстың Неплюев яки Нефелдеев деген жандаралына айтыпты. Ол Абылайды сұратып, Ғалданға Миллер деген майорды жіберіпті. Және қазақтар, өзіміз де сұраймыз деп, үш жүзден өңкей жақсылары да барыпты. Ғалдан оларға жауап бермей, әлденеше күндей қонақ қылып, бір күні хан ордасына қазақты да, орысты да жиып, Абылай мен Өтегенді алып келіп, Өтегенді кісенімен босағаға тастап, Абылайды алдына алып келіпті де: “Мен сені Шарыш сықылды батырдың оранына өлтіремін, не арманың бар?”, – депті. Сонда Абылай: “Тақсыр, менің үш арманым бар! Әуелі, мен Шарышты қазақ пен қалмақтың қан майданында өлтірдім. Сіз мені ұйқыда ұстап алып өлтіргелі отырсыз, қазақ пенен қалмақтың қан майданында өлсем, арманым жоқ еді. Екінші, қазақ орнықпай жүрген

ел еді, бір жерге орнықтырып, өмірге кіргізіп өлсем армансыз едім. Үшінші, төрт атадан бері жалғыз едім, осы күнде өліп кетсем, не бала, не бауырым жоқ, дүниеге келмегендей боламын ғой,” – дегенде, Ғалдан хан төмен қарап отырыпты да, қасындағы уәзіріне: “Мынаның сөзінің бәрі рас, әсіресе соңғы сөзін қарашы, мен де төрт атадан бері жалғыз едім осы күнге, жалғыз балам Әмірсана өліп кетсе, мен де тұқымсыз кеткенім-дағы,” – деп қалмақ тіліменен айтқан екен, Абылай хан, алдияр деп, қол қусырып тұра келіпті. Ғалдан хан Абылайға: “Сен неге алдияр дедің? Мен сені өлімнен босаттым ба?” – десе: “Тақсыр, жалғыз балаңызға ұқсатқаныңыз босатқаныңыз ғой, мен қалмақша тілді білемін,” – депті. Ғалдан хан Абылайдың сөзіне разы болып, Әмірсана екеуін дос қылып, қазаққа, орыстарға да қанша сый беріп, Абылайға, күндебау деп, бір өз нәсілінен жетім қыз беріпті. Күндебау дегені – үзілмес достық дегені. Сол қыздың бір кішкене інісі апасынан қалмай жылаған соң, оны да Абылайға беріп: “Өз бауырындай көр,” – деп тапсырған екен. Абылай оның атын Махмұт қойыпты. Біздің қазақ Мәмет дейді. Оның баласы – Бөлішке, Бөлішкенің баласы осы күнге Мәмбетай, Мотыш ішіндегі Шыңғысхан, Семейхан төрелер.

Ғалдан хан Абылайды босатқаны 1743 жылы еді. Сонда Абылайдан Ғалдан хан үш сөз сұрапты. Бірі: “Еліңде қой көп бола ма?” – депті. Абылай көп десе: “Қойшы өтірікші, қой ұры” деген сөз бар еді. Еліңнің ұсақ жанжалы басылмас, – депті. Екінші сөзі: “Еліңде сиыр, жылқы көп пе? – депті, Абылай көп десе: “Ендеше, елің еңбексіз, сүт пен қымыз ішіп, ет жеп, балалары ақымақ туады десеңші,” – депті. Үшінші: “Елің егін сала ма?” – десе: “Салмайды,” – депті. “Олай болса, жер емшегін ембеген ел әлде болса неше аударылып, жуырда орнықпас,” – депті. 1754 жылы Ғалдан хан өлген соң, қалмақтар өз ішінен бүлініп, қытайлар қалмақты шауып, быт-шыт қылды, қалмақтың бұл бүлінгенін Аристов кітабында Тибет пенен маңғолдың алалығынан болды деп жазады. Біздің қазақ онан гөрі біртүрлі сөз айтады. Ол мынау: Ғалдан ханның қатыны – Әмірсананың шешесі қытайдың Ежен ханының қызы екен, оны аларда Ғалдан өзі бармай, бірталай сыйменен жақсы кісілерін жіберіпті, Ежен қысты күні ұзатқан екен. Жолда қыс жаман болып, неше күндей боран соғып, әбден өлер болып, адасып жүргенде, Алатауда қанша батырларыменен жол тосып, батырлық қылып жатқан Ұлы жүздің Төлекей деген батырына жолығыпты. Төлекей оларды екі-үш күн қонақ қылып, еліңе бар десе, қыстың жамандығынан кете алмай, Төлекейге жалынып, қыстай тұрып, жаз шыққанда кеткен екен. Сонда қыз Төлекейден буаз болып, барып Әмірсананы тапты деген өсек

болған екен. Ғалдан хан өлген соң, өзге ағайынның балалары сол сөзді сылтау қылып, Әмірсана қазақтың баласы деп, хан қоймай, қалмақтың көбі өзгелеріне болысып, хан қойған соң, Әмірсана нағашысы Ежен ханға барыпты. Ежен хан бұл жақтағы шеткі қытайдың бастықтарына қалмақты Әмірсанаға қаратып бер десе, қытай келіп қалмақты шауып, быт-шыт қылып, тоздырып жіберген соң, Әмірсана: “Елімді тоздыр дегенім жоқ,”– деп, қытайдың әскеріменен жауласып, қашып Абылайға келіпті. Абылай қытай келіп қала ма деп, жер шола үш мың кісісіменен барса, осы Аягөз өзенінде қытайдың сансыз көп әскеріне жолығыпты. “Нағылып жүрсің?” – десе: Әмірсана сенде, соны бермесең, қазақты шабамыз,”– деген соң, не қыларын білмей, Әмірсананы үш күнге шейін тауып бермек болып, қайтып келіп, қытай әскері жоқ десе, Әмірсана Абылайға: “Сен қытайға жолықтың, бірақ мені береріңді, қазақты шапқызарыңды білмей отырсың ғой, мені қытайға бер, бірақ екі сөз айтайын, әуелі, мені алдым деп хат берсін, соған тоқсан жақсы кісісінің бармағын сиялап, мөр орнына басқызып ал, мөрден танар, қол сызығынан тана алмас; екінші, мен де хан баласымын ғой және Еженнің жиенімін ғой, өз алдына алып барғанша байламай, күзетіп, бос алып бар деп тілек қыл,”– дейді. Абылай хан Әмірсананың айтқанын қылды да, қытайға берді. Былай шыққан соң, үш күнге жетпей, Әмірсана бір тұман түні қашып кетіп және Абылайға келген соң, Абылай ұстап тұра алмай, орыстың Екатерина Второй деген қатын патшасына жіберді. Қытайлар қайта келіп сұраса, Абылай: “Өздеріңе бергенмін,”– деген соң, қайтып кетіпті. Орыс патшасы Әмірсанаға, қалған қалмақтарын қаратып бер деп, көп әскер қосып жібергенде, жолда Әмірсанаға шешек шығып өлген соң, орыс әскері қайтып кетіпті.

Жоғарыда айтылған 1723 жылы қалмақтан жеңіліп, Ақтабан шұбырынды көріп, Орта жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барғанда, біздің тобықты Орынбордың бергі жағында Ордың қара ағашына барған, онан да арғы барған Кіші жүз қазағы орысқа қарамақ болыпты деген соң, сонан қорқып, тобықты көшіп, Ырғыз, Торғай өзендеріне келген, сонда біздің 4- атамыз Ырғызбай менен інісі Торғай туып, аттарын сол өзен атыменен қойыпты. Онан және бері қарай көшіп, Мамай батыр бастап, осы Көкен Орда, Доғалаң тауларының ортасына келіпті. Сол кезде Орта жүз де орысқа қарамақ болды дегенде, дадан тобықты Қараменде бидің біздің Кеңгірбай биге сәлем айтқан өлеңі мынау:

Басында Сырдан шығып, Орға келдік,
Табан тиіп жүре алмай, зорға келдік.
Қол алдынан құрулы талқы деген,
Бұл жаққа баққа келмей, сорға келдік.

Сәлем де Кеңгірбайға, кел, кетелік,
Мықты сабаз атанды терлетелік.
Мұсылманның жұртына маңдай қойып,
Аты жақсы дариядан ары өтелік.

Біздің тобықты мұнда келген кезде бұрын келіп қалмақты қуған найман, матайлар Шыңғыс бектерінде екен. Уақтар Ертіс жағасында екен. Тобықтыны азып-тозып келген ел деп, матайлар малына зорлық қыла берген соң, тобықты матайменен жанжалдасып, бұрынғы арғынның ата қонысы Шыңғысты өзіміз аламыз деп, матайды қуып, Шыңғысқа орнықты. Бұлар матаймен әуре болып жатқанда, уақтар Көкенге келіп қонған соң, Кеңгірбай би кісі жиып барып, уақты қуып жіберіп, осы күнгі Кеңгірбайдың “Тас үйген” деген жеріне барып қоныпты. Уақтар Көкеннен тобықтыны шығара алмаған соң, өздеріменен көрші қазақ-орыстан кісі жиып алып келіп, Кеңгірбайдың ауылын шаппақ болған соң, Кеңгірбай би: “Мен арғынның жақсыларына хабар жібердім. Арғын менен уақ ортасына бөлік салып бітелік,” – деп, тоқтатып қойып, түн болғанда төбе басына кісі сықылды қылып көп жерге тас үйіп, өзі түнде көшіп кетіпті. Ертең уақтар қараса, төбенің басы толған кісі болған соң, “Бізді алдап, жасаққа кісі жиған екен,” – деп, шолғыншы жіберіп, бәрі тас екенін біліп қайтыпты. Сөйтіп, тобықты Шыңғыс тауына ие болған.

Біздің қазақтың ескі сөзінше: бұл Шыңғыс тауының Шыңғыс атанғаны – баяғыда Шыңғыс хан тамам мағол-татарды алып үлкен хан болғанда, осы Шыңғыс тауында қоластындағы елдердің тап басы бектері келіп, мына Қарауыл өзенінің күншығыс жағындағы хан биігінің басына ақ кигізге салып хан көтеріп Шыңғысты алып шыққан, сонда Ұлы жүз қазағынан үйсін Майқы би барған екен. “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би” деп мақал болған кісі. Және Орта жүзден Қоңырат Сеңгеле би барған, сонда Шыңғыс хан бектеріне ұран, құс, ағаш, таңба беріпті. Ұлы жүз Майқы биге: “Таңбаң сүргі, яғни малатемір болсын, құсың бүркіт болсын, ағашың қара ағаш болсын, ұраның салауат болсын,” – депті. Орта жүз Сеңгеле биге: “Ұраның қоңырат, құсың сұңқар, ағашың алма, таңбаң-ай болсын,” – дейді. Айтаңба – Шыңғыс ханның шын аты Темужин еді, сол үлкен хан болғанда, Шыңғыс қойды. Мағынасы – бек мықты, зор деген сөз. Бұл таудың аты Шыңғыс атанғаны сол, ана биіктің Хан биігі атанып, осы біз қыстап отырған өзеннің Хан өзені атанғаны бәрі де сол Шыңғыс хан атыменен. Әбілғазы хан сөзінше, бұл таудың бұрынғы аты Найманкүре болса керек.

Жоғарыда айтылған қалмақ бүлініп, хандығы жоғалған соң, бұрынғы қалмақтан қашып кеткен қара қырғыздардың көбі қайта

үлкен Алатаудағы орнына келді. Ұлы жүз қазағы күнбатыс Алатаудан Қаратал өзеніне шейін өз орнын алды, Орта жүзден керей менен найман Тарбағатайға келіп, ақырында қытай жеріне де кіріп, найманның шеті Ебінор басына шейін барып, керей Қара Ертіске барды.

1757 жылы Абылай хан менен Әбілмәмбеттің баласы Әбілпейіз хан Пекин қаласындағы қытайдың ханына барып, Қытайға қарап тұрмақ болып, ван атанып келді. Мағынасы – орысша вассальный князь, қазақша ішін өзі билеп, сыртынан қытайға есеп болмақ, қытайға жүз жылқыдан бір жылқы, мың қойдан бір қой берсе, қалмаққа қараған жердің бәрін де иеленіп, қыстап көшіп жүрмек болды.

1765 жылы орыс патшасыменен ынтымақтасып, Ертістің бер жағында он шақырым жерден бөлек қылып, онан ары өтіп барған қазақтан жер хақына орысқа мал төлемек болды.

1766 жылы Абылай хан менен Әбілпейіз хан Ұлы жүзге болысып, Ташкентте қойған Қоқан ханның бегін қуғалы барған. Басында соғысып, ақырында Ташкентті босатып алған тойда Абылай ханға еріп барған біздің 4-атамыз Ырғызбай палуанға түсіп, атақты Қоңыраулы палуанды жығып, палуан бәйгесіне тіккен көп астықты алып барған әскер азық қылыпты.

1780 жылы Жүніс қожа деген Ұлы жүзді жеңіп, Ташкентті алды. Жүніс қожа өлген соң, 1810 жылы Ташкенте Қоқан ханына қарады. Сөйтіп, Абылай хан орыс патшасына сүйеніп, қазақты отырықты ел қыламын деп жүргенде, арғын Бекболат би болымсыз нәрседен Абылай ханды өкпелеткен соң, Абылай хан Ұлы жүзге кетіпті. Оның себебі мынау: Бір тойда қазақтың бір қадірлі байының жалғыз баласы Абылай ханның немересін, хан баласы екенін білмей, камшымен ұрса, басынан тымағы түскенде, хан баласы киетұғын белгілі оқалы тақиясы көрінген соң, Бекболат би: “Шырағым, кеш,” – деп, Абылайға білдірмей қойыпты. Артынан Абылай хан естіп: “Сол ұрған бай-батшаны берсін ханда қадір болмаса, қарада ұят қалмайды,” – деп Бекболатқа кісі жіберіпті. Бекболат өз баласы Тіленшіні ханға жіберіп: “Не мені алсын, не сұраған жігітті алсын,” – десе, Абылай хан: “Бұл Бекболаттың мені қазақтың бір баласы құрлы көрмегені ғой,” – десе, Тіленші Абылайға: “Түйенің өзі – түйе, құмалағы да түйе бола ма?” – деп қарсы сөз айтқан соң: “Мынаның мені түйеге ұқсатып, баламды құмалақ дегені,” – деп, Тіленшіні ұстап алып, Ұлы жүзге қарай көшіпті. Артынан Бекболат барғанда, Абылай хан: “Неге келдің?” – десе: “Баламды бер, балама келдім,” – деген соң, Абылай хан: “Бекболат, сен мені іздеп келді ғой десем, ханның қадірі менен

қазақтың елдігін жоғалтайын деген екенсің, балаңды ал да, кет,” – деп, Ұлы жүзге кетіп, сонда өлді. Абылайдың дәл қай жылы кеткенін біле алмадым, олай да болса, қисыны 1788 жылдың орайы болар.

Абылай хан кеткен соң, Орта жүзге қырық сан Барақ хан деген болса керек, оның баласы Бөкей хан болған, Кіші жүздегі Бөкей хан емес. Сол Бөкейге орыстың Александр Павлович деген патша тұсында әскербасы Глазунов деген кісі 1811 жылы хат жазғаны бар. Орта жүздің хан атанғанының ең соңы – Тұрсын Шыңғысұлы, Бөкей немересі, Қарқаралыны билеген. Содан соң хан деген біржолата қалып, қазақтан аға сұлтан сайланғаны, бұл Тұрсын ханнан бұрын, 1822 жылы еді.

Қазақтың ең әуелі орыс заңына қарай бастағаны сол. Онан кейін 1824 жылы да қырда округ ашылып, басында бес жылға шейін алымнан азат болып, онан соң жүз малдан бір мал алым берді. Ақырында, 1868 жылы, жаңа заң шыққан соң, қазақ біржолата орыс заңына қарады.

Біздің қазақ басынан көшпелі болып, ат үстінде жүрген халық. “Қала болғанша, мола бол, арық аттаған аштан өледі,” – деп, отырықты өмірді жамандап, “Ер азығы елде, еріккендер қолда,” – деп, барымташылықты мақтап, тұрақсыз қазақтықпен күн кешкен жұртпыз.

Қазақтар.– Алматы, 1988. -3 том. 32-81 бб.

ҚАЗАҚТЫҢ ТҮП АТАСЫ

Қазақтың түп атасы – батыр Түрік,
Арабсың деген сөздің түбі шірік.
Пәленше сахабаның затысың деп,
Алдаған дін жамылған өңкей жулик.

Адамның тұқымынан Нұқ пайғамбар,
Үш ұлы: Хам, Сам, Яфас міне осылар.
Яфастың бір баласы Түрік деген,
Өрбіген сонан өсіп талай жандар.

Болады араб жұрты Самның ұлы,
Біледі шежіренің бәрі мұны.
Түріктің шын аты екен Надұлұше
Түрік деп неге атанды, тыңда соны.

Қарлы Алтай қатты суық тауда жүріп,
От жаққан Надұлұше оймен біліп.
Суықтан сөйтіп елін сақтаған соң
Түрік деп хан көтерген патша қылып.

Оқ өтпес түрік деген темір тұмақ,
Ат қойған ұйқастырып елі тым-ақ.
Жан сақтар темір киім, от ел сақтар,
Емес пе жарасымды көрсең сынап.

Аталған сөйтіп Түрік Надұлұше,
Ол кезде жылдар өтті мыңдап неше.
Түріктен шыққан талай сайып қыран,
Жер жүзі тітіренген түрік десе.

Кім білмес баяғы өткен Оғызханды,
Қаратқан қол астына талай жанды.
Басында Азияны түгел билеп,
Үрім, Парсы, Арабтың да көбін алды.

Жазады талай елдің жазушысы,
Адамның өзгеше деп қылған ісі.
340 - жыл бұрын пайғамбардан,

Атағы жер жүзіне шыққан кісі.

Оғызхан – Мұғылханның немересі,
Қарахан еді оның өз әкесі.
Ерлігі, естілігі, әділеті,
Әлемде болған емес бір теңдесі.

Айтайын Атилланың қылған ісін,
Сикыр деп ойлаған жұрт қайрат күшін,
Азияны түгел билеп, Европаның
Көбі ауған Атилладан қорыққаны үшін.

Атилла- Мұңжықханның баласы еді,
Басы үлкен, кеудесі кең, аласа еді.
1500 жылдай болды өлгеніне,
Оның да қылған ісі тамаша еді.

Қайтейін айта беріп алған жерін,
Атаңның ойға түсір сондай ерін.
Қор болып осы күнде отырсың да,
Қозғалсын өткенді ойлап іште шерің.

Кім білмес кешегі өткен Шыңғысханды,
Жартысын дүниенің түгел алды.
Талайын Европаның бас игізіп,
Қорқытып Қытайға да алым салды.

Қолына туып еді қан уыстап,
Әлемді билейтұғын үлгі нұсқап.
Қойылған Шыңғыстауға соның аты,
Өзгенің осы қаһан кеткен қыстап.

Ортасын араб, қытай түгел алып,
Азия, Европаға жарлық салып.
Мейірімді алған елге әділетті
Кетеді қарсыласса қанға малып.

800 туғанын жылға толды,
Темучин атын бұзып, Шыңғыс қойды.
Шыдамды Шыңғыс деген мықты демек
Отызға келмей тұрып бақыт қонды.

Ол туған Блюнжылдық деген жерде
Рахымды қол астында кірген елге.
Не дінге, не ғұрыпқа қол сұқпаған,
Ой жібер, міне, осындай кемеңгерге.

Кешегі Әмір Темір қандай еді,
Әлемге жаққан жарық шамдай еді,
Міне, оның туғанына 600 жыл,
Батырдың сайыпқыран маңдайы еді.

Әкесі Тарағай да батыр еді,
Кіші деген жерді билеп жатыр еді.
Ту ұстап Әмір Темір атқа мінді,
Жазасын талай жауы тартып еді.

Шыңғыстың алған жерін о дағы алған,
Болмайды бұл сөзімнің бірі жалған.
Түріктің қан жылтырым Баязитін
Ағашқа жеңіп ұстап таңып алған.

Дұшпаннан қарсы келсе қан ағызған,
Бір емес мұндай қанды көп ағызған.
Алғанда Асфәһанды көп соғысып,
Жетпіс мың бас сүйектен үй салғызған.

Түріктен талай сабаз батыр келген,
Шыққан жоқ ондай батыр бөтен елден.
Қытайды шабамын деп бара жатып,
Ол Темір дәл жетпіс бір жасында өлген.

Кім білмес кешегі өткен Тоқтамысты,
Орыстан алым алып, көрдей қысты.
Қазақ пен ноғайлының ақындары,
Едіге, Тоқтамысты жер қылыпты.

Демеңіз атақтының бәрін де жаз,
Жазуға түгел теріп, жетпес қағаз.
Кейінгі айтылатын сөзді тыңда
Түріктен тағы қандай шыққан сабаз.

Жоғарғы айтқанымды қылсаң пайым,
Құя бер құлағыңа ұққан сайын.
Бұл күнде Стамбулда бөлек тұрған,
Айтайын енді Оспанды – Түрік жерін.

Түріктің Сақа деген бір табы еді ол,
Тауына Гималайдың барыпты ол.
Сақадан қаңлы деген тап бөлініп,
Баруға Үрім жеріне тартыпты жол.

Солардың кеткеніне 700 жыл,
Айтылды біраз одан оны да біл.
Кез болып кезіп жүріп зор бақытқа
Қандай бақ берді тәңірі соны есеп қыл.

Қаңлының ханы болған Қия деген,
Жер алып, ерлікпенен ел билеген.
Ол өліп, жалғыз ұлы ер Сүлеймен,
Сол жерден қайта көшіп, жөнөп берген.

Параттың партиясына келіп жеткен,
Су тасып, нөсер құйып асқан шектен.
Алды артқа қаза келсе қарата ма?
Қапыда ер Сүлеймен суға кеткен.

Талапты тағдыр оған бала берген,
Қайратты ақылы артық дана берген.
Ер Тұғырыл Сүлейменнің жалғыз ұлы,
Сол жерде 400 үймен қала берген.

Көшсе де өңкей қаңлы көшпей қалған,
Ерлікпен маңындағы елді алған.
Бірталай аз уақыт әскер жиып,
Ер Тұғырыл есті батыр деп аталған.

Хан емес көп әскердің басы болған,
Қартайып сүйтіп жүріп жасы толған.
Орнына Оспан деген ұлы отырып,
Ер Тұғырыл 90 жаста опат болған.

Осы Оспан көп ел алып хан болыпты,
Ақылды, аса айлалы жан болыпты.
Келгенше осы кезге сол ат өшпей,
Оспанды түрік деген даң борлыпты.

Ұғып ал осы сөзді, жас ұландар,
Өз бауырың ол түрік те осыны аңғар.
Құл болып біз қорлықта отырсақ та.
Көп шыққан атамыздан арыстандар.

Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы хан ғой,
Баласы Бату дағы батыр жан ғой.
Сарт, ноғай, қалмақ, қырғыз, қыпшақ,
Басында бәрі соған қараған ғой.

Орысты алғаш алған Бату өзі,
1243 жылдың кезі.
Сағымға садақ ілген Сайын хан деп,
Батуға қойылған ат лақап еді.

Батумен бір туысқан Тоқай Темір,
Көшпелі Көк Орданы сол билеп жүр.
Біздің ел онда қазақ атанған жоқ,
Сарт, ноғай, қазақ, қалмақ түбіміз бір.

Батудың жұрағаты Өзбек хан,
Тұсында болған екен ол мұсылман.
“Дін қалды өзбектен” деген мақал,
Қалмайды әлі күнге аузымыздан.

Темірхан Тоқай темір жұрағаты,
Дейтұғын Орманбетхан лақап аты.
Айнытпай атасының орнын басқан,
Түріктің ол дағы бір асыл заты.

1446 жыл келгенде,
Орманбет қаза жетіп ол өлгенде.
Таласып, зор хандыққа ұсақ хандар
Быт-шыт қып ноғайлыны төрт бөлгенде.

Астрахан, Қырым, Қазан қаласында
Болыпты төрт бөлек хан таласында.
Билеген бергі шетті Әбілқайыр
1450 жылдың шамасында.

Осы кез біздің “қазақ” атанғандық,
Түрікте бір әдет бар ескі заңдық.
Тамызып, қанын сүтке қосып ішіп,
Анда деп жасайды екен туысқандық.

Туысқа ыда болған қарамайды,
Жақын деп қан қосылмай санамайды.
Ішсе де қай ұрумен қанын қосып,
Бір туған жақыным деп бағалайды.

Құралған әр рудан қазақ басы,
Анда боп қан қосылған қарындасы.
“Ел болып, өз еркімен еркін жүрген”
деген сөз қазақтықтың мағынасы.

Қарабура – Алматы, 1998. –78-86б .

ҚАЛҚАМАН – МАМЫР

Өткен іс – ойға күңгірт, көзге танық,
Көрмесе де білгенге бәрі қанық.
Мың жеті жүз жиырма екінші жыл
Қазақтың Сыр бойында жүргені анық.

Әнет бабаң Арғынның ел ағасы,
Әрі би, әрі молла, ғұламасы.
Орта жүзге үлгі айтқан әділ екен,
Сол кезде тоқсан беске келген жасы.

Кішік деген – бабаңның өз атасы,
Мәмбетей ол Кішіктің бір ағасы.
Мәмбет сопы, Кішіктің шешесі бір,
Қатаған Тұрсын ханның ханышасы.

Біздің жетінші атамыз Әйтек деген
Бабаңның бір туысқан інісі екен.
Әйтектің бәйбішеден жалғызы Олжай,
Тоқалынан Байбөрі Қалқаманмен.

Бәкең деп атап кеткен Байбөріні,
Бұл сөзім ертек емес, сөздің шыны.
Бір қыз үшін Қалқаман елден кеткен
Соның жайын айтайын тыңда, міне:

Мәмбетей өсіп, өнді бара-бара,
Сол таптан бір бай шықты жеке-дара.
Сол байдың он бес жасар қызы Мамыр
Әрі сұлу, әрі есті, еркекшора.

Онан басқа бала жоқ әлгі байда,
Оны қыз деп еш адам айту қайда.
Байдың көңілі жабырқап қала ма деп,
Жұрт жүрді құда болам дей алмай да.

Қалқаман қыз айттырмай жүреді екен,
Мамырды жас күнінен біледі екен.
Асықтығын айта алмай іштен жанып,
«Құрбымыз деп құр ойнап-күледі екен.

Мамыр жылқы бағады күндіз барып,
Тымақ киіп, қолына құрық алып.
Қалқаман Мамырменен малда жүріп,
Біраз сөз сөйлесіпті, кез боп қалып.

Жігіт сонда қызға өзін сүйдірмекке,
Асық болса оны да күйдірмекке,—
Жұмбақ мысал сықылды бір сөз айтты,
Көңіліндегі мақсұтын түйдірмекке:

– Ей, Мамыр, адамды Алла жаратыпты,
Хауа-Ананы адамға қаратыпты.
Бірін еркек, біреуін әйел қылып,
Екеуінен көп жанды таратыпты.

Құдай неге қылмаған адамды тақ,
Балаларын өзінен өстіріп-ақ.
Хауа-Ананы жаратудай мақсұты не?
Сол арасын білуге ақылым шақ.

– Ей, Қалқаман, тегі жоқ, Құдай жалғыз,
Мұқтаж емес жолдасқа тіпті армансыз.
Адамзатқа көмексіз, махаббатсыз
Өмір қызық дегенді естен қалғыз.

Жоқ болса махаббатты бір сүйгенің,
Ойлашы, керегі не дүниенің.
Сүйсін, жолдас болсын деп жаратты Алла,
Бұл туралы білгенім осы менің.

–Тауып айттың, Мамыржан, ұқтым жайын,
Сүйтсе-дағы тағы бір сөзім дайын.
Махаббатты жарым жоқ, жәрдемшім жоқ,
Өлейін бе, қайтейін, кімге айтайын?

Қалқаманның мақсатын Мамыр білді,
Аз ойланып үндемей сабыр қылды.
Жылы жүрек өзіне жар тапқандай,
Тыншымады, тулады, жүз құбылды.

Қызарды, бір ағарды байдың қызы,
Бетке шықпай тұра ма жүрек ізі?
Іші ыстық, сыртқы дене суық тартып,
Салқын термен мөлдіреп нұрлы жүзі.

Аздан соң Мамыр айтты: – Ей, Қалақаман,
Байқадым сөз аяғы бізге таман.
Қазір жауап берерлік уақытым емес,
Сүйтсе де үміт үзіп өлмек жаман...

Соны айтып амандасып Мамыр кетті,
Күн сайын Қалқаманнан сабыр кетті.
Мамыр бүгін қыздарша киінді деп,
Қалқаманға бір күні хабар жетті.

Қуанды атқан оғым тиді ме деп,
Мен үшін қыз киімін киді ме деп.
Қауіп шіркін тағы да ойлатады
Менен басқа біреуді сүйді ме деп?

* * *

Ол кезде жерге талас қазақ , қалмақ,
Атысып, ауыл шауып, жылқыны алмақ,
Бір соғыста қалмақты қазақ жеңіп,
Тобықтының бәрі де тойға бармақ.

Той қылған Орта жүзде Сәмеке хан
Жиылды той болған соң бірталай жан.
Бай-бәйбіше, үлкендер сонда кетіп,
Жас-жігіт, қыз-келіншек үйде қалған.

Қазақта бастан деген бір ырым бар,
Мал сойып, жастар ойнап, бір жиылар.
Қалқаман «Бастан қыл– деп қызға келді,—
Азар болса бір тоқты шығын шығар».

Сойғызды Мамыр сонда тоқтыны әкеп,
Ойнады қыз-бозбала етінен жеп.
Онашада Қалқаман Мамыр қызға
Бімдады «бір жауабың болмай ма?» деп.

Айтса да қыздан жауап үміт етіп,
Есітпеген кісі боп қалды кетіп.
Сүйтсе де сондағы айтқан сөзі мынау,
Еш адамға елеусіз өлеңдетіп:

– Ауылымның күнбатысы қалың қамыс,
Бүрсігүннен арғы күн болады алыс.
Жас кісіде бар болса жігер-намыс,
Болып кетіп жүрмесін жатпен таныс.

Солайша жауап берді Қалқаманға
Бұл сөзі байқалмады басқа жанға.
Бүрсігүні қамыстан жолықпасаң,
Мен саған жоқ деді ғой, байқағанға.

Қалқаман оймен шешті қыздың сөзін,
Таптым деп шешуінің анық өзін:
Бүрсігүні күн бата сол қамысқа
Келіп кірді сол ғой деп айтқан кезін.

Ел жата қыз да келді шоқ қамысқа,
Қалқаман айтты сонда көзтанысқа:
– Бүгін кешке осынан жолықпасаң,
Кетемін деп неге айттың тіпті алысқа?

– Ей, Қалқаман, аңғалсың аңқылдаған,
Біржолата келген жоқ Мамыр саған.
Тағдыр бізді қоспады, айып етпе,
Ертең құда түседі біреу маған.

Кеше білдім төбемнен ұрғандығын,
Құдалықтың дап-дайын тұрғандығын.
Бүрсігүннен кешіксең жауап жоқ деп,
Сол еді сөз ишарат қылғандығым.

Әке берсе, қыз болмас кімге қатын,
Қайтейін сенде-ақ еді махаббатым?
Еркекше киімімнен ұялам деп,
Уақыт өтті, сол болды қатты оғаттығым.

Алдыңа кешу сұрай келіп тұрмын,
Көзге тірі болсам да өліп тұрмын,
Қалқаман, осы саған қоштасқаным,
Денемді емес, жанымды беріп тұрмын.

– Ей, Мамыр, бұл іс онай, алдамасаң,
Зорлық жоқ өзің сүйіп таңдамасаң.
«Ер жеткен қыз еркімен ерге тиер» –
Молдалардан есіттім әлдеқашан.

Мамыр-ау, мені сүйсең, кетпе жатқа,
Құдайға хақ, ісім жөн шарифатқа.
Басы бабаң, аяғы шала молда,
Бәріне анық оқыған жамағатқа.

– Қалқаман, рас болса айтқан сөзің.

Сен үшін келіп тұрмын, көрді көзің.
Сүйген жарым, сүйенген жаным сенсің,
Не қылсаң да біле бер, мейлі өзің.

– Олай болса кетейін қазір алып,
Тұрсақ жазым болармыз қапы қалып.
Азар болса мал алар адам алмас,
Тобықтыны жиярмын бара салып.

– Қыз алған жоқ жақыннан Тобықты әзір,
Өлтірем деп жүрмесін бізді қазір.
Өзімді аяп тұрғам жоқ, сізді аяймын,
Сен сау болсаң болар ем мен-ақ нәзір.

– Мамыр-ау, айтып тұрсың әлденені
Шариғат қосады екен немерені.
Қайғы ойлап жаман ырым айта берме,
Алаңсыз сүйген болсаң анық мені.

Мамыр айтты: – Мен сенсіз тірі тұрман,
Үш қайырдым сөзіңді мен антұрған.
Бір құдайға сыйынып ал да жөнел,
Жолыңда өлсем разымын, жаным құрбан.

Алдандырдым мен Сізді сөзбенен құр,
Тәуекел деп Аллаға тез, жылдам жүр.
Заман қандай болар деп дайындап ем,
Боз жорға атым белдеуде ерттеулі тұр.

* * *

Мінді де екі ғашық кетіп қалды,
Ауылға бір сағатта жетіп барды.
Не де болса қылдым деп бір жұмысты,
Бара сала Олжайға кісі салды.

Олжай барды бабаңа түн ішінде,
Қысылшандық бар еді жүрісінде.
Бабаң басын көтеріп Олжайға айтты:
«Неге келдің, асыққан жұмысың не?»

– Қалқаман қашып келді Мамырды алып,
Қапы болдық өзгеміз білмей қалып.
Алыс жерге кетсін бе, тоқтасын ба.
Ақыл сұрай келіп ем сізге салып.

Бабаң мұны есітіп қайғы жеді;
– Бір жаман түс көріп ем бүгін, – деді.
Бітімсіз іс кез болып қалар ма екен,
Көкенайдың мінезі қатаң еді.

Көкенай – Мәмбетейдің бастаушысы,
Өзі батыр, мінезі қатты кісі.
Сол кісінің алдынан тараушы еді,
Бабаңнан соң бұл елдің көп жұмысы.

Бабаң айтты: – Кете алмас бір жас бала,
Тобықтыға хабар қыл бара сала.
Болар іс болған шығар, малды аяма,
Өзі оңдасын ақырын хақ тағала.

Тобықты, Қанжығалы, Басентиін,
Атығай, Қарауылмен бәрі жиын.
Бабаң хабар айтқан соң ел жиылды,
Сүйтсе де сөз аяғы болды қиын.

Мәмбетей жатып алды ырық бермей,
«Қалың мал ал, біт» – деген сөзге көнбей.
Қалқаман мен Мамырды өлтірмесе,
Кетеміз деп бабаңды тіпті көрмей.

Бабаң айтты: «Өлтірер жұмыс емес,
Таспен атып өлтірмек бұл іс емес.
Біреудің некелісін бұзбаған соң,
Қанына ортақ болу дұрыс емес».

Көкенай тағы көнбей жатып алды,
Бітім болмай неше күн жұрт сандалды.
«Қалқаман мен Мамырдың дауындай» деп,
Мақал болып бұл елге сонан қалды.

* * *

Көкенай жиды барып Мәмбетейді,
«Өлтірдім тентегімді өзім» дейді,
Бабаңа кісі салды дамыл бермей;
«Ол неге Қалқаманды өлтірмейді?!

Жақыным қызымды алды, ұнамаймын,
Қорлыққа тартып алған шыдамаймын.
Егерде Қалқаманды тірі қойса,
Ел болып Кішікпен бас құрамаймын.

Оллаһи, біз кетеміз, қазір ауып,
Менен басқа туысқан алсын тауып»,—
Бұл хабар Тобықтыға жеткеннен соң,
Сөзінен елдің бәрі қылды қауіп.

Бабаң айтты: «Ел бітпес оныменен,
Жүрелік шарифаттың жолыменен.
Бір еркек, бір қатынның құнын алсын,
Мәмбетей разы болсын соныменен».

Көнбеді Мәмбетейлер оған тағы;
«Ауамыз біз болсақ – деп қор қылмағы.
Әнет бабаң әділет қылмаған соң,
Көз көрмеске жат болып кеттік-дағы».

Көп берген түкке тұрмай қалың малы,
Ем болмады жалынып айтқан жалы.
Тобықты осы сөзге қақ бөлініп,
Болысты Мәмбетейге Қанжығалы.

– Ей, Баба, тәңірге аян адал ісің,
Сүйтсе де ел бүлінер бір бала үшін.
Болған соң қазақ та жау, қалмақ та жау,
Бұл елдің обалына қалмаймысың?

Болсын да Мәмбетейдің бір айтқаны,
«Еркек тоқты құрбандық» деген кәне.
Қалқаман Тобықты үшін жанды қиса,
Кетпей ме шаһит болып оның жаны?

Сол сөзге аударылды жұрттың бәрі,

Не қылсын көп наданға жалғыз кәрі.
«Кеселі көпке болып жүрмегей» деп,
Бабаңның шын кейіген шықты зары.

Салған соң өңкей надан көптік күшке,
Қалыпты қайран бабам қиын іске.
«Бір Алла, өзіңе аян жүрегім» – деп,
Байлапты өлтірмекке ертең түсте.

Бабаңның нұр жүрегі болды мұздай,
Жазасыз жасқа ешкімнің қаны қызбай.
Мысалы көз алдында тұрған жоқ па,
Қойдыңдар Абайға да не қылғызбай?

Аллаға Бабаң сонда сыйыныпты,
Аққан тер нұр жүзіне құйылыпты.
«Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін,
Көкенай сонда атсын» ,– деп бұйырыпты.

Өлтірсе, оғы тисе, өзі айтқан жол,
Аман кетсе, түк те жоқ, бітімі сол!
Мәмбетей шуылдапты разымыз деп,
Осыған тамам арғын басыпты қол.

Көкенай құлдық деді бұл билікке,
Мәмбетей шығып тұрды бір биікке.
Мінгізді Қалқаманды алып келіп,
Дейтұғын «Арда күрең» бір жүйрікке.

Төгілді көзден жасы көрген жанның,
Шолағын қарай гөр деп бұл жалғанның.
Жиылған көп қауымға қарап тұрып,
Қоштасқан сөзі мынау Қалқаманның:

«Ей, жұртым, мен өлемін, сендер қалдың,
Орнына бауыздадың айтқан малдың.
Өз бауырын оққа байлап өлтіртті деп,
Қалдыңдар обалына мына шалдың.

Назасы нақақ жастың қате кетпес,
Деймісің қалмақ сені тентіретпес.

Мамырдан қалған жанның керегі не,
Ісім ақ, қосылармын, еш нәрсе етпес.

Белгілі Мамырдан соң көп жүрмесім,
Түз-дәмін Орта жүздің деп жүрмесім.
Жалғыз-ақ Тобықтының дұшпандары
Рахымсыз, бауырсыз ел деп жүрмесін.

Қош, Баба, бата бер!» – деп тұра келді,
«А, Құдай, сақтай көр ...» деп бата берді.
Жөнелді күрең атпен сырылдатып,
Ажалға көпе-көрнеу байлап белді.

Көкенай садақ тартты дүрілдетіп,
Қақ жарды ердің қасын оғы жетіп.
Әйтеуір, ұлы дене аман қалды,
Оң жақта қара санынан өтіп кетіп.

Атының жалын құшып жүріп кетті,
Басына бір төбенің барып жетті.
Бір жеңін көйлегінің жыртып алып,
Аузына жарасының таңу етті.

Ат қойды, а, құдайлап көп бозбала,
Ажалдан қақты ғой деп хақ тағала.
Той қылып, ат шаптырып ойнаймыз деп,
Жабылды үйге жүр деп бара сала.

Қалқаман айтты: «Тоқта ,кұрбыларым,
Жоққа есеп осы күнде менің барым.
Аямай елім оққа байлаған соң,
Кетер ме өлгенімше іштен зарым.

Ел қылып Тобықтыны тұра алмаймын,
Ешкіммен ойнап-күліп жүре алмаймын.
Өлерде аямады, қайда аяйды,
Сендерге енді мойын бұра алмаймын».

Соны айтып қамшы басты күрең атқа,
Қуса да жеткізбеді жамағатқа.
Ұлы жүз Еділбайда нағашысы,

Жөнелді соған қарай– Бұхар жаққа.

Қалқаман сол кеткеннен кетіп қалды,
Халқына Әнет бабаң хабар салды.
Жаз шыға Қалқаманды іздейміз деп,
Тобықты ат жаратып дайындалды.

* * *

Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл,
Қазақ, қалмақ атысқан, мұны да біл.
Қалмақтың бастаушысы Суан Раптан,
Өзі батыр, соғысқа тым айлашыл.

Шеп құрып соғысыпты қазақ, қалмақ,
Қорыққа оңай емес шепке бармақ.
Бабаңның бес баласы садаққа ұшып,
Бұл соғыста қазаққа түсті салмақ.

Қазақты ол ұрыста қалмақ алды,
Үш есенің екеуін қырып салды.
Жеңілген соң тұра алмай Сыр бойында,
Арқаға қазақ ауып кетіп қалды.

Осы жол – бар қазаққа белгілі жол,
«Ақтабан шұбырынды» дегенің сол.
Жаяу жүріп табаны аппақ болып,
Қорлық көріп қазақтың шұбырғаны ол.

Сол себепті Қалқаман қалды ізделмей,
Іздемейін деген жоқ, шама келмей.
Ол түгіл Әнет бабаң көшке ере алмай,
Тірідей дөң басында қалған өлмей.

Тұқым бар Қалқаманнан осы күнде
Шын болса, Ұлы жүздің жүр ішінде.
Өздері Елібаймыз десе керек,
Білмейді кейінгісі бізді мүлде.

Бар болса Қалқаманның нәсілдері,
Оқыған осы өлеңді талапты ері.
Осында туысқан ел Олжай - Бәкең,

Семейпалат облысы тұрған жері.

«Хан Шыңғыс» деген тауда тұрмыз біз де,
Егерде іздесеңдер, сонан ізде.
Тобықты Құнанбай қажы десе,
Басты кісі біледі Орта жүзде.

Құдайбердиев Ш. Шығармалары / Өлеңдер, дастандар, қара сөздер/. – Алматы, 1988. –280-291 бб.

ЕҢЛІК – КЕБЕК

Өткен адам болады көзден таса,
Өлді-өшті, оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп, ұмытпаса.

Ақыл деген – денеге егулі дән,
Суғарылса кіреді оған да жан.
Ақылдың өсіп-өніп зораймағы –
Көрген, білген нәрседен ғибрат алған.

Есітіп, біліп, көз көріп, ойға салмақ,
Өткен істен адамзат бір үлгі алмақ.
Қызықпақ, не жек көрмек, жиіркенбек,
Бастан кешкен әр істен белгі қалмақ.

Ақылдың кей іс жауы, кей іс досы,
Бұл екі істен болмайды өмір босы.
Досыңды жау, дұшпанды дос көрсетіп,
Көзді байлап нәпсінің қылғаны осы.

* * *

Қалмақ жеңіп, қазақтан алған кегін
Қалқаман қиссасында жазып едім.
«Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл
Ақтабан шұбырынды болды» –дедім.

Сырдан қалмақ қуған соң біздің елді
Күні-түні шұбырып Шуға келді.
Табан тиіп жүре алмай, халі құрып,
Сұлап жатты айнала саумал көлді.

Сонда Шақшақ* Жәнібек сөз сөйлепті:
«Балалар! Осы жолды ұмытпа, – депті, –
«Ақтабан шұбырынды» – мұның аты,
Құдай қосса, алармыз біз де кекті!»

Сол жерде тамам қазақ жыласыпты,
Құдайдан артын бер деп сұрасыпты.
Тыныққан соң қалмақтан кек алуға,
Сөз байлап уағдамен ұнасыпты.

Арғындар сол көшкеннен көше берді,
Батырлары жер шалып, қоныс көрді.
Есіл, Нұра, Сарысу, Қарқаралы,
Шалқар көл, Ұлытаудан алды жерді.

Орнығып қалың арғын сонда қалды,
Жеті момын* олардан өте салды.
Ор, Елек, Ойыл, Қиыл қыстамақ боп,
Жаз жайлауға Мұғаджар** тауын алды.

Кіші жүз өте көшті Орал жаққа,
Әбілқайыр хан еді мінген таққа.
Мың жеті жүз отыз бір шамасында
Орысқа уағда берген қарамаққа.

Соны естіп Жеті момын қайта ауыпты,
Орыстан көреміз деп бір қауіпті.
Мұғаджардың күншығыс жағына өтіп,
Бірғыз, Торғай дейтұғын жер тауыпты.

Сол жерде жайлап, қыстап жатып алды,
Қалмақтан барымталдап жиды малды.

* Шақшақ Жәнібек – арғын, Шақшақ табынан шыққан ақылды кісі. (автор).

* Жеті момын – Атығай, Қарауыл, Қанжығалы, Тобықты һәм Бәсентиіннің үш баласы, бәрінің үлкен шешесінің аты – Момын, (автор).

** Мұғаджар – Ақтөбенің оңтүстік күншығысындағы тау.

Ұлы жүзде үлкен хан Әбілмәмбет
Қалмақпен соғысам деп хабар салды.

Орта жүзден де аттанды Сәмеке хан,
Үш жүзден жиылыпты бірталай жан.
Шеп құрып қара-қарсы соғысқанда
Қазақ жеңіп, қалмақтан кегін алған.

Сол соғыс – хан Абылай келген кезі,
Қалмақтың сыбағасын берген кезі.
Керек болса оқыңдар шежіремнен,
Жазылған сонда анықтап түгел сөзі.

Сонан кейін қалмақты қазақ қуған,
Жиылып шаба берді ойдан, қырдан.
Тарбағатай, шығыстың жан-жағында
Көшпелі көп қалмақ бар бұрын тұрған.

Қырылған соң қалмақтар жаман сасқан,
Нұржайсын, Шәуешектен өте қашқан.
Ата қоныс – Арқаны босатып ап,
Қазақ келіп қалмақтың орнын басқан.

Қалмақты шабысуға Матай * келген,
Босап қалған Шыңғысты көзі көрген.
Барған соң Жеті момын жақсысына,
«Хан Шыңғыс босады» деп хабар берген.

Момынның жартысы айтқан барамыз деп,
Ата қоныс Шыңғысты аламыз деп.
Атығай, Қарауыл мен Бәсентиін
Көшпепті біз осында қаламыз деп.

Туысқанын қия алмай жүр деп сен де,
Көп айтқан Кеңгірбай мен Қараменде **.
Бос тұрған соң Шыңғысқа Матай қонған,
Біздің ел әне-міне деп жүргенде.

Тобықты, Қанжығалы көшкен сонда,

* Матай – ру аты.

** Кеңгірбай, Қараменде – Тобықтының екі биі.

Өзге Момын көше алмай қалған онда.
Шыңғысты Матай алды дегенді естіп,
Қанжығалы қалыпты орта жолда.

Келгені Тобықтының осы маңға
Мың жеті жүз сексенге тақалғанда,
Елді бастап әкелген Матай батыр
Орда, Көкен, Ащысу, Доғалаңға.

Әр топта да батыр бар некен-саяқ,
Сүйтсе де батыры көп Жуантаяқ.
Қырды алып, Бөктерге таласыпты,
Матай-Сатай дегенді тыңдамай-ақ.

Қабекең де* өрлепті Шидің бойын
Шөбі шүйгін жер ғой деп малға тойын.
Кейде жау боп Матаймен, кейде бітіп,
Есі-дерті Шыңғыста, айтпайды ойын.

Қалқаман мен Мамырды жаздым бұрын,
Оқығандар, байқадың оның сырын.
Енді айтамын Еңлік пен Кебек сөзін,
Тағы сынап көріңіз мұның түрін.

ЕҢЛІК – КЕБЕК ӘҢГІМЕСІ

Ту тіккен Тобықтының қос басшысы –
Жуантаяқ** Тоқтамыс деген кісі.
Жамағайын жақыны сол кісінің
Бар екен Кебек деген бір інісі.

Ол Кебек мықты болған жас басынан
Тоқаң да тастамайды өз қасынан.
Жасы бала болса да жаны отты деп,
Артық көріп не сабаз жолдасынан.

Он бесінде Кебектің аты шықты,

* Қабекең – Кеңгірбай биге қойылған ат. Қабан сықылды бұрылмайтын мықты деген сөзден шыққан (автор).

** Жуантаяқ – Тобықтының бір тап елінің аты.

Атты жаяу бәріне бірдей мықты.
Көзі өткір, қараторы жігіт екен,
Орта бойлы: тапалдау, кең иықты.

Ел қамы үшін өлуге жанын салып,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.
Жауға батыл, жақынға және әдепті,
Кішіні іні, үлкенді ағатайлап.

Ол кезде балгер болған Нысан абыз,
Шын даулескер бақсының өзі нағыз.
Жыны айта ма, кім білсін, шыны айта ма,
Айтқаны келеді деп қылады аңыз.

Кебек батыр өз бақытын сынамаққа,
Әдейі іздеп келіпті балгер жаққа.
Оңашада жалынды абызға кеп,
Бал ашып бер деді де біздің баққа:

«Ей, абыз! Аш балыңды, қобызыңды тарт,
Алар ақың бар болса, мойныма арт.
Балыңа не түссе де жасырмай айт,
Жалғыз-ақ сол арасын қыламын шарт».

«Шырағым, бал аштым деп мал алмаймын,
Ол үшін саған ақыл сала алмаймын,
Жаман айтсам жабығып қала көрме,
Жынның сөзін жасырып қала алмаймын».

Соны айтып қобыз алды Кебекке арнап,
Шақырды жындарының атын зарлап.
Қара қалмақ Қорқыттың * күйін тартып,
Қобызына ән қосып кетті сарнап.

Темір масақ жабырлап тұр сылдырлап,
Екі көзі бақсының тым бұлдырлап.
Біндын қойып тыңдасаң сарнағанын,
Сақтанбасаң алғандай ақылды ұрлап.

Мұңлы қоңыр дауысы шықса зарлап,

* Қорқыт – ең алғаш бақсы болған кісі, түбі қалмақ (автор).

Ықтиярсыз кетеді бой шымырлап.
А, дейді де тыңдайды анда-санда
Құлағына кеткендей жын сыбырлап.

Екі көзін қан жауып, өңі қашып,
Сұп-сұр болып, алартып көзін ашып.
Шүлдір-шүлдір, сөйлесіп жыныменен,
Өзін-өзі тоқтатты әзер басып.

Нысан абыз қысылып батқан терге
Қарады да сөйледі Кебек ерге:
«Ажалың биік қабак сұрлау қыздан;
Батырым ондай жанға көңіл берме.

Бұл сөзді өз ойымнан айтпаймын құр,
Жын шіркін осылай деп айтқызып тұр.
Қара жартас түбінде кез келеді,
Шырағым, сондай қыздан сақтанып жүр.

Әдейі іздеп бармассың, кез боларсың
Кез болсаң, алыс емес, тез боларсың.
«Сақтыққа қорлық жүрмес» деген бар ғой,
Сақтанбасаң артқыға сөз боларсың».

Оны есітіп Кебек кетті өз жайына,
Батса да балгер сөзі шымбайына.
Ойланбай, біржолата кетті ұмытып,
Деді де жынның сөзін тыңдайын ба?

* * *

Мұнан кейін азырақ заман өтті,
Салқын түсіп, қар жауар мезгіл жетті.
Қарашаның алғашқы қары жауып,
Кебек батыр құс алып аңға кетті.

Қойтастан бір түлкі алды інге тығып,
Ойлады кетейін деп Ханға шығып.
Сонарда ізге түсіп келе жатса,
Бір түлкі және қашты жатқан бұғып.

Қамшылап күрең атты жамбасына
Түлкіден бұрын шықты Хан басына.
Жел шығып, боран болып кеткен екен,
Аң қуған аңғал батыр аңдасын ба.

Құс түлкіні көрген соң кетіпті ұшып,
Бір жерге жарқ-жұрқ етіп қалды түсіп.
Бораннан байқай алмай өтіп кетті,
Түлкіні жатса-дағы бүркіт қысып.

Таба алмай олай шауып, бұлай шауып,
Құсымнан айырылдым деп қылды қауіп.
Құс әбден түлкіні жеп қойған кезде
Алыпты күн батқан соң әзер тауып.

Бүркітті бөлеуіне бөлеп алды,
Аяң-бұяң еткенше түн боп қалды.
Ел жатпай бір ауылға қонайын деп,
Шығыстың бөктерімен қайта салды.

Бораннан байқай алмай барар бетті,
Түн ішінде адасып Кебек кетті.
Осы Хақан * өзеннің аяғында
Қыстаған бір Матайға келіп жетті.

Белдеуге атын байлады Кебек сері,
Боз қырау бұрқыраған аттың тері.
Осы күнгі Боқтыбай қыстап жүрген
Қара жартас – Кебектің келген жері.

Сол үйге кіріп келсе «кеш жарық» деп,
Жатпақ түгіл болған жоқ тамағын жеп.
Ол кезде шай болмайды сусыны құрт
Ұсынды қарсақ жон қып езіп әкеп.

Шал мен кемпір, тағы бір малшы бала
Бар екен бір бойжеткен қызы және.
Киіз үй, малды айнала шарбақ қорған,

* Хақан өзені – осы біз қыстап отырған жер. Баяғы Шыңғысхан хақан болғанда осында қыстапты. Хақан деген хандардың ханы деген сөз (автор).

Там, қора жоқ, кісісі төртеу ғана.

Құрт ішіп әбден көңілі жайланған соң,
Бекітіп шарбаққа атты сайланған соң,
Үй иесі қонақтан жөн сұрады,
Асын жеп әңгімеге айланған соң.

Кебек айтты: «Аң қуған Тобықтымыз,
Мен Кебекпін дегенмін білемісіз».
«Атым – Кебек» дегенде жалт қарады,
Бағанағы айтылған бойжеткен қыз.

Бай қайтадан сөз сұрап қайырмады,
Әлгі қыз Кебектен көз айырмады.
«Қарағым, қонағыңа төсек сал», – деп
Үй иесі жатуға дайындалды.

Тысқа шықты бай, қонақ – бәрі бірдей,
Шал айтақтап тыста жүр үйге кірмей.
Кебек келсе төсек жоқ төр алдында,
Қай араға жатарын тұрды білмей.

Күлімсіреп қыз айтты Кебек ерге:
«Қонағым, неге тұрсың құр бекерге.
Мен сізге өз төсегім дайындадым,
Бұрын жатқан жоқ па едің ондай жерге?»

Тең шешіп, мамық көрпе алды тауып,
Кебектің де қызға тұр көңілі ауып.
«Анық Кебек сен болсаң, арызым бар,
Бір айтармын», – деді де салды жауып.

Кебек батыр жатқан соң төсекке кеп,
Қыз мінезін ішінен қылады есеп.
Танымаған қонаққа сыр білдірген
Көрсеқызар, жеңсікқой ұрғашы-ау деп.

Түн ортасы ауғанда шал да жатты,
Қорылдап қатты ұйқыға әбден батты.
Үйдегілер теп-тегіс ұйықтаған соң,
Кебекті келді-дағы қыз оятты.

– Ей, батыр, сен жатырсың ұйқың қанбай,
Мен жүрген бір сорлымын бағым жанбай.
Көрінгенге көз сүзген көрсеқызар,
Әдепсіз қыз дейсің ғой әлдеқандай.

Өз әлімше сынадым мен де сені
Сен қалай деп ойладың, айтшы мені?
Қыздан сорлы бола ма бұл жалғанда
Кез болмаса өзінің сүйер теңі?

Атым – Еңлік, мына шал – менің әкем
Малы көп, бірақ еркек баладан кем.
Жасында бұл да өзіндей батыр еді,
Қор болып, осы күнде әркімге жем.

Нағашым – байжігітте ер Қабанбай,
Шешемді де берген жоқ бай таба алмай.
Ес білмейтін ескіге кез болыппын,
Жайды білер жақсыға қосақталмай.

Мені де кедей емес, байға берген,
Күйеуім өткен жазда ұрын келген.
Қасына жатпақ түгіл жуымадым,
Білген соң шіріктігін келген жерден.

Нышаны жоқ бет аузында сақал, мұрттан,
Бұрын да естуші едім жайын сырттан.
Түн болса ұйқыдан бас көтермейді,
Күндіз асық іздейді ескі жұрттан.

Бетіне тумай тұрып түскен әжім,
Күнге де есіктегі қылды тәжім.
Кер кеткен кеселдіге душар болдым,
Осыдан құтыларлық бар ма лажым?

Оң қолының бармағы тағы шолақ
Бармақсыз қол ұстауға қандай олақ.
Мен сорлы емей, кім сорлы, ойла, батыр,
Күйеуімнің болған соң жайы сол-ақ.

Көп жігіт жүр сыртымнан қылып кеңес,
Мен ұнасам, алмаймын сені демес.
Солардың біреуімен кетер едім,
Байқаймын, бәрі менің теңім емес.

Көрсеқызар, лап бергіш әр елде көп,
Атын атап не керек пәленше деп.
Аз күндік әзіл іздеп жүргенім жоқ,
Өнімсіз іс болмайды өмірге сеп.

Бүгін мұнда кез болдың құдай айдап,
Атыңды естіп жүруші ем сырттан сайлап.
Тасыр болса, талғамай тап берер деп,
Түні бойы сынадым сізді абайлап.

Мен татысам, жігітсің маған татыр,
Міне, осындай ішімде қайғым жатыр.
Ойнас емес, өмірлік жолдасым деп,
Беремісің уәде, Кебек батыр?

Кебек мұны есітіп көп ойлады,
Асықпай біраз ғана еп ойлады.
Түні бойы қыз мені сынапты ғой,
Мен де мұны сынайын деп ойлады:

–Ей, Еңлік! Сөзің рас, нандым саған,
Бәрін ұқтым, жерім жоқ байқамаған.
Артқы өмірді әзір біз қоя тұрып,
Ойнап-күлсек қайтеді біраз заман?

Қаза келсе малдыдан мал таймай ма,
Ажал жетсе батырдан жан таймай ма.
Азар болса күйеуің жастау шығар,
Жарлы байып, жас өсіп қартаймай ма?

Жас түзеліп, түрленіп ержетпей ме,
Бойындағы балалық бір кетпей ме,
Асыққандық емес пе мына сөзің,
Жақсы әйел жаман ерді түзетпей ме?

Талпынғанмен тағдырды бұра ала ма,

Құдай қоспай, басымыз құрала ма.
Аз күн қызық көрелік онан-дағы,
Бұл дәурен бір қалыпты тұра ала ма?

Еңлік айтты : –Таң қалдым бұл сөзіне,
Ұқсамайды түндегі мінезіңе.
Егерде біреу айтса ұнар ма едің,
Талап қылма, талпынба деп өзіңе.

Рас, құдай жазбаса бітпес жұмыс,
Сүйтсе де бізге міндет талап пен іс.
Әрекетсіз отырмақ дұрыс болса,
Неге берген аяқ-қол, тіл менен тіс?

Күйеуімнің жүрген жоқ жасы жетпей,
Ынжықтық қайтушы еді тентіретпей.
Ақыл салып бармағын сау қылуға
Пендеде күш бола ма құдіреттей.

Талап қылмай бола ма құтылуға
Оттан қашып кірсем де терең суға.
«Пәледен машайық та қашқан» жоқ па
Қайтіп разы болайын берген уға?

Тобықты неге келді мұнда көшіп,
Мұғаджардан Шыңғысты көзі тесіп.
Қара қазан, сары бала қамын ойлап,
Келді ғой жайлы қоныс табам десіп.

Бір құдай жер жүзіне шашқан несіп,
Барша жан жүрген жоқ па теріп жесіп.
Аз күндік арам жүріс аужал емес,
Бермесен уағадаңды мүлде кесіп.

Өйтіп уағда бермесен, әуре етпе,
Тең көрмесен телміртіп, тентіретпе!
Қайда барсаң обалым жібермейді,
Бірақ осы сөзімді ұмытып кетпе!

Қалай айла қылса да бір қоймады,
Жал айтқан жауабына қыз тоймады.

Еңліктің бұл жауабын есіткен соң,
Кебек батыр тағы бір ой ойлады:

–Ей, Еңлік! Айтқан сөзің – сөздің шыны,
Сөйтсе де бір сөзім бар, тыңда мұны.
Соғысқа сылтау таппай отырғанда,
Бүлдірмелік Матай мен Тобықтыны.

Онсыз-дағы біріне-бірі қырын,
Ала ғой деп береді кім жесірін.
Адам түгіл мал үшін ел шабады,
Қыз болсаң да білесің елдің түрін.

Мен сені алып жөнелсем осы түнде,
Жиылмай ма бар Матай жалғыз күнде?
Тобықтыдан жылқыны тиіп алып,
Басталмай ма бітпестей бүлік мүлде.

Барымта алмай бітімге көнсе елің,
Қанша мал алса аярым жоқ қой менің,
Қызды қайтар, әйтпесе бітпейміз деп,
Жатып алса табамыз қайтіп жөнін?

Матай алса, Тобықты тек жата ма,
Азбын деп жанын аяп ар сата ма?
Ауыл шауып, мал алып, қан төгілер,
Ойла! Қалып жүрмелік теріс батаға!

–Ей, батыр, бұл сен айтар сөзің емес,
Уайым қып сескенер кезің емес.
Келер істі жалғыз-ақ Алла білер,
Ол сенің өлшеп сатар бөзің емес.

Кімнің көзі жетеді күні ертеңге,
Теңін тапқан сенімен жалғыз мен бе?
Ел шабысып кетті ме соның бәрі,
Алып қашып алды ғой талай пенде!

Мал аямай пейілді салсаң кеңге,
Жарастырар табылар аға-жеңге,
Жер өртеуге жетеді бір шағым қу,

Кім кепіл бола алады осы екі елге?

Бұлт шықпай жауа ма құры желге
Бізсіз де таласады жалғыз белге.
Құдай жөнін берейін деген болса,
Көнер әлде, мал алып біт дегенге.

Сен мені бүгін алып кет демеймін,
Осы екі елдің түбіне жет демеймін.
Шын ішің сүймей, сыртың сүйген болса,
Әуре боп саған уағда ет демеймін.

Шын сүймесең сүйдім деп айтпа маған,
Шала сүйген болады құр алдаған.
Ындыныңмен ұнатсаң, бер қолыңды,
Саған сөзім қалмады енді айтпаған.

Кебек те отыр еді азар шыдап,
Сөзін айтып болғанша қызды сынап.
«Сен өлген жерде мен де өлемін» деп,
Қол алысып біржола кетті құлап.

Кебектің қолын Еңлік қысып алып,
Шөлдеп сусын ішкендей мейірі қанып.
Бармағынан бір сүйіп, беті тершіп,
Ыстық жасы көзінен кетті тамып.

* * *

Таң жарығы түскен соң шаңыраққа
Кебек тұрды арқандап ат қоймаққа.
Еңлік үйден арқанды ала шығып,
Құшақтасып жөнелді жартас жаққа.

Соны ойлап көңілін басты Кебек батыр
Құдай қосқан іс болмай қоймайды ақыр.
«Тамақ дайын» деп хабар бергеннен соң,
Аяндап үйге таман келе жатыр.

Бетін жуып, отырды төрге барып,
Құрт берді сары майды және салып.

Қазы-қарта, жал-жая жасап Еңлік
Бір табақ ет алдына қойды апарып.

Жалынан бір кесті де «бісміллә» деп,
Ұсынды ақсақал мен кемпірге әкеп.
«Иесімен ас тәтті» деп Еңлікті
Шақырып ап екеуі отырды жеп.

Қойшыға да ұстатты сүйек-саяқ
Ет артынан сорпа ішті бірер аяқ.
Бата қылып, қол жуып болысымен
Еңлік атты ерттеді айтқызбай-ақ.

Кебек сонда шалға айтты: – Ей, ақсақал,
Өзің таңдап түлкінің біреуін ал.
Бағына кез келген бір бұл олжа ғой,
Жығыт тымақ істетіп сандыққа сал!

Еңлік шығып қонағын аттандырды,
Қоштасып Кебек батыр елге жүрді.
«Қайда жүрсең аман жүр, батырым», деп,
Бел асқанша артынан қарап тұрды.

* * *

Ер Кебек тыным алып үйде жатпай,
Еңлікке келіп жүрді дамыл таппай.
Кейде түзден жолығып, кейде қонып,
Алты ай қыс аттың терін бір құрғатпай.

Екі ел бітті, сөйлесіп жазға салым,
Қайтарысып барымта, алған малын.
Тамақ үшін қыдырған Матай айтып,
Бұл бітім Еңлікке де болды мәлім.

Кебек келді бір күні қызға тағы
Ойында бар, ел бітсе, іс қылмағы.
Еңлік те дайын болды сол арада,
Қара жартас – белгілі табыспағы.

Қыз айтты: –Түнеугі айтқан уағда қайда,
Кел, кетелік, кідірмей осындайда.
Азық-түлік, киерлік киімдерім
Дайындап әкеп қойдым, мына сайда.

Қосылған соң кешікпей болдым буаз
Онан бері қыс өтіп, шықты ғой жаз.
Босансам өз қолыңда босанайын,
Құры бүйтіп жүргенге болмалық мәз.

Екеуі тәуекел деп кетіп қалды,
Таң атпай-ақ Ордаға жетіп барды.
Ағаштан балаған қып арша жауып,
Бекініп бір дарада жатып алды.

* * *

Еңлік, Кебек кеткен соң таң тағы атты,
Күн шыққанша кемпір-шал тұрмай жатты.
Қойшы Еңлікті таба алмай іздеп-іздеп,
«Қызың қашып кетті», – деп шалды оятты.

Шал жылап, әлі келді екі көзге,
Қолынан не келеді онан өзге.
Қойшы барып еліне хабар айтып,
Матай келді жиылып осы сөзге.

Жан білмейді Еңлікті кім алғанын,
Қайда кетіп, қалайша жоғалғанын.
Алты ай қыстай кім келіп, кім кетпейді,
Қайдан білсін күдікті кім қонғанын?

Түлкіні бір Матайдың көзі шалды,
«Мынаны кім берген» деп қолына алды.
Шал айтты: –Мұны берген бір Тобықты
Атын ұмыттым, бір қонып кетіп қалды.

Қойшы айтты: – Оның аты Кебек еді,
Сонан соң да осында келмеп пе еді?
Ұмытпасам, соны Еңлік аттандырып,

«Хош аман бол, келіп жүр, Кебек» –деді.

Қуа-қуа осы сөз анықталды,
Матайлар Тобықтыға кісі салды.
«Қыз дегенің немене, білмейміз», – деп,
Тобықты оны елемей жатып алды.

Кебектің қайда екенін ел білмейді,
Не жылқыда, не аңда жүр ғой дейді.
Жалғыз-жарым сыр ашпас құрбы арқылы
Елден Кебек азықты алып жейді.

Сөйтіп жүріп бірталай заман өтті,
Еңлік қашып кеткенге айға жетті.
«Қыз алды да, жөн жауап бермедің деп,
Матайлар бір қос жылқы алып кетті.

Тек жатсын ба бұл елдің көп саңлағы,
Жуантаяқ бір ауыл шапты тағы.
Матай қызды, Тобықты Кебекті іздеп,
Шатаққа соқты сөйтіп сөз аяғы.

* * *

Бір күні Қабекеңе Көбей* келді,
Үйге кіріп келді де сәлем берді.
«Қыз да жоқ, Кебек те жоқ, ел шабысты,
Мен сізден ақыл сұрай келдім» дейді.

Қабекең сөз айтпайды жұмбақтамай:
–Ей, Көбей, сұңқар қалай, тауық қалай.
Тоқтамыс жолаушылап кетіп еді,
Сол келгенше өтпей ме уақыт талай?

Көбей мұны ұқты да қайтып кетті,
Тобықты кеңес қылған топқа жетті.
Қабекең екі-ақ ауыз жұмбақ айтты,
Ол сөзінің мағынасы мынау депті:

* Көбей – Жүзбембет деген таптан шыққан есті кісі. Әрқашан Кеңгірбай бидің сөзін сол шешеді (автор)

«Еңлікті алып қашқан Кебек батыр,
Оны айтпай-ақ біздің би біліп жатыр.
«Тауық» деп қызды айтады «Сұңқар» – Кебек
Тоқтамысқа қаратып қой дейді ақыр».

Осылай деп жұмбағын Көбей шешті,
Матаймен байлау қылып, сөз сөйлесті.
«Кешіктірмей табалық Кебек алса,
Бір ай тоқта, Тоқтамыс келсін десті».

Сонымен тағы да өтті бір жарым ай,
Тоқтамыс Арғын жақтан жүр келе алмай.
Намыс қылып жиылды тамам Найман
Көнбейміз деп мазаққа мұнан былай.

Матай да соқтыққан жоқ тіпті неден
Мақал бар «ел құлағы елу» деген.
Қыздың қайны сыбандар және білді,
Екі елде де адам жоқ есітпеген.

Найманның тым көп болды жиылысы,
Жиылған соң белгілі қылар ісі.
Алдынан бір арылып алайық деп,
Тобықтыға жіберді елші кісі:

«Ел бүлдірмей бітелік, жөнге келсін,
Еңлік, Кебек екеуін ұстап берсін.
Шариғаттың әмірімен өлтіреміз,
Малға бітім қылмаймыз, оған сенсін.

Тентегінің жазасын мойынға алсын,
Егер оған көнбесе, дайындалсын.
Қырылыспай бітпейміз таусылғанша,
Не Найман, не Тобықты бірі қалсын.

Жауапты да тез берсін кешіктірмей,
Ертең бесін намаздың уақыты кірмей.
Өзге бітім болар деп ойламасын,
Бітімім жоқ не өліп, не өлтірмей».

Ұйлықты Тобықтылар осы сөзге,

Бітімі жоқ болған соң мұнан өзге.
Найман тым көп, Тобықты аз, Арғын алыс
Қорықпауға да болмайды көрер көзге.

Бірі ол деп, бірі бұл деп көп кеңесті,
Біле алмай не берерін, не берместі.
Қысылғанда баратын Қабекенге,
Ақыл сұрай бір-екеу барсын десті.

Кенбай мен Көбей барды биге тағы,
Сөзін айтып, сәлемін берді-дағы.
Қабекеннің қабағы қарыс түсіп,
Мінеки сондағы айтқан бір жұмбағы:

«Әнет бабаң емес пе менің атам,
Бірақ ондай қабыл ма менің батам?
Көшсем қоныс, отырсам көмегім жоқ,
Көрсетемін, қайтейін тыныш жатам».

Бұл сөзі – бабаң айтқан сөздің көзі,
Өзі өлтірмей, амалсыз атқызды өзі.
Жеңілсең енді барар орының жоқ,
Көрсетпеуге шама жоқ деген сөзі.

Соны естіп Көбей топқа қайтып келді,
Жұмбағының шешуін айтып келді.
Тобықтылар Найманды ертіп әкеп,
Кебектің жатқан жерін айтып берді.

* * *

Ұйықтамайды сақтанып Кебек түнде
Үш айдай бір дарада жатқан мүлде.
Толғатып Еңлік сұлу бір ұл тапқан
Айы толып, мезгілі жеткен күнде.

Екеуі сол баланы қылады ермек,
Кезек ұйықтап, сақтанып жүрді сергек.

Қыз ояу, Кебек ұйықтап жатыр еді,
Қозыкүрең кісінеп қағады елек.

Еңлік түртіп оятты Кебек ерді,
Атқа қарғып мінгенше жау да келді.
Күрең атқа мінгесіп жөнелгенде,
Баласы бесігімен қала берді.

Баланы бір Матай кеп қолына алды,
Кебек қашты, жабылып жау да салды.
Қозыкүрең жартастан қарғығанда,
Ауып кетіп Еңлік қыз түсіп қалды.

Не күшті, ойласаңыз, тағдыр күшті.
Кім тоқтатар әзелде болмақ істі.
«Өлсем бірге өлмекші сертім бар», – деп,
Мінгестіріп алуға аттан түсті.

Жау жетті де, қамауда Кебек қалды,
Әрі-бері қанжарлап соғыс салды.
Бірталайын жаралы қылса-дағы
Көпке топырақ шашсын ба, ұстап алды.

Байлап алып жөнелді Ащысуға
Тамам Найман жиылған қалың дуға.
Қайран жастар қапыда қолға түсті,
Елтіген бөрідей боп жеген уға.

Шеткі Ақшоқы басына алып шықты,
Қалайша өлтіруге кеңес қыпты.
Жас қой деп жаны ашыған бір адам жоқ,
Қолға түскен кісіге қатын мықты.

Кейбіреуі таспенен атпақ болды,
Кейбіреуі дарға да аспақ болды.
Аяғында мойнына арқан салып,
Атқа байлап сүйретіп шаппақ болды.

Көп Найман екеуіне тұр анталап,
Бейне бір қоятұғын малға балап.
Еңлік сонда еліне сөз сөйлейді,

Қасындағы жиылған көпке қарап:

–Ей, жұртым! Бір-екі ауыз сөз айтайын,
Әйтеуір өлтіруің тұр ғой дайын.
«Өлерде үш тілек бар деуші едің ғой,
Құдай үшін, берсеңдер, мен сұрайын.

Кебекпен мені аз ғана араздастыр,
Өлген соң бірге қосып таспен бастыр.
Мына бала – Тобықты баласы ғой,
Мұны өлтірме, Кеңгірбай биге тапсыр.

Үш тілегін алсын деп жұрт кеңесті,
Бердік деп екеуінің қолын шешті.
Құшақтасып сүйісіп, қош айтысып,
«Ал енді өлтіре бер мейлің» десті.

Екеуінің мойнына арқан салып,
Екі аттың құйрығына байлап алып,
«Матайлап» ұран салып шауып-шауып,
Өлтіріп бір төбеге қойды апарып.

Тастады бесігімен баласын да,
Обалға өшіккен ел қарасын ба? ...-
Еңлік – Кебек моласы бүгін де бар
Таймақ пен Ералының арасында.

Надан жұрттың болады діні қатты:
Қабекеңе тапсырмай аманатты,
Шеткі Ақшоқы басында қалған бала
Шырқырап күн батқанша жылап жатты.

Жуантаяқ баланы түнде білді,
Түн ішінде жиылып атқа мінді.
Таң ата келіп іздеп таба алмады,
Қисыны біреу ұрлап кеткен сынды.

* * *

Жігіттер! Бұл өлеңді жазған мәнім:

Емес қой жастықпенен салған әнім.
Қас қайсы, қаза қайсы, таза қайсы?
Аларсың, көп ғибрат, байқағаның.

Қыз, қызық, батыр жазар кезім емес,
Жастарды қызықтырған сөзім емес.
Ертегі емес, ертеде болған бір іс,
Ойдан жалған шығарған сөзім емес.

Әншейін әңгіме деп құлақ салма,
Құр ғана қызығымен қызын алма.
Ғаділ, залым, шафқатлі – мейірімсіз,
Соларды айыра алмай қапы қалма!

Құдайбердиев Ш. Шығармалары / Өлеңдер, дастандар, қара сөздер/. – Алматы, 1988. –291-310 бб.

ЖАСТАРҒА

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік
Бір білімді данышпан жан табалық.

Ал енді, олай болса, кімді алалық?
Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?
Шын іздесек, табармыз шыны ғалым,
Күнде күйлей бермелік бозбалалық.

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр қаралық!
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!

Білімді сол кісіден ізденелік!
«Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік.
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылыңды аяма бізге» делік.

«Көп қуға көзіңізді сүзбе» делік!
«Ұқпас деп бізден үміт үзбе» делік!
«Залымдар заң үйретіп адастырды,
Бізді сал жөнделерлік ізге» делік!

Тапқан іске таласпай, шын көнелік!
Жұртқа күлкі болмалық, жөнделелік!
Арамдықпен, алдаумен күн өткізбей,
Өтірікке өлгенше, шынға өлелік!

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,
Әртүрлі асылы көп өтпей жатқан.
Тегін білсең – аласың, бос береді,
Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан.

Құрбыласы қулық пен айла баққан,
Олардан алдамшы деп көңілі қайтқан.
Енді бізге ақылын көрсетіп тұр,
Алушы жоқ па екен деп жастар жақтан.

Алмасақ үміт үзер тағы жастан,
Өлсек те ұмтылалық осы бастан.
Өткізе алмай, еліне қайтса көшіп,
Қаламыз асыл түгіл ине алмастан.

Қой, ойлалық шатылып, шатаспастан,
Оңамыз ба Абайдан бата алмастан?
Асыл алсақ, асылын аямайды,
Келді ғой өз еліне сата алмастан.

Пұлы өтсе, үміті бар қуанбақтан,
Еңбегім жанды ғой деп жұбанбақтан.
Абай кетсе, осы елде кім қалады,
Не табамыз наданнан сұранбақтан?

Қой, жігіттер, күн болды ойланарлық,
Білім, әдет, ақылды ойға аларлық.
Надандықтан еліріп босқа жүрсек,
Мына заман көрсетер бізге тарлық!

Өзің біліп біреуге қылсаң жарлық,

Асыл сол – ақыл, білім бойда барлық.
Айла, өтірік, арсыздық өнер емес,
Мен де анаудай болсам деп таласарлық.

Үлкендерде мінез жоқ таңданарлық,
Олардың қылған ісі ұрлық-қарлық.
Арам ойды ақыл деп ардан күсіп,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.
Амалы жоқ, айналды енді бізге,
Күн туды етегіне жабысарлық.

Пұл асылы табылса, қолға алалық,
Кісі емес ескерусіз бос қаларлық.
Күнде осындай табылмас бізге басшы,
Күн болса кейінгіде қозғаларлық.

Ақыл, білім осындай ар жақтарлық,
Айласыз, өтіріксіз жан сақтарлық!
Үзіп-жұлып ұятсыз атанбай-ақ,
Ақылмен жол табалық ел бастарлық!

Осыған қазақ бар ма жанасарлық,
Ғылым, өнер, ақылмен санасарлық?
Жұрт алмаса, ақылын біз алалық,
Өзгедей надан емес адасарлық.

Бұл елде түк ақыл жоқ жарасарлық,
Рахым ғып бір-біріне қарасарлық.
Өз Абайын өздері ұнатпайды,
Шын надан осылар ғой біз қашарлық.

Мына жұртта мінез жоқ ойланарлық,
Бізге де заман келер сайланарлық.
Елге еріп есер, бәңгі атанғанша,
Ой табалық жақсы атақ байланарлық!

Ақыл жоқ бұл қазақта ойға ұнарлық,
Өзін-өзі тексеріп, бой сынарлық.

Білім іздеп білуге кесел болар,
Көрсеқызар, көзі ашық бос құмарлық.

Ойланар уақыт болды бас қосарлық,
Дұспан көп енді бізге жол тосарлық.
Арамдықтан көңілді арылталық,
Ақыл ойлап, алалға қол босарлық.

Мидағы ой-тамырға жол салалық,
Жүрекке оймен сынап апаралық!
Ақ жүректің ғадалат қылған ісін
Қабылдауға қызығып қозғалалық!

Жарасымды мінезді жатқа алалық,
Жанға қас жамандықтан сақтаналық!
Арсыз, ғайбат, өтірік ынсапсыздық –
Бұлардан бой тасалап ақталалық!

Аспандап аса бермей шақталалық,
Аласыздық, адалдық жақты алалық!
Өтіріктен жалығып, өнер тапсақ,
Біз сонда жетілдік деп мақтаналық!

Хош, енді көп наданның тілін алдық,
Бірімізге біріміз пәле салдық.
Ой да жоқ, ұят та жоқ, күнде аңдысып,
Жүргенмен жағаласып не таба алдық?

Арам ақыл үйрендік айла, амалдық,
Қулық пен өтірікті сайлап алдық.
Ынсап, рахым, ұяттан жүген ұстап,
Өзіміз ең түбінде қайда бардық?

Елірдік, ерегістік, елді жардық,
Байлаусыз пайдасы жоқ іс шығардық.
Бүгін дос, таң атса қас бола қалып,
Бұлт еттік, мен болдым деп ат аларлық.

Тыным жоқ, тыныш жүріп мал бағарлық,
Арыз бердік бас кетіп, айдаларлық.
«Енді бізге ғадалат айта көр» – деп,

Өзіміз ақырында қайда бардық?

Бұл іспен бойға мақтан кірді тантық,
Өркімнің әлі бар деп алар аңдық.
Жеңгеніміз желіктік желпең қағып,
Жеңілгенді жер болған атқа таңдық.
Ортамыздан от жағып, өрт шығардық,
Көре тұра құтырып, күйіп-жандық.

Қой, ұйтпелік, өзіміз жарасалық!
Наданмен неге бірге адасалық!
Жаман айла, жат мінез пайда бермес,
Бойдағы мінімізге қарасалық!

Жаман әдет тастауға ұнасалық!
Мына мінез қалай деп сынасалық!
Тұп-тура бетімізге айтысалық,
Ашуланбай, ақылмен шыдасалық!

Арсыз, арам айланы тастасалық!
Адал іске талаппен бастасалық!
Неде болса білімді ізденелік!
Надандықпен біржола қастасалық.

Жалған айтып, біреуге жалынбалық!
Біз, сірә, үлкендердей қағынбалық!
Наданға өлсек-тағы бағынбалық!
Өтірік, өсекке еріп сабылмалық!

Рахым жоқ, қанағат жоқ, арсыз болып,
Жас бойға жаман атақ тағынбалық!
Таза ойлап, татулық іс табалық!
Жау жоқта, тіпті жауды сағынбалық!

Адалға әлімізше аяңдалық!
Арамға аяқ баспай шабандалық!
Елемесең, есіңе енбейді ақыл,
Ескерсең, осы сөзім сендерге анық.

Болмас іске бұртаңдап тырыспалық!
Бетке айтқанның зәрі жоқ, ұрыспалық!

Көзге жылпың көрініп, сыртқа қылпың,
Артымыздан құр өсек қылыспалық!

Сөз байласақ, уағдада тұрысалық,
Сыртымыздан жақсылық қылысалық!
«Қашқан – жаудан құтылар» деген қане.
Надандықтан жиреніп, жылысалық!

Білмегенді білуге тырысалық!
Жалқаулықты көңілден сырысалық!
Босқа күлген күлкіні күйлемелік!
Шын ақылға мойынды бұрысалық!

Жақсы білім іздеуге жалықпалық!
Табылмаса, тарығып, талықпалық!
Салақтықты қоялық, сақ болалық!
Білгенді, білмегенді анықталық!

Ғалым көрсек – әр істі сұрасалық!
Ондайға басымызды құрасалық!
Өстіп істеп өзіміз қамданбасақ,
Бізге ақыл үйрете алмас мына халық.

Кейде бірге жүрелік, кейде ойналық!
Ойнап, күліп, кешікпей ой ойлалық!
Ойынымыз аз болсын, ойымыз көп,
Оймен талап етпеген іс қоймалық!

Күнде көздеп, мінезді тексерелік!
Айланы, ақыл демей, сескенелік!
Адалдың жолында өлсек, арман бар ма?
Ақты аныққа шығарам деп көрелік!
Кісіге оны бұрған өкпелелік!
Тіл алса, «мұны қой» деп ақыл айтып,
Тыңдамаса, жау көріп кектенелік!

Білімді неге бойға көп көрелік?!
Ақтан тауып несіпті жеп көрелік!
Артық ақыл ойланып таба қалсақ,
Біз-дағы алушыға тек берелік!

Надандықпен қарнымыз тоқ демелік!
Біз білмеген еш ақыл жоқ демелік!
«Айланы ақыл, арсыздық әдеп қой» деп,
Арамды адал, асылды боқ демелік!

Ақылды сол – ынсап пен ар сақтайды,
Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды.

Жалғаншылар сөз айтса, «сырым» дейді,
Біліп қойсаң, «бұ да бір қырым» дейді.
«Әншейін байқайын деп айтып едім,
Өтірігімді ұстап па ең бұрын» дейді.

Надандар төрт аяқты малға ұқсайды,
Қаңғырған тамақ іздеп аңға ұқсайды.
Өз бетімен табатын өнері жоқ,
Талапсыз, өлі сүйек жанға ұқсайды.

Бұлар – мәлім, сатып жүр, көрдің мұны,
Болмайды кімге залал мұның түбі?
Өздері біреуіне бірі сатсын,
Алмалық біз қызығып енді осыны!

Сатады өтірігін шынға жастап,
Жүрміз деп жарасымды өнер бастап.
Айналасы белгілі, аз ақша ғой,
Пәлшесін тауысайық жыртып тастап!

Осы жұрт өтірікпен жүр ту ұстап,
Айланы не қыламыз берсе уыстап?
Күні бұрын ондайға жуымалық!
Орын алып, кетпесін бой қуыстап.

Айла орнына ақылды жұмысталық!
Өтіріктің орнына Шын ұсталық!
Жалған айтып, жан сатып, жалынбай-ақ,
Тура жолда тұрып-ақ тынысталық!

Өз әкеміз айтса да ұнамалық,

Ағамыздың сөзі деп тыңдамалық:
Үйреткені өнер ме, әрекет пе, –
Өзімізді ортамызда сынға алалық!

Олар бізге оқы дер қу болмақты,
Уағдасыз, жалғаншы су болмақты.
Сыяз сайын әркіммен арпалысып,
Күнде дау, күнде жанжал, шу болмақты.

Өнер қылма ар сатып, жалданбақты!
Ұлық болып, елді жеп малданбақты!
Біреуді жеп, біреуді табамыз ба,
Қашан жақсы көруші ек алданбақты?

Өлсең де ондай сөзге құлақ салма!
Ардан күсіп, ақылдан құры қалма!
Әкең түгіл, арғы атаң айтса-дағы,
Білімі жоқ наданның тілін алма!

Қулықты біз қылғанмен, ол қылмай ма?
Бізге де өңкей надан жабылмай ма?
Айла, арамдық, арсыздық, ынсапсыздық
Бізге бар да, өзгеге табылмай ма?

Жамандық күнә болып жазылмай ма?
Адалдықпен жиған мал бағылмай ма?
Уағдашыл болған жан өле қалып,
Өтірікші Құдайға шағылмай ма?

Өмір өнбес бір күнгі қылған жалға,
Көз тоймас үзіп – жұлып алған малға,
Жұрттың ісі неге жөн болмасын деп,
Ой ұнамай, ондайға өлсең нанба!

Мақтанбалық айламен алдағанға!
Надан боп, ұқсамалық айуан малға!
Жан біткеннің бәріне жара салып,
Жан сақтаған не болар жалғыз таңға?

Залалы тие берсе мұқым жанға,
Рахымсыз, қайырымсыз боп қысылғанға,

Не дүние, не болмаса ақыретте
Болар-ақ бір қиындық шыбын жанға!

Залым кісі кірмейді тіпті санға.
Сынайтуғын бір сыншы табылғанда.
Білімдігің бит шаққан құрлы болмас,
Тамам күнәң жиылып жабылғанда.

Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда?
Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?
Көз жұмып, «Көппен көрген ұлы той» деп,
Береді бұл надандық кімге пайда?

Білімдіге білімсіз бағынбай ма?
Іздесе, пендеге жол табылмай ма?
Ақты қойып, арамды әдет етсек,
Денеміз дозаққа өзі жағылмай ма?

Ажал оғы бір күні атылмай ма?
Тура келсе, тіл тартпай қатырмай ма?
«Әлхилла ассалата жаназа» деп,
Ақ кебінге оралып жатылмай ма?

Қай пенде жолықпайды осындайға?
Соны ойлап жүрегіміз шошынбай ма?
«Дүниеде не қылдың, не қойдың?» деп,
Алдыңда неше жерде тосылмай ма?

Жатпалық жалқауланып тіпті жайға!
Жайлы ақыл ойланалық жанға пайда!
Кейінгінің қалмалық обалына! –
Сонда мақұл боламыз бір Құдайға.

Осы ел жүр өтірікті үнем қылып,
Ақты қойып, арамға көңіл бұрып.
Қудырандап, қу, білгіш атанам деп,
Шығарады бір пәле қарап тұрып.

Біреуіне біреуі қақпан құрып,
Андаусызда кетем дер бір түсіріп.
Біле сала қылады о да қулық,

Аяғы сау жан қалмас сүйтіп жүріп.

Мақтанады жетілген кісімсініп,
Құлыққа қалыппын деп қатты ысылып.
«Ел мінезі қолымда санаулы» – деп,
Жан біткеннің айласын өзі біліп.

Айтқанда өтірікті – судай жылып,
Шынды ескерген адам жоқ көзіне іліп.
«Қу» десең, құлағына бір кірмейді,
Езуін тастар ма еді, сірә, тіліп!

Тоқталған бір пенде жоқ қыры сынып,
Мойнына әбден алған сайтан мініп.
Айтсаң-ақ, «анау қу» деп жымындайды,
Соған ыза боласың іштен тынып.

Арамдыққа осы жұрт жүр ұмсынып,
Аздан бері тым кетті құдай ұрып.
Білмегені білгеннің тілін алмай,
Бәрі бірдей шулайды иттей үріп.

Бір күн біреу жалғанмен жүр құтылып,
Біреу жүр айламенен үзіп-жұлып.
Ертең көрсең, екеуі қолға түсіп,
Кесектеген түлкідей тұр тұтылып.

Арамдықтан шығады кім сытылып?
Бір желіксе, кетеді тым құтырып,
«Жығылған жан күреске тоймас» деген,
Қарта ойнаған кісідей күнде ұтылып.

Абай жүр соны мазақ өлең қылып,
Біреуі ұғар ма деп көзі ашылып,
Бізге де біразырақ айтқаны бар,
Құр қылжақтай берме деп босқа күліп.

Ұқсатып, ұнасымды сыйыстырып,
Жасты да жамандапты қиыстырып.
Ойын-күлкі – бар қылған мінезіміз,
Біреуін де қалдырмай жиыстырып.

Тым туралап айтыпты сұғындырып,
Білгенге үйретіпті ұғындырып.
Көріп тұрған мінезді жасырсын ба?
Әркімге-ақ кеткен екен жұғындырып.

Сөзбен де, өлеңмен де сабақ беріп,
Алсын деп керектісін өзі теріп.
Шиканымды езгендей шықты жаным,
Айтқанда естігендер ұғып келіп.

Шүү дегенде бұл сөзі жанға батты,
Бұрын ондай көргем жоқ жаманатты.
Қайырусыз, қағусыз өскен басым,
Бұлқындым шу асаудай мойны қатты.

Естіген соң, жүректе түйін жатты,
Сол түйін тыныштатпай көп ойлатты.
«Неге мұндай қатты айтты?» –деп ойласам,
Өлеңнің сырты ащы, іші тәтті!

Жаны ашып, жақсы соқпақ тазалапты,
Жігерленсін, білсін деп табалапты.
Жоба көрмей, жүгенсіз кетпесін деп,
Қатты сөзбен қайырып қамалапты.

Енді ойладым қайратқа мінейін деп,
Білімдінің қадырын білейін деп.
Ақыл сөзбен арқама күнде ұрғызып,
Талаппен түзу жолға кірейін деп.

Мен неге күлкі болып жүрейін деп,
Өзім біліп, біреуге күлейін деп.
Шын наданға атар таң болмайды екен,
Білім іздеп, құдайдан тілейін деп.

Білемке талап етіп көрейін деп,
Шын сөзге көңілімді бөлейін деп,
Надан болып қорлықты көргенімше,
Естінің айтқанымен өлейін деп.

Үлкендер ұмтылмайды ұғайын деп,
Мен-дағы бұл қылықтан шығайын деп.
Айтқан сайын аяғын кер басады,
Құлағына мақтаны тығайын деп.

Құмары – қулықпенен жығайын деп,
Айламен аялыма бұғайын деп, –
Бәрі ішінен қанжарын байланып жүр,
Көрінгеннің көзіне сұғайын деп.

Халалға ойламайды шыдайын деп,
Арамның түбі болар уайым деп.
Күнде жау боп, күрілдеп, жұлысады,
Тек отырған бір жан жоқ құдайым деп.

Байладым белді бекем буайын деп ,
Жүректі адалдықпен жуайын деп.
Талпынған мақсат іздеп махрұм қалмас,
Адамдық ғылым жолын қуайын деп.

* * *

Ғылымсыз адам – айуан,
Не қылсаң да ғылым біл.
Ғылымға да керек жан,
Ақылсыз болса, ғылым тұл.

Ақылға еркін ой керек,
Матаудан ойды азат қыл.
Әдеттеніп ертерек,
Өрісін кеңіт жылма-жыл.

Қырық жасымды ойладым,
Жетпістемін мен биыл.
Белді бекем байладым,
Әдеттенді ой мен тіл.

Атағы шыққан жақсыға
Ақылды бойлап қылма құл,
Шатақ дін мен дағдыға
Шоқынба, досым, зиян бұл.

Дұрыс емес кұр ойлап,
Ақылға сынат, сабыр қыл.
Жығылмайтын дәлел тап,
Бір езу болма, өзімшіл.

Мініңді тапса кім сынап,
Аяғына бар, жығыл.
Қап бәлем деп кекті ұнап,
Сақтай көрме ойға зіл.

Бақ-дәулетке сыйынып,
Болма боран, жел, дауыл,
Аса сәнді киініп,
Қуыршақ болма сәкекүл.

Тікенің болса бойыңда,
Ауырса да өзің жұл.
Сергек болсын ойың да,
Еріншек болма, кұр масыл.

Адамның ең асылы –
Қиянатсыз, ақпейіл.
Ең зиянкес жасығы, –
Тайғақ мінез, екі тіл.

Сөз мінезі құбылса,
Ар, иманы жоқ деп біл.
Аулақта жемтік сыдырса,
Оны ойыңмен айуан қыл.

Дұспанға да бол әділ,
Түсірме ойға тат пен ніл.
Ұмытпа, болсаң біздің ұл,
Осы өлеңді құлаққа іл!

* * *

Адамнан артық жәндік жаралмаған,
Дейді жұрт: «айуан жоқ иттен жаман».

Бұл туралы менде бір бөтен ой бар,
Анық ұқсаң, айтайын, достым саған.

Адамның айуаннан айласы мол,
Қит етсе қиянатқа қояды қол.
Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек, –
Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол.

Қанеки ондай адам, қай жерде бар?
Көбінің сыртында бал, ішінде зәр.
Жарық алып әлемді араласаң,
Ондай жан неше мыңнан біреу шығар.

Әйтпесе өзге адамнан ит ілгері,
Достықты ит ұмытпайды, артық жері.
Қолыңнан сорпа жалап өскен күшік
Өлгенше есіңде жүргендері.

Түнде тыным көрмейді қораға үріп,
Шарқ ұрады ауылды шолып жүріп.
Кетпейді дәмін татқан досын тастап,
Қуалап анда-санда қойсаң да ұрып.

Тоқтамас өзге ауылға сыйласа да,
Кек қылмас иесі ұрып, қинаса да.
Жүз жылдық дос бір күнде жау болады,
Көңіліне бір қылығың сыймаса да.

Қарызы бар еді деп мойын бұрмас,
Сол күні-ақ дұшпаныңмен болар сырлас.
Бұрынғы жақсылықтың бәрін ұмытып,
Не қылса, бір зияны тимей тұрмас.

Өкпелесе не сөзге, немесе асқа,
Жау шығады дос, жақын қарындасқа.
Ит иесін қаппайды құтырса да,
Адамның шын досы жоқ иттен басқа.

... Біреудің асыраулы иті болған,
Күшігінен тамақты берген қолдан.
Сол адамның тап-тату жақын досы

Араз болып кетіпті достық жолдан.

Пәле салып жамандап күнде-күнде
Өшігіп, дұспан болып кеткен мүлде.
Ыза менен күншілдік ойын билеп,
Өлтіргелі келіпті айсыз түнде.

Арсылдап иті үрген қараңғыда,
Иесі жер шалады барады да.
Бұғып жатқан дұспанын көзі көрмей,
Итті ұрады бір таяқ алады да.

Қанжар ала жүгірген жауды көріп,
Қашады қатты аттанды салады да.
Мына жақтан жүгіріп ит те келіп,
Тастайды әлгі жауын жарады да...

Алаңдамай тыңда да сөзімді тос,
Айтылған сөз емес қой қалжың мен бос.

Дос деп жүрген кісінің көбі дұспан,
Шын досың – жақсылықты ұмытпаған дос.

Құдайбердиев Ш. Шығармалары / Өлеңдер, дастандар, қара сөздер/– Алматы, 1988. – 101-121 бб.

ҚАРА СӨЗДЕР

Өткен бір заманда Мекке, Мәдинеге Құжаж деген адам патша болған. Елге мейірімсіз, қатты жүректігінен Құжаж залым атанған. Сол Бағдат шаһарінде дұғасы қабыл болатын бір әулие бар деп есітіп, соған барып: «Маған бір жақсы бата беріңіз!»,- десе, әулие: «Қолыңды жай да, а құдай, осы кісінің батасын қабыл қыл деп тіле», – депті. Құжаж әулиенің айтқанын айтып қолын жайса, әулие: «А – құдай! Мына Құжаждың жанын ал!» – депті. Құжаж: «Мұның қалай?» – деп ашуланса, әулие айтыпты: «Шырағым, бұл екі жаққа бірдей пайдалы бата. Сен өлсең, зұлымдық қылудан тыйыласың. Ел сенің

зұлымдығыңнан құтылады. Алғашқы туыс – бір туыс, әдет – екінші туыс. Алғашқы туысыңнан түзелуге болады. Әдетті тастап түзелу – сендей жуанның қолынан келуі қиын іс, бірақ шырағым, мен саған бір әңгіме айтайын, соны ұғып алсаң, – сен де түзелер едің » – депті де, айтыпты: «Бұрынғы заманда әлі жеткенге күшпен, әлі жетпегенге айламен зорлық қылып, ел қақсатқан бір залым ұйықтап жатса, қасынан өтіп бара жатқан үш адамның бірі: «Мына залым кешке дейін оянбаса, талай момын зұлымдығынан аман болар еді», – депті. Онда тағы біреуі: – «Тіпті, ертең де оянбаса игі еді», – дегенде, қалған біреуі: – «Шынында, мұның осы ұйқыдан оянбай өлгені артық, сөйтсе тамам адам зұлымдығынан құтылар еді» – депті. Әлгі залым ұйқылы-ою жатып, сөздің бәрін естіпті де, өзіне-өзі: «Үш кісі қауым деуші еді. Мынаның бәрі менен безер болды. Ойлап қарасам, тамам адам баласы бір бауыр, бір дене сияқты, әр адам сол дененің бір мүшесі, бір мүше аурулы, зиянды болса, тамам денені тынышсыздандырады. Мен аурулы мүше екенмін де, тамам адамды тынышсыздандырған екенмін. Мен не бұл адамдардың ортасынан кетуім керек, не болмаса барша жанға тынышсыз болатын залымдықты қоюым керек екен ғой», – деп, бұрынғы мінезін тастап, түзеліп кетіпті. Шырағым! Мен кереметті әулие емеспін. Әулиелік деген түзу жолмен жүріп, түзу ақыл айту болады. Менің саған соңғы берген батам – осы әңгімем. Мұны қабыл көрсең, сен де түзелерсің», – депті. Насихатты тыңдаған адамның құлағында қырағы көзі болса, жүрегінде әділ тезі болса, сәті келген дәрідей ем болып, жаман мінезді жазады. Егер ондай болмай, құры ғана қуыс құлақпен тыңдаса, құмға сіңген сумен бір есеп болып, жалғыз тал жасыл шөп шықпайды.

* * *

Жиі тоқылған жібек бұйымдай құлаққа жұмсақ, тәтті пісірілген сіңімді тамақтай жүрекке жайлы тиетін, жақсы үнді, сұлу сөзді ақындар май айының қызыл гүліндей, қыршын жастардың қызықты, қымбат өмірлерінің қиын сырын сипаттаса, кейде қыс айының декабрінде жайлаған жасыл гүлді қуартатұғын, талай-талай жүректердің тамырын жүзінің нұрымен билеп соқтыратын сұлуларды солған жемістей суалтатын баянсыз өмірдің бақытсыздық мұңдарын сипаттаса, сол айтылған сөз, салған ән қуаныштың да, қайғының да өзіне лайықты сөз ұнаулы үнмен айтылса, дүниеде осыдан жақсы жанға жайлы әдемілік, жарасымдық бар ма екен? Бет сұлулығы – тән сыйы болса, дауыс пен сөз сұлулығы – жан сыйы ғой, әрине тән

сыйынан жан сыйы артық екеніне дау жоқ, бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды. Сөз бен ән сұлулығын танушы аз.

Бір тұзақшы бір бұлбұл, бір ала қарғаны ұстап алып, екеуін бір шарбаққа қамап қойғанын құс жайын білетін бір адам көріпті де: «Сайрайтын бұлбұл мен бақыратын қарғаны неге бірге қамайсың?» – десе, тұзақшы «Бұлбұл қайтсем сайрайды? Қарға қайтсем бақырады?» – депті. Ол адам: «Бұлбұлды үлкен жақсы шарбаққа қойып, қонуына гүлденген тал орнатып, алдына әдемі гүлдер қой, қарғаның қонуына өлексенің қу басын қой да, алдына сасыған жемтік таста», – депті. Тұзақшы сол айтқанын қылса, бұлбұл гүлді көрген соң, жас өмірдің жайнаған түрін, өтетұғын баянсыз кәрі өмірдің мұңлы сырын неше түрлі нақысты дауыспен сайрапты. Ал қарға қу басты көрісімен қарғып үстіне қонып, алдындағы жемтікке қарап, өңешін созып: «Қарқ-қарқ» деп екі шақырып, жемтікті шоқи бастапты. Сонда әлгі тұзақшы: «Ана кішкентай торғайдан мына қара-ала құсым жақсы екен, бұл тамағын көрісімен қуанып, маған: «Рахмет, рахмет», – деді де, тамағын жеді. Ана, шіркін, тамақ та жемей, рахмет те демей, құры қиқылдап-шиқылдап азапқа түсіп, өлгенше мылжындады және мынаның дауысы шыққанда, оның жіңішке дауысын естуге де болмайды. Әрине, дауысы зордың пайдасы зор, мәселен, есек адамның көп жұмысын бітіреді», – депті. Былғаныш наданнан таза ғалым қандай жиренсе, таза ғалымнан былғаныш надандар сондай жиренетіні анық.

ҚОШ !

Жас өтті тынымсыз,
Өнерсіз, ғылымсыз,
Надандық жолымен
Кеттім-ау білімсіз.

Оқытпай баламды,
О да өсті тыюсыз.
Ойламай шамамды
Алды-артым жиюсыз.

Бақ қайда қиынсыз,
Бос тілек сыйымсыз,
Қазақ та қажытты,

Күнім жоқ жиынсыз.

Бір жол бар келгісіз,
Қайта өмір көргісіз.
Ізім жоқ, түзім жоқ,
Өттім-ау белгісіз!

Қағазым – жолдасым,
Қаламым – сырласым,
Өлген соң белгілі,
Қайта кеп тұрмасым.

Тіл сорлы – сырласым,
Бекерге тұрмасым,
Алдымнан жарылқап,
Алла кәр қылмасын.

Ел анау, мен мынау
Қайтейін, бір басым.
Аман бол, ағайын,
Татуым – қимасым.

Надандық жаман ғой,
Оқыған – адам ғой
Ізденіп көріңіз,
Ғылымды заман ғой.

Насихат тегін ғой,
Салулы егін ғой.
Еңбек қыл, ерінбе,
Араздық кегін қой.

Ғылым бір кенің ғой,
Ауырсаң емің ғой.
Бәріне жетеді,
Таусылмас көлің ғой.

Мен қайғы жедім ғой,
Қапы өттім дедім ғой,
Қазағым, қам ойлан,
Сен де адам едің ғой.

Құдайбердиев Ш. Шығармалары / Өлеңдер, дастандар, қара сөздер/ – Алматы, 1988. – 121-125 бб.

3 бөлім

Шәкәрімтану мұрасы

*Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақжолдан айнымай,
Ар сақта оны біл.
Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз,
Өнерсіз,
Болады ақыл тұл.
Мақтанға салынба
Мансаптың тағзы үшін
Нәпсіңе билетпе
Басыңның бағзы үшін.
Өміріңді сарып қыл өлгеніңше,
Жоба тап,
Жол көрсет,
Келешек қамы үшін.
Қайтадан қайырылып,
Қауымға келмейсің.
Барыңды ,
Нәріңді,
Тіршілікте бергейсің.
Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң –
Шын бақыт,
Осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің*

Шәкәрім Құдайбердіұлының тәліми көзқарастары туралы бірер сөз

Жақын арада Семейде, Қарауылда, Жидебайда Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиевтің 100 жылдық мерейтойы аталып өткен еді. Ол кісі өмірбақи әкесінің мұрасын теріп-жинақтап баспаға дайындап, табылған қазынаны Абай мұражайының қорына өткізіп, бірақ, өкінішке орай Шәкәрімнің аты мен шығармашылығы ақталуын көре алмай кеткен жан еді. Ахат ағай өзі де суырып салма ақын болған, Кеңес Одағының 60 жылдығына арналған айтысқа қатысқан, Қазақстан республикасына еңбегі сіңген мұғалім еді. Ұлы адамның асыл тұяғы бар ғұмырын аталар аруағы мен халқының алдындағы борышын атқаруға сарп еткен еді...

Қазақтың тәлімдік ой-пікірлері көшпелі елдің бала тәрбиелеудегі тәжірибесін жинап-сақтап ғылыми педагогиканың бастау бұлағы болғаны дау тудырмайтын жәйт. Халықтық тәлім-тәрбиенің ғылыми педагогикадан айырмашылығы оның тәжірибелік бағытта екендігінде, сонда, халық тәрбиесі дегеніміз ең алдымен жанұядағы тәрбие тәжірибесі болғанына күмән жоқ. Ақын-ағартушы Шәкәрімнің көзқарастары қыр халқының жас ұрпақты өсіру мен оқытып тәрбиелеудегі талаптарына сүйеніп негізделген. “Түрік, қазақ-қырғыз һәм хандар шежіресінде” Шәкәрім өзінің тұлға ретінде қалыптасуына демеуші болған үш кісінің есімін атаған. Солардың біріншісі – үлкен атасы тобықты руының биі Құнанбай қажы Өскенбайұлы. Ерен әділдігімен ел ортасында құрметке бөленген Құнанбай қажының отбасы елге үлгі болып, бала тәрбиелеуде өз дәстүрлерімен ерекше көзге түсетін. Бұл ошақта Абай, Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия сияқты ақындар дүниеге келді. Шыққан тегіне, дәулет-байлығына мастанбай қажы әулеті балаларының әрбіреуі киіз үйді құру мен бұзу, бүркіт салу, аң аулау, құс ату, ет бұзу, темір-терсек соғу, арба мен сағат жөндеу, бұдан да басқа тұрмыс жұмыстарын атқарған. Үлкен атасы немере-шөбересінің ақыл-ойын, санасын, мінез-құлқын, қол өнерін халықтың әдет-ғұрпын сақтай тұрып ретімен дамыта білген.

Туған жұрттың өсіп-өнуін армандаған, келешек ұрпақты тәрбиелеу тәсілдерін іздеген, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына қамқорлық жасауды көздеген Шәкәрім өзі шыққан отбасының, атасы Құнанбайдың тәліми тәжірибесін үлгі тұтты. Атасынан кейін ол ағасы Абайға соның жетелеуімен ержеткені үшін ризалық білдірген. Ұлтының мақтанышы болған ағалы-інілі тек қан жағынан туыс болып

қоймай, олардың жан сырлары, рухани ізденістері ұштасып жатты. Әдебиетке біртабан жақын болған Шәкәрім жастайынан ақыл кені болған халықтың ауыз шығармаларын: жырлар мен өлеңдерді, айтыс пен термені, қисса мен дастандарды көп білуге тырысты. Фольклор арқылы ақын туған даланың әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын, тарихын жетік білді десек, дау тумас. Сынды көзбен қарап қазақ елінің этнопедагогикалық талаптарын өз бойына сіңірді. Халықтық тәлім-тәрбиеден ғылыми педагогикаға жол алғанының бір белгісі – 19 жасынан бастап Шәкәрімнің шежіре жинауға кірісуі. Бұл еңбектің мақсаты тек қазақ рулары мен хандары, жүздері мен батырлары тарихын зерттеп игеру емес-тін. “Шежіреде” ақын-педагог тарихи оқиғаларға орай өз түсініктерін айқындап, қазақ жастарының тарихи санасын, өзіндік этникалық санасын жетілдіру мақсатын көздеген-ді.

Фольклор арқылы ақын қыз бала мен ұл бала тәрбиелеудегі ата-ана ролін, әке-шешеге деген балалардың сүйіспеншілігін, әйелге деген қамқорлықты, адам өмірінің құндылығы мен маңызын тапты. Ауыз әдебиеті қазақ халқының қоғамдық өмірін қалыптастырудағы, елді бірлікке, жұртшылықты адалдыққа, адамгершілікке баулаудағы әсері туралы ол әңгіме етіп тұратын. Жастар өзінің туып-өскен жерлерінде осындай шығармалардың бар болғанын біліп, адамгершілікті жоғары дәріптеген туыстарынан тәлім алсын деп ойлаған. Шәкәрім шығармаларында туған қоғамның педагогикалық тәжірибесінен алынған афоризмдер жиі кездеседі. Халық мақал-мәтелдерін қолдануымен қатар өзі де көптеген нақыл сөздердің авторы болған. Шәкәрімнің ұлы Ахат Қазақстан Ғылым Академиясына 200 жуық мақал-мәтелдерін жинап тапсырған. Кейбір халықтың дана сөздерін өзгертіп, педагогикалық реңін /нюансын/ жаңғыртып, жастардың сезімі мен санасына әсер етуін күшейткен.

Халық мақалы:	Шәкәрім мақалы:
Еңбек етсең емерсің	Ерінбеген емер,
Ұрыспай айрылған – жараспаққа жақсы	қажымаған жеңер
Шебердің қолы ортақ, ақынның сөзі ортақ	Ұрыспай айрылған – ұялмай көріседі
	Шешеннің нақылы ортақ, көсемнің ақылы ортақ

Шәкәрімнің өз мақалдары:

қорқаққа пана болмас қалың тоғай,
жалқауға бүгінгіден ертең оңай;

сыйлай берсең сараң да мырза болады;
жақсы жүрген жеріне кент салар,
жаман жүрген жеріне өрт салар;
тасын ала берсең тау да таусылады,
тамшысын ала берсең көл де таусылады.

Шәкәрім нағыз таза ұлттық ортадан шығып, дала педагогикасы объектісі болып, ұлттық рухтағы тәлімді өз басынан өткізген кезі келгенде ұлттық пен жалпы адамдық педагогиканың субъектісі мен зерттеушісіне айналды.

Неше тіл білсең - сонша рет адам боласың дейді халық нақылы. Таза қазақы ортадан шыққанына қарамай ақын араб, парсы, татар, шағатай, өзбек, орыс тілдерін еркін меңгерген. Оның лингвистикалық талаптары дүние жүзіндегі елдердің ғұламаларымен таныстырып, солардың демократтық, гуманистік идеяларына сәйкес өзіндік көзқарастарын түйіндеуге мүмкіндік берді. Шәкәрім Шығыс және Батыс мәдениетін меңгеріп, жалпыадамдық құндылықтарды, соның ішінде этнопедагогикалық, этнопсихологиялық, моральдық концепцияларды философиялық лирикасында, ғылыми аңсарларында /трактат/ шынықтырып дамытқан.

Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ елінің психологиялық ой-пікірлерін дамытқан ғұламалардың бірі. Бұл мәселелер арнаулы зерттеулерді күтуде. Біздің алдымызға қойған мақсат – ақын-ойшылдың тек қана педагогикалық психология шеңберіндегі көзқарастарын шолып өту.

Шәкәрімнің психологиялық тұжырымдамалары – оның көп жыл бойы Шығыс пен Батыс мәдениетін танып білуінің нәтижесі. Ақынның психологиялық көзқарастары философиялық лирикасында, “Үш анық” және “Мұсылмандық шарты” аңсарларында айқындалған. Психологияға деген қызығушылық оның 1919 ж. қазақ тілінде шыққан психология оқулығына пікір жазуға себеп болды /осы пікірдің үзіндісі ҚазМУ проф. Қ. Жарықбаев архивінде бар/. Шәкәрім өз ғылыми терминдерін ұсынған: “Жан сыры” деп аталған “психология” деген пән. /Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шығармалары. Алматы, Ғылым, 1988, 340 бет/.

Ең алдымен ақынды психологияның философиялық негіздері қызықтырған. Ол өзінің жан туралы, жанның қасиеттері мен қажеттіліктері туралы түсініктерін философияның негізгі мәселесімен ұштастырып қараған. Материя мен сананың қарым-қатынасы туралы сұраққа идеализм тұрғысынан жауап бере тұра, бар болмыстың себепкері жаратушы-құдай деп, Шәкәрім тек өзіне тән дәлелдерді келтіреді. «Жан тән жасар, тән жанды жарата алмас... Жан - қожа, тән

дегенің - жанның құлың. /Шығармалары, 139 б./ “Тән – терезе, қарайтын жан иесі” Психологияның күрделі мәселесін қарапайым сөзбен түсіндіру – ақынның ағартушылық бағытының белгісі.

Психологиялық мәселелерді ол материалистік тұрғыдан қарастырған. “Дене сауат сықылды жанның орны, дене мен жан екі басқа, жан мен тән - қосылған ерлі-қатын” /Шығ., 200-201/.

Ойшылдың философиялық «жан» түсінігі гносеологиялық “рух, идея, ақыл” түсініктеріне сәйкес келеді. Философияның негізгі мәселесі ішінде жан мен тән, материя мен сана бір-біріне қарама-қайшы, бұл таза материализм белгісі емес пе?

Шәкәрімнің аңсарларында диалектикалық материализмнің басқа да белгілері кездеседі: “...Жан дене сияқты емес... Екеуі бірігіп тұрған кезде бірі-біріне қатты әсер береді. Жан мен дене бір-біріне, тіпті басқа түрмен болса да, жаратушы ол екеуін бірі-біріне әсер беретін қозғалыстан болғызған, жаңа денесімен әсер беріп, денені жан әсерімен қозғалыс қылғызған” /Үш анық, 13 б./

Ақын-ғалым ғылыми тұрғыдан дене мен рухтың, тән мен психиканың бірлігі мен қарама-қарсылығын түсіндірген. Жеке тұлғаның ”мен“і – оның денесіндегі жаны, - деп санаған Құдайбердіұлы. Адам, оның пікірінше, физиологиялық және психологиялық процестердің, рух пен дене қызметтерінің бірлігі, ажыратылмастығы.

Біздің ойымызша, Шәкәрім И. М. Сеченов және И. П. Павловтардың еңбектерімен таныс болған “...Дененің арасы сезімнің орта тұрағы, центрі мида, ол тоқтаса бәрі де тоқтайды. Сол мидағы орта тұрақпен мұқұм денелер арасындағы сезетін, қимылдататын тамыр-сіңірлерге тұтастыратын бір жалғастық /проволкі/ бар”. /Үш анық, 12 б./ “...Ми, жұлын, электрия қуаттарын жинайтын лаео бөтелкесі батарея сауыттары сияқты жанның тұрағы, ол бұзылса электрия кеткен сияқты жан да кетеді” /сонда, 31 б./

Өз заманына сай ғылыми көзқарастарға ие болған ағартушы адамның психикалық қызметінің табиғатын ашқанда, таным процестерінің механизмін көрсеткенде діни түсініктерден аулақ болған. Осы орайда айтып кеткен жөн болар: Шәкәрім орта ғасырлардағы ұлы түркі ғұламасы, энциклопедист әл-Фараби және қазақ ойшылы Абай салған жолмен жүріп, солардың ой-пікірлерін дамытса, Шәкәрімнің еңбектері Ж. Аймауытов пен М. Жұмабаевтардың оқулықтарына жол сілтейді.

Психикалық қызметтің формалары туралы ойларында Шәкәрім гилозоистармен панпсихистарға бір табан жақын. Оның ойынша, жан адамдарда да, жануарларда да, өсімдіктерде де бар, бірақ, өсімдік пен

хайуанат әлемінде түйсік дәрежесі төмен болады. Шәкәрімнің адам танымы мен жәндіктердің психикасының сапалық айырмашылығы туралы жазған ойлары қазақ қоғамындағы гносеология дамуындағы жаңа сөз, жаңа саты ретінде Қазақстанның ғылыми психологиясының негізін қалағаны анықтан анық.

Ойшыл-рационалистің ерекше назарын аударған мәселенің бірі – таным процестерінің табиғаты, түп-тамыры. “Біз әр нәрсені денедегі сезімімізбен білеміз. Мұқым барлықтың бәрі жаралыс жолмен еріксіз бар болып жатқанын көріп, біліп тұрамыз... Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек, мұрын иіс, тіл дәмнен хабар бермек. Бесеуінен мидағы ой хабар алып, жақсы, жаман, әр істі сол тексермек.” (Шәкәрім. Үш анық.)

Ақын-философ шығармаларында таным процестері материалистік диалектикадағыдай белгілі үш дәреже, сатыларға бөлінбеген.

Сонымен, Ш. Құдайбердіұлы халықтық тәлімді сынды електен өткізіп, дүниедегі сан түрлі педагогикалық тұжырымдарды жан-жақты қарастырып, этникалық және ғылыми педагогикалық ой-пікірлерді өзара байланыстырып туған қоғамының қазынасына айналдырды.

Шәкәрімнің тарихи, ғылыми, философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары Қазақстан ғылымының негізін салған кәсіби педагогтар, психологтар, философтар мен тарихшылардың ойларының қайнар көзі болды.

Құдиярова Анна Мергенбайқызы

*“Дарын” әлеуметтік-гуманитарлық институтының
ректоры, профессор*

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ЖӘНЕ ТҮРІКШІЛДІК

Тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ жұртына есімдері тарихта беймәлім болып келген біртуар дара тұлғалардың өмірін, халық үшін атқарған қызметтерін жан-жақты зерттеп, олардың әрқайсысын халық арасында терең насихаттап отыру – бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселе.

Міне осылардың алдыңғы қатарында есімі халқына қайта оралған дала философы, тарихшы, аудармашы, музыкант Ш. Құдайбердіұлы тұрады. Ш.Құдайбердіұлы Абайдың реалистік дәстүрлерін жалғастырған, эпикалық жанрдың дамуына зор үлес қосқан ірі ақын және ойшыл болды. Шәкәрімнің әдеби творчествосы идеялық - тақырыптық мазмұны өзінің ауқымдылығымен де, көркемдік қуатының молдығымен де ерекшеленеді. Оның творчестволық мұрасы мол және ол ХІХ-ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Бұл мұра ұзақ жылдардағы “үнсіздік” пен нақақ жаладан кейін халыққа қайта оралды. Ұлы Абайдың ақын шәкірті, ет жақын інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы өз алдына бір әлем. Халқына қайта оралған мол қазынасы ғылыми зерттеліп, әлі де болса бір ізге түсе қойған жоқ. Шәкәрім өмірінің толысқан кезі бүкіл Ресей мен қазақ даласындағы болып өткен ірі оқиғалар мен үлкен өзгерістерге тұспа – тұс келген еді. 1905-07 жылдардағы төңкерістер мен Столыпин реакциясының ауыртпалығы, 1914 жылғы бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы қазақ даласындағы дүрбелең оқиғалар, 1917 жылғы Ақпан, Қазан төңкерістері, сонымен бірге ақын өскен Шыңғыстау, Семей өңіріндегі Қолчак ылаңы, аласапыран заманында дүниеге келіп, туған халқының арашасы болған қазақ зиялыларының Алаш қозғалысы, қазақ даласында Кеңес өкіметінің орнауы, оның саясатындағы адам төзгісіз бұрмалаулар мен асыра сілтеушілік, 1920-21 жылдардағы ашаршылықтар, 1928 жылғы конфискация науқаны ақын көзқарасында өз ізін қалдырады. Осы кезеңде Шәкәрім Семей қаласында ұлтымыздың рухани көсемдері–Ә.Бөкейханов, Ж. Аймауытов, М. Әуезовтермен бірге “Алаш” атты қозғалысқа араласады.

Шәкәрімнің өмірі мен жазушылық қызметі Семей қаласымен тікелей байланысты. Семей топырағы Қазақстанға ғана емес, бүкіл әлемге ерекше танымал, себебі, Семей жері - ХХ ғасырдың басында Қазақстандағы ірі мәдениет ошақтарының бірі болды. ХІХ ғасырдың

соңы мен ХХ ғасыр басында Семей өңірінде шыққан газет-журналдардың беттерінде елдің тарихы, саяси-шаруашылық, мәдени мәселелер жайында мақалалар жарияланып тұрған. Шәкәрім осы кезеңдегі баспасөз беттеріндегі С.Торайғыров, С. Дөнентаев, Ж. Шанин, Р. Мәрсеков, Ш. Тоқжігітов т.б. қазақ зиялыларының шығармаларымен жақсы танысып отырған.

